Шартты отынға бірге жағу және қазандықтың максималды жүктелімі кезінде құрғақ түтін газдар көлемі $V_{\text{кг}} = V_{\text{кг1}} * ?_{\max} + V_{\text{кг2}}(1 - ?_{\max})$ формула бойынша анықталады және осы Әдістеменің 5 тармағы бойынша құрғақ түтін газдар көмір және табиғи газ үшін көлемі анықталады:

$$V_{\text{кс1}} = 0,365 * 29,33 = 10,705 \text{ м}^3/\text{кг шарт.отын}$$

$$V_{\text{кс2}} = 0,345 * 29,33 = 10,119 \text{ м}^3/\text{кг шарт.отын}$$

$$V_{\text{кс}} = 0,2 * 10,705 + 0,8 * 10,119 = 10,236 \text{ м}^3/\text{кг шарт.отын.}$$

Шартты отынға бірге жағу және қазандықтың орташа жүктелімі кезінде құрғақ түтін газдар көлемі $V_{\text{кг}} = V_{\text{кг1}} * ? + V_{\text{кг2}}(1 - ?)$ формула бойынша анықталады және бұл ретте құрғақ түтін газдар көлемі көмір және табиғи газ үшін алдыңғы жағдайдағы сияқты сол күйінде қалады Сондықтан


$$V_{\text{кс}} = 0,08 * 10,705 + 0,92 * 10,119 = 10,116 \text{ м}^3/\text{кг шарт.отын}$$

Максималды шығарындылар мынадай қатынас бойынша анықталады:


$$M_{\text{NO}} = 518 * 10,236 * 40 * 0,278 * 10^{-3} = 58,96 \text{ г/с}$$

Дүркін шығарындылар M_{NO_x} мына қатынас бойынша анықталады

$$M_{\text{NO}_x} = 287 * 10,166 * 213000 * 10^{-6} = 621,5 \text{ т.}$$




1 сурет – азот оксиді концентрациясының көмірді жағу кезіндегі қазан жүктемесіне тәуелділігі




2 сурет - азот оксиді концентрациясының газды жағу кезіндегі қазан жүктемесіне тәуелділігі


Кс




1 сурет – негізгі оттықтан бөлек берілетін ауаның үлесіне тәуелді ϵ_2 коэффициентінің мәні




2 сурет – жоғарыжылдамдатқыш жану камерасы үшін турбина алдындағы газдардың температурасынан k_T коэффициентінің тәуелділігі



3 сурет - микрофакельді жану камерасы үшін турбина алдындағы газдардың температурасынан k_T коэффициентінің тәуелділігі



4 сурет - жану камерасындағы ылғалдылықтың (бу немесе су) салыстырмалы шығынынан $k_{\text{БЛ}}$ коэффициентінің тәуелділігі



5 сурет – жанармайдың келтірілген күкірттілігі мен суаратын судың сілтілігіне байланысты ылғал күлтүтқыштардағы күкірт оксидін ұстау дәрежесі

Машина жасау кәсіпорындарының негізгі технологиялық жабдықтарынан атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың жалпы шығарындысын есептеу әдістемесі Жалпы ережелер

1. Осы әдістеме машина жасау кәсіпорындарында атмосфераға зиянды заттың эмиссиясын анықтау үшін бірыңғай әдістерді белгілеу мақсатында әзірленді. Олардың мәндері технологиялық процестер мен жабдықтардың экологиялық сипаттамаларын анықтау кезінде олардың сарапшылық бағалауында, түгендеу барысында шығарындыларды есептеуде, статистикалық есептілік формаларын толтырғанда,

атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуде жекелеген кәсіпорындар үшін және бүкіл сала үшін бастапқы мәндер ретінде қолданылады.

2. Осы Әдістемеді келесідей негізгі түсініктер қолданылады:

1) зиянды заттардың шоғырлануы:

салмақтық - ауа көлемі бірлігіндегі табиғи зат салмағы;

көлемдік - талданатын газ көлемі бірлігіндегі зиянды зат көлемі;

2) сынама - талданатын материалдың заттық немесе химиялық құрамын көрсететін бөлігі;

3) зиянды заттың жол беруге болатын шекті шоғырлануы - жекелеген салдарын қосқанда мезгілді түрде әсер еткенде немесе адамның бүкіл өмірінде оған және бүкіл қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін белгілі бір орташаланған уақыттағы атмосферада зиянды заттың максималды шоғырлануы;

4) зиянды зат - атмосферада болғаны қоршаған ортаға және адамдар денсаулығына жағымсыз әсерін тигізетін зат;

5) жол беруге болатын шекті шығарынды - ластау көзінен немесе олардың жиынтығынан шығатын атмосфералық ауаның жерге жақын қабатындағы ластаушы заттардың мөлшері халық үшін, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін ауа сапасының нормативпен аспайтындай етіп белгіленген норматив;

6) шығарындыларды түгендеу - аумақтағы зиянды заттар шығарындыларының көздерін бөлу, шығарындылар мөлшері мен құрамы жөнінде мәліметтерді жүйелеу;

7) зиянды заттар шығарындыларының ұйымдастырылған көзі - шығарылатын газ құрамындағы (вентиляциялық ауадағы) зиянды заттар газ айдау немесе ауа өткізу (күбыр, аэрациялық шам, желдету шахтасы және т.б.) жүйесі арқылы атмосфераға шығарылатын шығарындылар көзі;

8) зиянды заттар шығарындыларының ұйымдастырылмаған көзі - егер шығарынды көзі ғимараттан тыс, немесе желдету жүйесімен жабдықталмаған (бұндай көздерге технологиялық процестер, операциялар, жабдықтардың өздері, сусымалы және сұйық заттарды сақтау орындары, сондай-ақ газ шығару жүйесімен жабдықталған жабдықтардың герметикалығының бұзылуы және газшығару жүйесінің бұзылуы жатады) немесе есік, терезе арқылы қосымша жылдамдық пен шығарынды көзін беретін қондырғылардан өтпей тікелей атмосфераға шығарылатын зиянды заттар шығарындыларының көзі;

9) зиянды заттардың ұйымдастырылмаған шығарындылары - ұйымдастырылмаған шығарындылар көздерінен зиянды заттар шығарындылары;

10) зиянды заттардың үлестік шығарындылары - есептік немесе аспаптық жолмен анықталатын бірлік жабдықтың уақыт бірлігінде, өнім бірлігін шығару немесе өңдеу

кезінде технологиялық процесс барысында (бірлік мөлшердегі шикізат немесе жартылай өнімді қайта өңдеу кезінде, отын салмағының бірлігі орын ауыстырғанда, энергия бірлігін өндіргенде) бөлінетін зиянды зат салмағының көрсеткіші;

11) вентиляция - жұмыс бөлмесінің ауасында тиісті параметрлерді (гигиеналық, технологиялық, жарылыс, өртқауіпті) сақтауға көмектесетін ұйымдастырылған ауа алмасу, сондай-ақ ауа алмасуды іске асыруда техникалық құралдар кешені;

12) жергілікті сорғыш вентиляция - шығарынды көздерінен ластанған ауаны шығару үшін жергілікті сорғу жүйелері;

13) жалпы алмасу вентиляциясы - жұмыс бөлмесінен зиянды заттары бар ауа ағынын тікелей атмосфераға немесе газ шығару (ауа шығару) жүйесіне шығаруға арналған жабдықтар кешені;

14) табиғи вентиляция - ауа алмасу не сыртқы және ішкі ауаның (температураның) тығыздығының әртүрлілігінің әсерінен, не желдің әсерінен, не олардың бірлескен әсерінен жүзеге асырылады, сондай-ақ осындай ауа алмасуды іске асыру үшін техникалық құралдар кешені болып табылады;

15) механикалық мәжбүрлік вентиляция - ауа қозғалысын қозғаушылардың (вентиляторлар, компрессорлар, эжекторлар және т.б.) көмегімен жүзеге асырылатын ауа алмасу, сондай-ақ осындай ауа алмасуды іске асыру үшін техникалық құралдар кешені;

16) желдету жүйесі - вентиляторлардан, ауа бөлу немесе ауа қабылдау құралдарымен, ауаны тазалау жүйесімен, реттеу және бақылау құралдарымен жабдықталған ауа шығару желілерінен тұратын ауа алмасуды іске асыру үшін техникалық құралдар кешені;

17) атмосфераға зиянды заттар түзілу және бөлу көзі - өндірістік цикл барысында бөлінетін зиянды заттар түзетін технологиялық жабдық (қондырғы, агрегат, станок, машина, құрал-жабдық және т.б.) немесе технологиялық процесс, операция (сусымалы материалдарды арту, түсіру, қалдықтардың тасуы, ұшпалы заттардың төгілуі және т.б.) ;

18) газтазалау қондырғысы - шығарылған газдан немесе желдеткіш ауасынан зиянды компонентті (қатты, сұйық немес газ тәріздес) бөліп алу процесі жүзеге асырылатын газ тазалау қондырғысының элементі;

19) зиянды заттардың жалпы шығарындысы - есепті мерзім ішінде атмосфераға шығарылатын зиянды заттар бөлінділерінің жалпы бөлігі;

20) газ құбыры (ауа өткізгіш)- газды тасымалдауға арналған өзара жалғасқан құбырларлардан тұратын сызықтық имарат;

21) газдық қалыптың қалыпты жағдайы - ?С температураға және 101,325 кПа қысымға келтірілген газдың жағдайы;

22) газдық қалыптың стандартты жағдайы - 20°C температурада және 101,325 кПа қысымдағы газдың жағдайы;

23) газдық қалыптың жұмыс жағдайы - белгіленген температура мен қысымдағы газдың жағдайы.

3. Машина жасау кәсіпорындарында зиянды заттарды бөлу көздері

Машина жасау кәсіпорындарында өнім шығару кезінде бөлінетін зиянды заттар көп түрлі. Бұл технология деңгейімен және осы кәсіпорындағы жұмыс мәдениетіне, сондай-ақ онда қолданылатын технологиялық жабдықтар номенклатурасына және негізгі және қосалқы өндіріс процестеріндегі бастапқы материалдарға да байланысты.

Саладағы кәсіпорындардың атмосфераны ластаудың негізгі көздеріне құю цехтарының технологиялық жабдықтары; бояу-сырлау, химиялық және электрохимиялық қаптамалармен жабындау учаскелері мен цехтары; энергетикалық қондырғылар; термиялық және ұсталық цехтар, материалдарды механикалық өңдеу цехтары мен учаскелері, металдарды дәнекерлеу және кесу, металл емес материалдарды өңдеу, қозғалтқыштарды сынақтан өткізу және т.б. жатады.

Шығарынды газдар мен жергілікті сорғыштардағы аспирациялық ауада әртүрлі минералдық және органикалық тозандар; кара, түрлі түсті және сирек металдар мен олардың құймаларының оксидтері; көміртек, күкірт, азот оксидтері мен қосындылары; қышқылдар, сілтілер, органикалық заттар мен олардың қосындыларының булары мен тұмандары; майлар мен эмульсиялардың аэрозольдары болады. Бұлардың көпшілігі осы кәсіпорында жұмыс істейтін адамдар мен оның жақын маңында өмір сүретін халық денсаулығына едәуір зардабын тигізуі мүмкін. .

4. Технологиялық жабдықтардан шығатын газдардағы, жергілікті сорғыштар мен қоғамдық желдеткіштерден шығарылатын ауадағы зиянды заттардың шығарындыларын анықтау түрлі әдістемелер бойынша жүзеге асырылады және олардың қайсысы қолданылатындығы мен таңдалуы ластанған ағынның негізгі қасиеттерімен тікелей байланысты.

5. Технологиялық циклдардың негізгі және қосалқы өндірістік операцияларынан бөлінетін зиянды заттардың үлестік шығарындыларының құрамы мен мөлшері 2 тарауда сипатталады. Осы негізгі технологиялардан бөлек зауытта тек осы кәсіпорынға ғана тән және жалпылама сипат алмайтын басқа да зиянды заттарды бөлу көздері болуы мүмкін.

6. Атмосфераға зиянды заттардың бөлінуі технологиялық жабдық жұмыс істеп тұрған кезде жүзеге асырылады. Сондықтан, жалпы шығарындыларды анықтау жұмыс істеп тұрған кәсіпорынға жабдықтарының іс жүзіндегі жұмыс қорына байланысты, ал тиімді жұмыс қоры жоспарланған жобаланып отырған объекті үшін саладағы қолданыстағы нормативтер бойынша қабылданады.

2. Ағын параметрлерін өлшеу нәтижелері бойынша бөлінетін зиянды заттардың салмағын анықтау

7. Негізгі ережелер

Технологиялық жабдықтардан шығарылатын ластанған ауа ағынының көлемдік шығынын және оның құрамындағы зиянды компоненттер мөлшерін анықтау Казгидрометпен бекітілген бірыңғай әдістемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған әдістемелер өз өндірістерінің ерекшеліктерін ескере отырып саласына қарай анықталатын оларды пайдалану шарттарының варианттарынан тұрады.

8. Газдардың немесе вентиляциялық ауаның сынамасын алу орны, олардың саны мен орналасу орны технологиялық агрегаттар мен жабдықтардан шығатын зиянды заттар мөлшері жөнінде толық және нақты ақпарат алу шартына қатысты таңдалады. Өлшеудің бірінші кезектілігі заттардың адам ағзасына аса қауіптілік деңгейіне байланысты айқындалады.

9. Өлшемдерді жүргізу мерзімділігі және олардың дәлдігін бағалау.

Зиянды заттардың шығарындыларын анықтау үшін ластанған ағындардың параметрлерін өлшеу уақыт бірлігінде таралуы керек және атмосфераның ластау көздерін – технологиялық жабдықтардың немесе процестердің өндірістік циклының барлық деңгейлерін көрсетуі тиіс. Шығарындылар орташа тәуліктік параметрлер мәндері: концентрация және көлемдік шығын бойынша есептеледі.

10. Өндірістік шығарындыларда зиянды заттардың концентрацияларын өлшеу технологиялық жабдықтың іс жүзіндегі жүктелген режиміне, өндірілетін шикізат пен жартылай өнімнің тұрақты номенклатурасына, вентиляциялық қондырғылардың қалыптасқан жұмысына және газтазалу, тозаң ұстау қондырғыларының тиімді жұмысына жасалады. Осы параметрлердің барлығы жұмыс журналдарында тіркелуі тиіс.

11. Өзгерген жүктеме нәтижесінде уақыт бойынша тұрақсыз зиянды заттармен, шикізат, жартылай өнім және т.б. сапаларының вариацияларымен жұмыс істейтін технологиялық жабдық үшін (агрегаттар, станоктар және т.б.) зиянды заттардың концентрацияларын және ағынның басқа да параметрлерін өлшеу осы ауытқушылықтардың максималды, минималды және басым түсетін мәндеріне орындалады. Жабдықтың жұмыс режиміндегі ауытқу шамасы, шикізат пен жартылай өнім сапасы, технологиялары – өнімді дайындау және т.б. жабдықтың жұмысының және шикізат пен материалдардың шығынын есепке алатын оперативті журналдар бойынша белгіленеді.

Осы ауытқушылықтар тұрақты болған жағдайда өлшеулер технологиялық жабдық жұмысының іс жүзіндегі режимінде жүргізіледі.

Осы және басқа да жағдайларда концентрацияларды өлшеу сынама алудың бүкіл мерзімі ішінде 1 ғана сүзгішке сынама алу (сіңіретін ыдысы және т.б.), сондай-ақ

әртүрлі сүзгіштерге сынама алу арқылы жүзеге асырылады. Үздіксіз сынама алу уақыты 10-30 мин құрайды, жиілігі бойынша өзіне тән зиянды заттардың бөлінуі, өндірістік цикл сатысы сынама алу процесіне түсуін қамтамасыз ететін интервалда, бірақ екі сағатта 1 реттен сирек емес түрде жүргізіледі.

Бұл жағдайда зиянды заттың орташа тәуліктік концентрациясы орташа арифметикалық шама ретінде есептеледі:

, (2.1)

мұндағы C_1, C_2, \dots, C_n - концентрация шамаларының жекелеген өлшемдері $г/м^3$, $мг/м^3$;

n – өлшеу саны.

12. Зиянды заттардың шығарындыларының және өндірістік цикл, өлшеулер барысында газдардың алмасу шығындарының күрт өзгеруімен сипатталатын технологиялық жабдықтар мен процестер үшін шығарылатын газ ағынындағы немесе вентиляциялық ауаның компоненттерінің концентрациялары өндірістік циклдың барлық сатыларында орындалады (мәселен, балқытылатын агрегаттар үшін бұл шихта топтамасын күйдіру, металды балқыту және құю, т.б. кезеңдері). Өзгерістер барлық процесс кезінде бір ғана сүзгішке (сіңіргіш ыдыс), сондай-ақ әртүрлі сүзгіштерге сынамалар алу жолымен жүзеге асырылады. Өндірістік циклдың әрбір кезеңі үшін өкілетті сынамалар алуды қамтамасыз ететін үздіксіз сынама алу уақыты 10-30 мин құрайды.

Мұнда зиянды заттың орташа тәуліктік концентрациясы орташа өлшенген шама ретінде есептеледі:

$$C_{ср} = \frac{C_1Q_1 + C_2Q_2 + \dots + C_nQ_n}{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n} = \frac{\sum_{i=1}^n C_i Q_i}{\sum_{i=1}^n Q_i}$$

, (2.2)

мұндағы C_1, C_2, \dots, C_n , - отдельные измерения величин концентрацияның шамаларының жекелеген өлшемдері, $г/м^3$, $мг/м^3$;

Q_1, Q_2, \dots, Q_n - концентрацияны өлшеу кезеңіндегі газдың (ауаның) көлемдік шығындары, $м^3/ч$.

13. Шығарылған газдардағы немесе вентиляциялық ауадағы зиянды заттардың орташа концентрацияларының мәндері бойынша технологиялық жабдықтың жұмысының іс жүзіндегі режиміндегі және шикізат пен өнім сапасы көрсеткіштеріндегі зиянды заттардың секундтық мөлшері өлшенеді.:

$$M_{\phi}^{D_i} = C_{\phi}^{D_i} * Q_{\phi}$$

, (2.3)

мұндағы

$$M_{\phi}^{D_i}$$

- технологиялық жабдықтың жұмысының іс жүзіндегі режиміндегі зиянды зат салмағының секундтық мөлшері, г/с;

$$C_{\phi}^{D_i}$$

- технологиялық агрегаттың жұмысының іс жүзіндегі режиміндегі қалыпты жағдайға келтірілген шығарылатын газ немесе вентиляциялық ауа көлемі, м³/с.

Өндірістік шығарындылардағы зиянды заттардың секундтық мөлшері осы сияқты есептеледі.

14. Атмосфераны ластау көзінде газтазалау қондырғысы болмаған жағдайда өндірістік шығарындыларда зиянды заттардың орташа концентрацияларының шамалары ретінде шығарылатын газдар немесе вентиляциялық ауадағы зиянды заттардың орташа концентрацияларының мәндері қабылданады.

Өлшенетін шаманың шын мәніндегі мәні белгісіз. Сондықтан, талдаулар жүргізген кезде бір шамаға бірқатар өлшеулер жүргізеді. Бұл өлшемдер бірлестігі вариациялық қатар аталынады және әрбір жеке қорытынды варианттар делінеді.

Вариациялық қатардың орташа арифметикалық шамасы өлшенетін параметрдің орташа мәнін береді, ол келесі теңдеумен анықталады

$$\bar{X} = \frac{\sum_{i=1}^n X_i}{n}$$

, (2.4)

мұндағы X_i ~ жекелеген өлшемдердің бір-біріне тәуелсіз қорытындылары;

n - өлшем саны.

Сонда өлшеу қателігі орташа арифметикалық шама мен нақты өлшеу қорытындысының айырмасы ретінде анықталады:

(2.5)

және абсолюттік қателік деп аталады. Алайда алынған нәтижелердің сапасын өлшенетін шаманың орташа арифметикалық мәніне қатысты X_i абсолюттік қателік емес, әдетте, пайызбен сипатталатын салыстырмалы қателік деп аталады.

, (2.6.)

Барлық абсолюттік қателіктің орташа арифметикалық шамасы олардың белгілеріне тәуелсіз орташа абсолюттік қателік

$$\Delta X_{\text{ср}}$$

деп аталады, ал оның вариациялық қатардағы орташа арифметикалық шамаға қатынасы – орташа салыстырмалы қателік аталады.

15. Өлшемдердің қорытындыларының дәлдігі орташа квадраттық ауытқу шамасы бойынша келесі формулада бағаланады:

$$S = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2}{n-1}}$$

, (2.7.)

Өлшем едәуір көп болған жағдайда n , шама статистикалық шек болып табылатын G кейбір тұрақты мәнге ұмтылады. Осы шек орташа квадраттық қателік деп аталады, ал оның квадраты – өлшем нәтижелерінің дисперсиясы. S шамасын әрбір жекелеген өлшемге жатқызады. Вариациялық қатардың орташа квадраттық ауытқуы үлкен қызығушылық тудырады, оның S_x мәнін және G_x қателігіні теңдік бойынша анықтауға болады:

$$S_{\bar{x}} = \frac{S}{\sqrt{n}}$$

(2.8.)

$$G_{\bar{x}} = \frac{G}{\sqrt{n}}$$

(2.9.)

Орташа квадраттық қателік G пен орташа абсолюттік қателік $\Delta X_{\text{ср}}$ арасында сандық тәуелділік болады

$$G = 1,253 \Delta X_{\text{ср}}, \quad (2.10)$$

16. Өлшемдердің шектеулі мөлшерінен алынған статистикалық сипаттама жақындатылған болып табылады. Сондықтан бағалаудың мүмкін болатын қатесінің шекаралары көрсетілгенде ғана оның маңызы болады. Бұл шекараларға $X - \Delta X$ және $X + \Delta X$ мәндері арасындағы интервалдар жатады және олар сенім білдіретін интервалдар атанады. Өлшенетін шаманың шынайы мәні таңдалған статистикалық ықтималдылығымен P осы сенім білдіретін интервалдың ішінде болады. Өлшемдер

нәтижесі шынайы мәнінен сенім білдіретін интервал шегінен аспайтын шамаға ерекшелену ықтималдығы сенім білдіретін ықтималдылық немесе сенім коэффициенті аталады және бұл шарт төмендегідей түрде жазылады:

, (2.11)

Жаппай өндірістік өлшемдер үшін басымырақ мәндер 68,3 және 90%-ға тең мәнін иеленді.

Сенім білдіретін интервал шекаарасын анықтау үшін таңдалған статистикалық ықтималдылық P және өлшеу санына n тәуелділікте болатын нормаланған ауытқу t түсінігін пайдалану қажет. Ол орташа арифметикалықтан өлшемдердің ауытқуын көрсетеді және орташа квадраттық қателікке G жатқызылады, яғни.

, (2.12.)

Қалыпты (гаустық) заңда вариациялық қатардың таралуында t мәні $\pm 3\sigma$ аралығында өзгеруі мүмкін.

Сенім білдіретін ықтималдылықтың жоғарыда көрсетілген мәндері үшін сәйкесінше 1 және 1,65 болады.

Сонда, сенім білдіретін интервалдардың жоғарғы және төменгі шекараларын сәйкесінше төмендегідей жолмен анықтауға болады:

жоғары шекарасын

төменгі шекарасын , (2.13)

Практикалық өлшемдерде өлшенетін шаманың мәндерінің таралуы жеткілікті түрде жоғары болғандықтан, нәтижелерін салыстыру үшін келесі жолмен анықталатын вариация коэффициентін пайдалану қажет:

, (2.14.)

17. Жоғарыда келтірілген түсініктер орындалған өлшемдерді бағалап қана қоймай, нәтижелердің қажетті дәлдігін алу үшін оларды қанша жасау керектігін де қарастыруға көмектеседі.

Нормаланған ауытқудың t орташа арифметикалық жол берілетін қателігінің және вариация коэффициентінің σ қажет етілетін шамаларын қоя отырып осы параметрді өлшеу үшін келесі теңдікпен өлшемнің қажетті санын табуға болады

, (2.15)

Вариация коэффициентінің мәні өлшемнің бұл әдісі үшін алдын-ала және әрбір вариациялық қатар үшін максималды көп өлшем санымен анықталуы керек.

Мәселен, статистикалық көрсеткіштердің аса кең таралған мәндерінде тозаңдануды анықтау үшін өлшеудің қажетті саны 2.1 кестеде келтірілген.

18. Өлшеу нәтижелерін өңдеу кезіндегі жақындатылған есептеулер

Тура және жанама шамалардың жекелеген өлшемдерінің немесе осы өлшем бойынша есептелген шаманың әрбір нәтижесі жақындатылған санды құрайды және оның дәлдігі өлшеу қателігімен анықталады. Мұндай санды соңғы цифраның қатесі сәйкесінше разрядтың 10 бірлігінен аспайтындай етіп жазу керек. Бұл жағдайда өлшеу

нәтижесін сипаттайтын санның барлық цифралары соңғысынан басқасы тура болады, соңғы сан күмәнді, ал күмәндіден кейінгілердің барлығы – дұрыс емес.

Өлшем нәтижесінің қорытынды жазбасын дөңгелектеу тәртібіне сәйкес дұрыс емес сандардың барлығы да алынып тасталынады. Алынған сан жақындатылған есептік формулаға кірген жағдайда, ондағы бір дұрыс емес сан қосылқы сан ретінде сақталып қалады. Мысалы, егер өлшеу нәтижесі 1,4573 болса, онда қате 0,01 болады, ал соңғы нәтиже 1,4640,01 түрінде жазылады, яғни 2 дұрыс сан және бір күмәнді сан қалдырылған. Егер де бұл аталған өлшем нәтижесі есептеуге кіретін болса, онда 1,457 саны қолданылады, мұндағы 7 саны қосалқы сан болып саналады.

Әртүрлі анықтамалықтардағы математикалық және физикалық өлшемдерде дұрыс сандар мен бір күмәнді сандар келтіріледі. Бұл жерде дөңгелектеудің максимальді қатесіне күмәнді сандардың жарты бірліктері қолданылады.

19. Шамаларды дөңгелектеудің ережесі жалпыға мәлім және келесілерге жұмсалады

:

егер де бірінші лақтырылған сан бестен көп болса, онда соңғы қалған сан бірлікке көбейеді;

егер де лақтырылған сан бестен кем болса, онда соңғы қалған сан өзгермейді;

егер де лақтырылған сан беске тең болып, ал кіші разрядты келесі сандар болмаса, онда сақталған жұп сандар бірлікке көбейеді; мұндай жағдайда, егер дөңгелектенген санда қате болатын болса, онда лақтыру кезіндегі жұп сан ретіндегі бес сақталған сандар, сонымен қатар есептелген сандар бірлікке көбейеді;

егер де жалпы сандар дөңгелектенетін болса, онда лақтырылған сандар көбейткіш сандармен алмастырылады 10

*

, мұндағы n - лақтырылған сандар саны, мысалы, $56014 = 56 \cdot 10^3$; ондық бөлшекті сандарды бестен кейін дөңгелектеу кезінде оларды нөлмен алмастырусыз жай ғана лақтырады. Ондық бөлшектің соңындағы нөл нақтылық деңгейімен сипатталады, мысалы, 5,48 және 5,480 сандары бір-бірінен сәйкесінше құрамындағы екі және үш дұрыс сандарының бар болуымен ерекшеленеді.

20. Кез келген жуық сандармен болған математикалық іс әрекет нәтижесі сонымен қатар жуық сандар болып саналады. Сандарды дөңгелектеу соңғы нәтиже болып саналмайтынын, сонымен қатар аралық салымдардағы сандар да екенін ескеру қажет. Осыған орай сандарды дөңгелектеу келесі кейіпте жүргізілді:

ең жоғарғы разрядта тұрған барлық қосылған сандарды қосу мен алу кезінде сандар күмәнді сандарға дейін дөңгелектенеді, одан соң ғана қосу немесе алу орындалады. Бұл нақтылықты жоғалтпай отырып қосу (алу) процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді;

көбейту мен бөлу кезіндегі алынған нәтижесі бойынша, мәні бар сандардың мәні аз сандардың ішіндегісінен олар қанша болса сонша мәнді сандар болуы керек. Қажеттілікке қарай әрекетті орындау кезінде сандар үстінен дөңгелектеу жүргізіледі;

дәрежені шығару және түбірді шығару кезінде, олар негізінде қанша болды немесе түбір астындағы сандарда қанша болды нәтиже бойынша сонша мәні бар сандар болуы керек;

логарифмдеу кезінде мантиссе бойынша алынған жуық мәндес сандарда қанша болса, логарифмделген сандарда да сонша мәнді сандар қалдырылады.

3.Есептеу тәсілі бойынша бөлінетін зиянды қалдықтардың салмағын (массасын) анықтау

21. Негізгі технологиялық қондырғылардан салыстырмалы көрсеткіштер бойынша бөлінген зиянды қалдықтар есебі.

Бастапқы мәліметтер бойынша зиянды заттардың массасын анықтауға арналған, қазіргі жағдайда технологиялық қондырғыдан бөлінетін салыстырмалы көрсеткіштердің қалыптасуына және зиянды бөліктердің бөлінуіне, зиянды қалдықтардың мөлшері туралы экспериментальді және есептік мәліметтерге негізделген, технологиялық процесс кезінде бөлінетін немесе оның бөлек операцияларына, алынатын өнімнің келтірілген бірлік массасына, шығын материалдарына немесе машина, білдек, агрегаттардың жұмыс істеу уақытының бірлігіне қызмет етеді

22. Осы аталған көрсеткіштер мөлшерінің көмегімен статистикалық есеп мәліметтерін толтыру мақсатында қалдықтардың шығарылу есебін, сонымен қатар түгендеу мақсатында (тікелей өлшеуіш құралдарының мәліметтерін есептеу тәсілдері арқылы немесе материалдық процестің тепе-теңдігін есептеуді жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда), сонымен қатар келешектегі өндірісті қайта құру мүмкіндігінің есебі және оның өндірістік қуатының өзгеру жағдайлары келтірілген.

Осы мақсатқа орай зиянды қалдықтарды бөлудің салыстырмалы мөлшерінің көрсеткіштері, сонымен бірге аталмыш технологиялық қондырғыға немесе өндірістік процеске ыңғайлы, яғни есептеудің әртүрлі формалары бойынша қолданылатын әртүрлі өлшеу бірліктері келтірілген,

Сондықтан төменде технологиялық қондырғылардың топ бойынша есептік тәртібі және өндіріс процестеріндегі барлық кәсіпорындардың бірдей бөліктерінің келесі есебін шығару қарастырылады. Салыстырмалы көрсеткіштер қондырғының орташаландырылған кесімді жұмыс тәртібіне арналған және айырмашылық есебіне арналып ұсынылған; нақтыланған жұмыс тәртібі және олардың топ бойынша қондырғылардың түзету коэффициентінің тұрақсыздығы ендіріледі.

Сөйтіп, қалыптасудың салыстырмалы көрсеткіш мөлшерінің және нақты технологиялық агрегатқа арналған зиянды компоненттердің бөлінуі кезінде өндірістік процестің нақтылықты технологиясы жанында бөлінудің, оның тұрақсыздығын

ескеретін кесімді тәртіптегі түзету коэффициенттерін, салыстырмалы көрсеткіш түрінде қабылдау керек.

$$K^x = K_n^x(f_1, f_2, f_3, \dots, f_n)$$

, (3.2.)

мұндағы,
 K^x

- нақты процеске арналған зиянды компоненттердің бөлінуінің салыстырмалы көрсеткіштері және аталмыш кәсіпорындағы қондырғы;

K_n^x

- технологиялық процестің кесімі жанындағы зиянды компоненттердің бөлінуінің салыстырмалы көрсеткіші және өндірістік қондырғылардың тұрақты жұмысы;

- түзету коэффициентін, технологиялық тәртіптердің кесімділіктен ауытқуын, қондырғы мен процестің тұрақсыздығын ескеретін шығарылым.

Өндірістегі қондырғының кесімді жұмыс тәртібі кезіндегі тұрақсыз жұмысы зиянды компоненттерді бөлудің салыстырмалы көрсеткішінің мәні 2 кестеде келтірілген.

23. Балқыту агрегаттары. Қондырғының бұл түрі балқытылған металдың (кг/т) бірлік массасынан зиянды заттардың қалыпты түрде бөлінетін салыстырмалылығы және өндірістегі агрегаттардың қуаттылығы бойынша сипатталады. Сондықтан, ұзақ уақыт аралығында олардан бөлінген зиянды заттарды анықтауды жоспарлау мақсатында (ай, жыл және т.б.), олар анағұрлым тиімді болып саналады. Бірақ аз уақыт аралығында бөлінген зиянды заттарды есептеу қажеттілігі кезінде балқыту процесі кезінде бөлінудің кесімді түрдегі тұрақсыз коэффициентті ендіру (г/с, кг/с) уақыт бірлігінің салыстырмалы көрсеткішін қолдануда әлдеқайда тиімдірек.

Аталған балқыту агрегаттарына арналған бөлінудің салыстырмалы көрсеткішін пайдалана отырып, балқытылған металл бірлігіне келтірілген, әрбір негізгі массаны бөлуші зиянды зат компоненттерін келесі арасалмақ арқылы анықтауға болады:

$$M_i^x = K^x * p * n$$

, кг (3.3)

мұндағы,
 M_i^x

бөлінетін зиянды затқалдықтарының массасы;

K^X

- бұл тоннаның металға қатысты бөлінген компоненттің салыстырмалы көрсеткіші, кг/т;

p - балқытылатын немесе балқытуға жоспарланған металдың көлемі;

X – зиянды заттар компонентінің индексі (тозаң Z , көміртектің оксиді CO , азот оксиді NO_x , күкірт оксиді SO_2 , көмірсутектер C_xH_x және т.б.);

n – өнімділігі бойынша біртегі және бірдей балқыту агрегаттарының саны.

Салыстырмалы көрсеткіш бойынша бөлінген зиянды заттардың есебі, келтірілген бірлік уақыты арқылы, келесі есептеу формуласының түрі болып шығады:

$$M_i^X = 10^3 q_x \cdot \tau \cdot n$$

, кг (3.4.)

мұндағы,

q_x

бөлінген компоненттің салыстырмалы көрсеткіші X уақыт бірлігінің зиянды заттары, г/с;

- нақты уақыт немесе аталған уақыт аралығындағы балқыту агрегаттарының жоспарланған жұмыстары;

n – түрі бойынша (3.2.)

Өндірістегі барлық балқыту агрегаттарына арналған әрбір компоненттерінен шығарылатын зиянды заттардың жиынтық массасы (салмағы) бастапқыда балқыту агрегаттарының біртегі топтары бойынша, одан соң олардың барлық түрлері үшін анықталады:

шойын балқытқышқа арналған

, (3.5.)

электрдоғалы пештерге арналған

, (3.6.)

индукциялық пештерге арналған

, (3.7.)

басқа түрдегі балқыту пештеріне арналған

, (3.8.)

өндірістегі балқыту агрегаттарының барлық түріне арналған

$$M_{1\Sigma}^X = \sum M_1^X = M_{1a}^X + M_1^X + M_{1a}^X + \dots + M_{1i}^X$$

, (3.9.)

мұндағы,

$$M_{1\Sigma}^x$$

- компоненттің жиынтық түрдегі бөлінуі Ч өндірістегі барлық балқыту агрегаттарына арналған, кг.

Бөлінуден басқа балқыту агрегаттарының жұмысы кезінде, аспирация жүйесімен апарылатын (топтастырылған бөліну), тығыз емес өндіріс қондырғысының есебінен топтаспаған бөлінулердің және өндіріс процестерінің кейбір операцияларын орындаудың өз орны бар (мысалы, құймақалып пен шөміштен және т.б. балқытылған металдың шығарылуы). Олардың, балқыту агрегаттарынан бөлінетін жалпы мөлшері заттың массасына қарағанда орташа алғанда 40% дейінгі массаны. Сонда топтастырылған және топтастырылмаған бөлінулер (жалп.) құрайды

жалп.=1,4

$$M_{1\Sigma}^x$$

, (3.10)

24. Сусымалы материалдарды өңдеуді өндіруді, яғни құю цехының бөлімшелеріне арналған (қаттау және тасымалдау бөлімшелері), тозаңның тасымалдау кезіндегі бөлінуі () салыстырмалы көрсеткіштер бойынша сонымен қатар өңделетін материалдар массасының бірлігі арқылы да анықталады. Салыстырмалы көрсеткіш бойынша есептеу, жұмыс істеп тұрған қондырғының бірлік түрінде кг/ч көрсетілген, бөліну массасын анықтау келесі 2.3. формула түрінде жүргізіледі.

Өңделетін сусымалы материалдардың салыстырмалы көрсеткішін анықтау кг/т түрінде көрсетілген қолдану жағдайы бойынша, міндетті түрде анықтауда 2 формула қолданылуы керек. Қара және түсті металдарды құюда бөлімдерді тазалауға арналған ұқсас есептеулер жүргізіледі.

25. Жоғарыда қарастырылған жағдайларға ұқсас өндірістің басқа да бөлімшелеріне арналған жалпы бөлінулер анықталады.

Өңделетін материалдардың масса бірліне қатысты салыстырмалы көрсеткіштер жағдайында қолданылуы.

, (3.11.)

Жұмыс істеп тұрған қондырғының уақыт бірлігіне қатысты бөлінуінің салыстырмалы көрсеткіштер жағдайында қолданылуы.

$$M_i^x = 10^3 q_x * n$$

Айналы ерітінді ауданына қатысты бөлінудің салыстырмалы көрсеткіштер жағдайында қолданылуы.

$$M_i^x = K^x * S_i * T * n$$

, кг (3.12.)

мұндағы,

K^x

- 2 қосымша кесте бойынша анықталатын бөлінудің салыстырмалы көрсеткіші;
- айналы қоспаның ауданы;

T – қарастырылатын уақыт аралығындағы технологиялық қондырғының жоспарланған жұмысы немесе нақты уақыты;

n - технологиялық қондырғының біртекті бірлігінің саны.

Ендеше, мысалы, 3.3 формуласы бойынша шығарылымдардың жалпы есебін анықтау үшін, олардың көпшілігіне лактелген және боялған қабаттарға арналған және т.б. дәнекерлеу операцияларын жүргізу ыңғайлы болады; 3.4. формуласы бойынша – материалдарды өңдеу және кесу бөлімдеріне арналған, 3.13 формуласы бойынша – беткі қабаттарды химиялық өңдеуге және химиялық және электрхимиялық жабуларды келтіруге арналған.

Айналы ерітіндінің алаңына бөлінетін салыстырмалы көрсеткішті қолдануда, бұл көрсеткіш бойынша тек қана ерітіндінің булануы арқылы бөлінуді ғана емес, сонымен қатар металдың беткі қабатындағы ерітіндімен реакцияға түсуімен, детальдардың ерітіндіге батырылуы және суырылуына байланысты ерітіндідегі, онымен қатар ерітіндідегі, сонымен қатар олардың көрші ваннаға апарылуындағы массасын да есте сақтау қажет.

26. Әрбір компоненттер бойынша өндірістегі шығарылуға қатысты (цехқа, бөлімге), технологиялық қондырғылардан бөлінетін зиянды заттардың жалпы мөлшерін, яғни барлық процестердегі мөлшерді жалпы есептеумен табылады.

$$M_{общ}^x = M_1^x + M_2^x + M_3^x + \dots + M_{не}^x$$

, (3.14.)

мұндағы,

$M_{не}^x$

- ұйымдастырылмаған зиянды шығарылымдардың массасы, Барлық компоненттер шығарылымының жалпы жиынтығы

$$M_{\text{общ}} = M_{\text{общ}}^x + M_{\text{общ}}^y + \dots + M_{\text{общ}}^{ni}$$

, (3.15.)

мұндағы, x_1, y_1, \dots, n_1 – зиянды заттардың шығарылуындағықатты және газ тәріздес компоненттері (тозаң, көміртекті оксид, күкірт оксиді және т.б.)

Келтірілген есеп сызбасы бойынша агрегаттық жағдайдағы немесе басқа да белгілер бойынша зиянды заттардың пайда болуының мөлшерін анықталады. Сонымен, мысалы, қатты және газ тәріздес заттардың мөлшері келесі формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{общ}}^{\text{ме}} = M_1^{\text{ме}} + M_2^{\text{ме}} + \dots + M_n^{\text{ме}} = \sum_1^n M_i^{\text{ме}}$$

, кг (3.16.)

$$M_{\text{общ}}^z = M_1^z + M_2^z + \dots + M_n^z = \sum_1^n M_i^z$$

, (3.17.)

27. Анықтау көздеріне арналған, топтастырылмаған зиянды заттардың салыстырмалы бөлінуінің белгілі мәндері, жалпы бөлінулерді анықтау, топтасқан ұқсастық бойынша жүргізіледі.

4. Зиянды қалдықтардың атмосфераға таралуының есебі

28. Шығарылатын зиянды заттардың тазарту қондырғылары мен ұстау аппараттары арқылы массасын анықтау.

Өндірістің зияндылық кезеңі бойынша қалыптасқан ұсталған жалпы массадан зиянды заттардың мөлшері, әрбір ластану көздері аппараттармен жабдықталудан және газды тазарту қондырғылары мен тозаңды ұстап қалу мөлшерінің көрсеткіші бойынша олардың тиімді жұмыс істеуінен шығатындығы анықталады.

Сонымен, зиянды қалдықтарды шығарудың бір көзіне арналған, біріктірілген топтар немесе атмосфераны біртепті ластау көздерінен ұсталынған зиянды заттар (Y_i^x)

)келесі көрініс бойынша анықталады

$$Y_i^x = M_i^x * \lambda * \eta$$

, кг (4.1)

мұндағы,

M_i^x

- компоненттен бөлінген масса X і-ші көзден (атмосфераны ластау көздерінің топтары: кг);

, - аспирациялық және желдеткішті жүйелермен жабдықталған, атмосфераны ластау көздерінің қондырғыларымен және тозаңтұту мен газды тазалау аппараттарымен жабдықталған (1000 %-дық жабдықты I деп қолданылады);

n – газды тазарту және тозаңтұту бойынша қондырғылар мен аппараттардың тиімділігі (бірлік бойынша салыстырмалы түрде).

29. Аталған есептеулерге арналған тиімділік мәні қондырғылар мен аппараттардың төлқұжаттық мәліметтері бойынша, немесе орташа пайдаланудың тиімділік мөлшері бойынша 3 қосымшада келтірілген, немесе заттай есептелген нәтиже бойынша қабылданады.

30. Тиімділікті анықтаудағы тікелей өлшеу тәсілдері бойынша концентрация мен ағын параметрлерін өлшеу тәсілдері, тарауда айтылған, қолданылады. 3. Бұл жағдайда, зиянды заттардың газды тазартуға арналған аппаратқа кірер кездегі (қондырғыға) және одан шығарар кездегі тиімділігі анықталады (газды тазарту жолындағы ауаны сору кезінде 5% кем емес болуы керек, яғни)

, (4.2)

мұндағы, C1 және C2 – газдан тазалау кезіндегі аппараттан зиянды заттардың шығу және кіру кезіндегі концентрациясы, г/м³ (мг/м³).

Газды тазарту және тозаңтұту жүйелерінің қондырғыларына арналған, екі және одан да көп тазарту деңгейі нәтижесінің жиынтығы

болады, (4.3)

31. Тікелей өлшеудің нәтижелілігін анықтау бойынша іріктеу ережелеріндегі барлық нұсқаулардың және орташаланған сынамалардың 3 тарауда қарастырылған, күші бар.

Желдеткішті ауада немесе газдан бөлінген зиянды заттардың атмосфераға шығарылған орташа өлшенген концентрациясы бойынша (

ζ_{ϕ}^i

) нақты тазарту кезінде (өлшеу сәтіндегі), технологиялық қондырғыларды жүктеуде, жанар май мен пайдаланылатын материалдардың сапа көрсеткіштерінде, дайын өнімдерде, нақты нәтижесі есептеледі:

$$\zeta = \left(1 - \frac{C_{\phi}^{di} * Q_{\phi}^{di}}{C_{\phi}^{wi} * Q_{\phi}^{wi}} \right)$$

, (4.1)

мұндағы,

$$C_{\phi}^{di}, C_{\phi}^{di}$$

- концентрация i – бірінші өндірістік зиянды заттар мен улы газдардың, тиісінше қондырғының нақтылы жұмыс істеу тәртібі кезіндегі желдеткішті ауағы шығарылуы, г/м³;

$$Q_{\phi}^{oi}, Q_{\phi}^{oi}$$

- қалыпты жағдайға келтірілген, желдеткішті ауа немесе газ қалдықтарын өндірістік шығарудың нақтылы көлемі, м³/с.

Газды тазарту қондырғысының жұмыс тиімділігінің орташа мәні орташа концентрация ұқсастығы бойынша анықталады.

32. Әрбір зиянды заттар бойынша ұсталынған заттардың жалпы массасы, олардың технологиялық кезеңіндегі бөлінуінің жүру кезіндегі нәтижелерді пайдалану арқылы анықталады (3 тарауда) және 4.1 формуласы бойынша., атмосфераны топтық ластаудың жинақтық мәні:

$$Y_{\text{общ}}^z = Y_1^z + Y_2^z + Y_3^z + \dots + Y_n^z = \sum_1^n Y_i^z$$

, кг (4.5)

Барлық компоненттер бойынша зиянды заттардың ұсталу жиынтығы (қатты, газ тәрізді, сұйық және олардың жиынтығы)

$$Y_{\text{общ}}^z = Y_{\text{общ}}^x + Y_{\text{общ}}^y + Y_{\text{общ}}^a + \dots + Y_{\text{общ}}^n = \sum_1^n Y_{\text{общ}}^i$$

, кг (4.6.)

33. Атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың есебі.

Аталған зиянды көздерден атмосфераға шығарылатын немесе топтық біртепті көздерден шығарылатын зиянды заттардың массасы (

$$B_i^z$$

) бөлінген уақыт аралығында орнатылған олардың газ тазарту қондырғысы және аппаратпен тұтылған мөлшер айырмасы ретінде анықталады.

34. Топ бойынша бірдей компоненттердің жалпы шығарылудағы зиянды заттарын анықтау, кәсіпорынға арналған жалпы агрегаттық құрам және басқа да белгілер бойынша (бөлімге, цехқа және т.б.) ұқсас 4.7-4.10, формулалар бойынша жүзеге асырылады, яғни,

$$B_{\text{общ}}^* = M_{\text{общ}}^* - Y_{\text{общ}}^*$$

, кг (4.8)

$$B_{\text{общ}} = M_{\text{общ}} - Y_{\text{общ}}$$

, кг (4.9)

35. Егер де зиянды қалдықтарды шығару тазарту жұмыстары бірдей уақытта жетілдірілген технологиялық процестердің есебінен жүргізілсе, онда зиянды заттардың бөлінуінің азаюы бойынша формула (С), келесі түрде болады

$$B_i^* = M_i^* - (Y_i^* + C_i^*)$$

, кг (4.10)

36. Өндірістік зиянды қалдықтарды азайту бойынша ғылыми тұрғыда негізделген жоспарлы шараларды қамтамасыз етуші нормативтік базаны құру үшін, олардың мақсаттылығы мен экономикалық тиімділігі, кәсіпорынның негізгі қызметі туралы мәліметтерді оның қоршаған ортаны қорғау жұмысымен біріктіру үшін оларды объективті тұрғыдағы бағалау көрсеткіштері қажет. Өнім бірлігіне шаққандағы мұндай көрсеткіштер болып зиянды заттардың үлестік шығарылуы саналады.

НС

Өлшеудің қажетті саны (тозаң сынамаларын алу)

1-кесте

Тозаң сипаттамасы	Шекті қателік, %	Дәлдік кепілі, %	Вариация коэффициенті, %	Өлшеудің қажетті саны
Қалыңдисперсті	10	68,3	25	7
	25	68,3	25	1
	10	90,0	25	17
	25	90,0	25	3
	10	68,3	30	9

	25	68,3	30	2
	10	90,0	30	24
	25	90,0	30	4
Жіңішке дисперсті	10	68,3	50	25
	25	68,3	50	4
	10	90,0	50	68
	25	90,0	50	11
	10	68,3	60	36
	25	68,3	60	6
	10	90,0	60	97
	25	90,0	60	16

HC

Негізгі технологиялық қондырғылардан бөлінетін зиянды заттардың үлестік көрсеткіші

Зиянды компоненттердің бөліну көрсеткіштері технологиялық негізгі түрлеріне және бөлімшелер мен цехтарға арналып, ал олардың ішіндесі технологиялық операцияларға арналып топтастырылған. Осыған орай негізгі назар аталған анағұрлым ірі цехқа (бөлімге) арналған ауа бассейнін ластау көздеріне бөлінеді. Барлық зиянды бөлінулер бойынша мәндер технологиялық процесті жүргізу тәртібінің кесімділігіне жатады.

1. Құю цехтары.

Кәсіпорынның құю цехы өз бөлімдерінің құрамына төмендегілерді: шихталық, балқыту, қоспа дайындау, өзекті, қалыптық-құйылған, тазалаушы бөлімдерді кіргізеді. Цехтардағы өндірістік құймалар жаппай, ірі сериялы, орта сериялы, кіші сериялы және жалғыз-жарымды болуы мүмкін. Бұл цехтарда: аса майда, орта, ірі ауыр және аса ауыр құймалар өндіріледі. Олар бір реттік құмды көлемдегі түрде (шойынға және құрышқа арналған) қысым бойынша, темірқорамда және т.б. ажыратылады.

Осындай әртүрлілікке байланысты құю цехындағы өндірістік сипатқа ерекше назарды технологиялық қондырғылардағы жұмыс ерекшеліктері, зиянды компоненттердің бөліну көздері болып саналатын, оны жүктеудің және қолданудың тұрақтылығы, технологиялық процесс уақытындағы тұрақтылықтың өзгеру дәрежесін иеленеді. Бұл жағдай зиянды заттардан бөлінетін массаның белгілі бір ауытқуына жағдай жасайды және олардың салыстырмалы мәндерін анықтау барысында бұл жағдай міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Жүктеудің тұрақсыздығы және қондырғыны пайдалануда циклдардағы есептеу коэффициенттерін пайдалануда немесе өнімділіктің есебі кезінде (автоматтандырылмаған қондырғыларға арналған), шамамен 0,7-0,8 тегіс және

әркелкілік осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 1-кесте бойынша алынған, тиісінше машина жасау зауыттарындағы құю цехтарының жобалау нормаларымен сәйкес келуі ескеріледі.

2. Қара металды балқыту

Кәсіпорын саласында шойын балқытқыштағы шойынқұюды ашу мен жабу кезінде 25т/сағ. аспайтын өнімділікке ие. Зиянды заттардың олардан бөлінуінің салыстырмалы көрсеткішінің мәні негізгі зиянды компоненттердің кесімді тәртіп бойынша коксты шойын балқытқыштағы шойынды балқыту осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 2-3-кестелерінде көрсетілген. Кестеден шығатыны, бөлінетін зиянды компоненттер шойын балқытқыштағы өнімділіктің ұлғаюының артуымен шамамен салыстырмалы түрдегі үнемі тоннаға шаққандағы металды балқытудан бөлінетін зиянды бөлінуді ескеру керек. Көміртектің шамалы бөлінуі оларда лас бекіткішті қолданумен түсіндіріледі. Ауытқулар бойынша түзету коэффициенттері процестің нақты тәртібі және тұрақсыздығы бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 4 және 5 кестелерде берілген.

1 т шойынды шойын балқытқыштың шөмішінен шығару процесі кезінде цехтағы атмосфераға шамамен 125-130 г көміртек оксиді, 18-22 г графитті тозаң бөлінеді, оларды шам ойығы арқылы немесе жалпы үйреншікті желдеткіш жүйесі арқылы жою жүргізіледі.

Машина жасау кәсіпорындарындағы құрыш пен шойынды балқытудың электрдоғалы пештердің сыйымдылығы 100 т аспайды. Технологиялық процесс кезіндегі олардан бөлінетін зиянды заттар балқытылатын қорытпаның маркасына тікелей қатысты болады, оттегімен жел беру және басқа да факторлардың қатарында, оның ішінде құрамы мен бөлінетін компоненттердің мөлшерін жоспарлаудың әртүрлі кезеңінде өзгереді. Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 6-кестеде шойын мен құрышты балқыту кезіндегі бөлінетін зиянды заттардың және олардың әртүрлі сәттердегі, яғни алып жүру кезіндегі балқыту процесі бойынша олардың мөлшеріне әсер ету көрсеткіші келтірілген. Тікелей пештерден сорылатын металды құю кезінде, цехтағы ауаға 40% дейін зиянды заттар бөлінеді.

Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 7-8 кестелер бойынша балқыту технологиясы процесінің өзгеруі кезіндегі тозаңда және газдың бөлінуінде олардың нақтылы (осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 6-кесте) және тұрақсыздығы кезіндегі масса ауытқуының түзету коэффициенті берілген.

Болат балқытуға арналған индукционды тигель қазандықтары (көтеріңкі тазалық) және шойын (өндірістік тазалық) біршама аз шаң-газ бөледі деп сипатталады. Олардың сипаттамасы осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 9-10 кестеде көрсетілген. Шаң мен газ бөлінуінің серпінділігі жөндеу коэффициенттерін тұрақсыз процесстер уақыты кем зерттелген. Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 11-кестеде номинальды саналатын технологиялық режимнен ауытқу процесі кезінде шаң мен газ бөліну

мәндеріне корректив енгізетін түзету коэффициенттері келтірілген (осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 10-кесте). Шойынды қалыпқа құярда атмосфераға көміртек оксиді бөлінеді, оның көлемі құйманың салмағына байланыста болады, олардың мәні осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 12-кестеде келтірілген.

3. Қорытпалар мен түсті металдарды балқыту

Машина жасау зауыттарында түсті металдар мен қорытпаларды балқыту негізінде оларды негізінен индукциялық тигельді және арналы пештерде, электрдоғалы және қарсыласу пештерінде жүзеге асырылады. Әдеттегідей, олардың өнімділігі шамамен 0,15-2,0 т/сағ болады. Металл құймасын түсті металдар сынығынан алуды жүзеге асыру процесіне арналған, сонымен қатар әртүрлі сипаттағы қорытпаларды дайындау Сондықтан балқыту процесі барысында олардан газдардың бөлінуі кезінде көптеген әртүрлі компоненттер қатысады.

Металдар мен олардың қорытпаларын айналдырудан бөлек, күкірт оксиді және азот, фторлы сутегі, аммиак, хлор ионы, графитті тозаң, фторлы кальций, хлорлы барий және басқалары кездеседі. Аталған бөлінетін заттар құрамының мөлшері әлі де толық зерттелмеген, осыған орай металды балқыту технологиясы, қондырғының типтік мөлшеріне байланысты салыстырмалы көрсеткіштерді анықтауға арналған мәліметтер әлі жоқ. Сонымен бірге, тозаңның, азот оксидінің және күкірттің, сутегі оксидін құрыш қорытатын пештердегі (электрдоғалы және индукциялық) кесімді бөлінулермен салыстыру негізгі компоненттердің мөлшерлік сипаттамасы. Жақындатылған есептеулерге арналған келесі зиянды заттардың бөліну сипаттамаларын осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 14-кестеде келтірілген есептеулер бойынша қабылдауға болады.

4. Өндірістегі басқа да құю бөлімдерінен зиянды заттардың бөлінуі

Құю өндірісінде шихталық және қалыптық материалдарға дайындық процесі кезінде материалдардың үлкен тізбесі қолданылады. Оларды өңдеу мен қолдану зиянды заттардың, әсіресе тозаңның пайда болуына алып келеді.

5. Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 18-кестеде шихталық, қалыптық және өзектік қоспалардың қалай топтастырылған және солай топтастырылмаған бөліну көздерінің құрамына кіретін, сусымалы материалдардың тасымалдануы мен қатталуы бөлімдердегі тозаңның бөлінуі бойынша мәліметтер келтірілген.

6. Құмды-сазды қалыптық және өзектік қоспаларды дайындау кезінде осы аталған материалдарды қайта өңдеу процесі кезіндегі тозаңдардан бөлінетін массасы осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 15-кестеде келтірілген. Бұл жерде қосымша зиянды заттардың бөлінуі өзектер мен қалыптарды кептіруде сұйық және қатты отындарды пайдалану кезінде болуы мүмкін. Олардың мөлшері кептіру процесі кезіндегі отын шығынын ескере отырып, анықталады. (осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 16-кесте).

Шойынды және құрышты құюға арналған қалыптық қоспалар құрамына қосымша ретінде сульфиттік-спирттік барда (массасы бойынша 3% дейін) немесе байланыстырушы СБ (массасы бойынша 5% дейін) қосылады. Осыған орай қоршаған ортаға хош иісті көміртегінің сағатына 40-50 г/т қоспаның бөлінуі жүзеге асады.

Қазіргі уақытта құмды-сазды қалыптың құрамына олифа майын ендірмейді, оның орнына Уайт-спиритті және басқа да заттарды, оларды майдаланған көмірге, сұйық шыныға, улы натра ерітіндісіне, ағаш үгіндісіне алмастырып қолданады.

Қалыптық және өзекті қоспалардың әртүрлі жаңа құрамдары салқын күйдегі (ХГС) синтетикалық қарамайды жиі қолдана бастады. Аталған қоспалармен жұмыс істеу кезінде әртүрлі зиянды компоненттер, яғни аталған құрамның мөлшері әлі күнге дейін толық зерттелмеген.

Құю процесінің балқыту модельдері, қысым бойынша, қабатты, металды қалыптағы (кокильді) түрлері көбірек заманауи және жоғары өнімді болып келеді. Олар кәсіпорындарда күннен күнге кеңінен қолданылып келеді. Бірақ та, қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттар туралы көзқарастар бойынша, олар әлі де болса толықтай зерттеліп болмаған, бұл атмосфераға шығарылатын зиянды заттар бойынша сипатталатын, салыстырмалы мөлшер туралы толыққанды мәліметті әлі бере алмайды. Мұндай ұқсас жағдайлар сұйық құйылмалы қоспалар мен қатты салқын қоспалар, яғни оларды өндіру кезінде олардың құрамындағы бөліктерде – хромды ангидрид, фенол, формальдегид, фурфурол, метанол, цианидтер, ерітінділердің булары және т.б. зиянды заттардың біршама бөлігінің бөлінуі, өндірісте болып тұрады.

7. Құмды-сазды түрдегі құймалардан бөліп алу және оларды қалыптық пайдаланылған қоспалардан босату шығып кеткен қондырғылардың көмегімен жүргізіледі және сонымен қатар тозаң, газ және бу түріндегі зиянды компоненттердің бөлінуімен болады. Жалпы алғанда 1 т құйылмалы металда 12 мың.м³/с зиянды ауа, құрамында 30 кг дейін тозаң, шірінді жер және окалиндер сорылып алынады. Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 17- кестеде торлы тозаң бөлінуінің көбірек жиі кездесетін түрінің орташа мәні келтірілген. Құймалардағы негізгі зиянды қоспалардан тазарту кезінде технологиялық қондырғылардан ауаны аспирильдеу, тозаң болып саналады. Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 17-кестеде қондырғыларға арналған негізгі жұмыс түрлерін істеу кезінде әртүрлі тәсілдермен бұйымдарды тазартудың салыстырмалы жағдайының бөлінуі берілген.

Нәтижесінде түсті металдарды құю процесі кезінде бөлінетін зиянды заттардың бөлінуінің салыстырмалылығын тікелей өлшеудің мәні бойынша нәтижелердің толық болмауынан, оларды құрышты құюға арналған мәліметтер бойынша сәйкесінше қабылдауға болады.

Осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 17 - 25 кестелерде осы өндірістердің кейбір бөлімдеріндегі зиянды заттардың бөлінуінің мөлшері мен құрамы туралы қолда бар мәліметтер келтіріледі.

8. Темірсыққышты және қыздыру цехтары

Темірсыққышты және қыздыру цехтарының негізгі қондырғыларына: газбен және мазутпен жұмыс істейтін қыздыру пештері, электрқыздыру пештері мен ванналар, жиюшы бактар, шөмішті және таңбалағыш машиналар жатады, бұл қондырғылар өзінің құрылымдық жұмыстарын орындау барысында және жылуды алу түрлері бойынша әр алуан болып келеді. Бүгінгі күні машинажасау құрылысы саласындағы кәсіпорындарда әртүрлі электр пештерін қолдану анағұрлым жиі қолданылады, сонымен қатар мазутты және газ пештері де жиірек кездеседі. Өз жұмыстарын орындау кезінде олар тозаң, көміртекті оксидті, күкірт оксидін, азотты, цианисті және хлорлы сутекті, аммиакті, май буларын және т.б. бөлуі мүмкін. Осы цехтардағы қондырғылардан зиянды заттардың бөлінуінің құбылысы толыққанды зерттелмегенін ескеру қажет және толықтай нақтылықтың жоқ екенін айғақтайды.

Қыздыру пештеріндегі жағу құрылғысында газ бен мазутты жағу кезінде көміртекті тотығудың, күкірт пен азоттың бөлінуі жүреді. Улы газдарда сонымен қатар тозаң мен мазут күлінің есебінен күйе, арзан отын мен металл шіріндісінің ластығы, сонымен қатар оның улы иісінің болуы мүмкін. Газ отынын жағуды дұрыс ұйымдастыру кезінде көміртек оксиді мен азоттың бөлінуінің шығарылуда бар болуы ең аз мөлшерде болуы керек.

Бірақ та жағуға арналған өнімдер цехқа тікелей бөлінеді және шам ойықтары арқылы атмосфераға тарайды: одан басқа жағуға арналған өнімдер лас металдарды түсіру кезінде және пештен қыздырылған бұйымдарды темір-сыққыш қондырғысына жеткізгенге дейінгі аралықта жұмыс бөлмесіне таралатынын ескеру қажет. Электрлі қыздыру пештерінің зиянды заттарды бөлетіндігі туралы мәліметтер жоқ. Зиянды заттардың бөлінуінің жинақтық массасы шамамен алғанда металдан бөлінетін зиянды иістің есебіне тең деп қабылданады.

Қыздыру цехтарындағы ең негізгі жаппай ластауды, жылыту пештерінде жағуға арналған отын өнімдерінен басқа, май булары, балқытпа буларының тұзы және сілтілер мен басқа да заттар саналады.

Зиянды заттар бөлінуінің мөлшерлік сипаттамасы бойынша қыздыру цехтарының саладағы көздерінің көбірек таралғандығы туралы осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес 24-кестеде келтірілген.

Кейбір өлшемдердің нәтижелері бойынша мазут пен газды жағу кезіндегі азот тотығының шамалы концентрациясы өндірістік пештерде шамамен $0,14-1,4 \text{ г/м}^3$ жағу өнімін немесе $10-20 \text{ г/кг}$ мазутты жағу кезіндегі отынды және $0,04-0,045 \text{ г/м}^3$ жағу өнімдерін немесе $0,5-0,6 \text{ г/кг}$ табиғи газды жағу кезіндегі отынды құрайды.

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаттылығы ($M_c^{шаң}$) пайдалану тәртібінде шығарындыларға тең және аталған әдістеменің 4.1. формуласы бойынша есептеледі.

Бір жыл ішінде шаң шығарылымы мына формула бойынша есептеледі:

$$M_{жыл}^{шаң} = (3,6 * M_c^{шаң} * T_p * K_V^{шаң}) / 1000, \text{ т/жыл (5.3.1)}$$

T_p – жану кезіндегі шығарындылардың жиынтық жалғасымы, с/жылына.

Осында және алдағы уақытта жанудың жалғасуы немесе жобаланған зауыттар үшін оның жекелеген сатысы А қосымшасында келтірілген деректерге сәйкес, зауыттық нұсқаулықтар бойынша – қолданыстағы зауыттар үшін қабылданады.

8.3.2 Қолданыстағы зауыттар. Пайдалану Ережесіне сәйкес және электрофилтрлерге жоғары кернеулі қуат беруде газоанализаторларлы пештермен қамтамасыз ету, жабдықтауға дейін пеш агрегтарының қалыпты жұмыс тәртібінен кейін жүзеге асыруға жол беріледі. Сондықтан электрофилтрлерді қосуға дейін өнімді беру уақыты кезінде пайдалану маңызын арттыратын көптеген шаң концентраттарын асырып жіберуі мүмкін.

Ең жоғарғы шығарындылар қуаты ($M_c^{\text{шаң}}$) осы әдістеменің 4.1. формуласы бойынша есептеледі, осылардың барлығы есепке алынады, қуатты алып тастағанда электрофилтрлерде газдарды тазартқыш деңгейі ? - дәреже 0.6 тең болады филтрдің жұмысында газдардың жылдамдығы 1 м/с және ? = 0.5 аз болады, филтрдің жұмысындағы газдардың жылдамдығы 1 м/с артық болады.

Ең жоғарғы қуаттылығы бар жылдық шаң шығарындылары ($M_c^{\text{шаң}}$) 5.3.1. формуласы бойынша есептеледі.

5.4 Азот оксидінің шығарындылары.

Азот оксидінің шығарындылары (NO_x) барлық жағу кездерінде орын алады. Шығатын газдардың орташа уақыт бойынша жұмсалымы $K_V^{\text{NO}_x} = 0.75$ құрайды, ал құрамы NO_x оларда пайдалану мағынасына сәйкес $K_C^{\text{NO}_x} = 0.7$.

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаты $M_c^{\text{NO}_x}$ (жағу процесінің соңында) аталған әдістеменің 3.1.3. формуласын ескере отырып, 3.1.1 формуласы бойынша есептеледі.

Жағу кезіндегі жалпы жылдық шығарынды $M_{\text{жыл}}^{\text{NO}_x}$ мынаған тең:

$$M_{\text{год}}^{\text{NO}_x} = \frac{3.6 \times M_{\text{сек}}^{\text{NO}_x} \times T_p \times K_V^{\text{NO}_x} \times K_C^{\text{NO}_x}}{1000}, \text{ т/год}$$

(5.4.1)

T_p – жағу кездеріндегі жинақталған ұзақтылық, с/жылына.

Құрылатындарды бөлу (NO и NO_2), осы әдістеменің 3.1.4 формуласы бойынша шығарылады.

5.5 Күкірт оксидінің шығарындылары.

Күкірт оксидінің шығарындылары пешке өнімді стационарлық берудің басында негізінен факельдің жануы кезінде сұйық және қатты жанармайлардың жануы кездерінде пайда болады. Құрғақ және дымқыл пештер үшін шығару кезінде орташа жанармайдың жұмсалымы пайдалану мағынасы кезінде $K_{\text{Bt}} = 0.40$ және $K_{\text{Bt}} = 0.55$ құрайды.

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаты (дымқыл материалдарды тікелей беру алдында) мына формула бойынша есептеледі:

$$M_c^{SO_2} = 0,02 * B_t * S^2 (1 - \eta_{SO_2}), \text{ г/с} \quad (5.5.1)$$

Барлық мәндер осы әдістеменің 3.2.1. формуласы үшін мәндеріне сәйкес. Жану кезіндегі жылдық шығарындылар мынаны құрайды:

$$M_{год}^{SO_2} = \frac{3.6 \times M_{сек}^{SO_2} \times T_p \times K_{Эк}}{1000}, \text{ т/год}$$

(5.5.2)

T_p – жағу кездеріндегі күкірт оксиді шығарындыларының жиынтық жалғасуы, с/жылына.

8.6 Көміртегі оксидінің шығарындылары.

Жанармайды жағуда талаптарды қатаң сақтау кезінде оның толығымен жануына әкеліп соғады. Шығатын газдардағы көміртегі оксидінің ең жоғарғы құрамы (жану алдында) $C_{CO}^{max} = 0.2\%$ (0.25 г/м^3), ал оның барлық жану кездеріндегі орташа мағынасы ең үлкенінен $K_C^{CO} = 0.40$ құрайды. Соншалық төменгі концентрациясы шығатын газдардағы өрт-жарылысқа қауіпі бар көрсеткіштерді нашарлатпайды.

Шығатын газдардағы орташа уақытпен есептегенде жұмсалымдары пайдалану мағынасы кезінде $K_V^{CO} = 0.75$ құрайды, ең жоғарғы қуаты және жылдық шығарындылары мына формулалар бойынша есептелінеді:

$$M_{сек}^{CO} = \frac{V \times C_{CO}^{max}}{3600}, \text{ г/с}$$

(5.6.1)

$$M_{год}^{CO} = \frac{3.6 \times M_{сек}^{CO} \times T_p \times K_V^{CO} \times K_C^{CO}}{1000}, \text{ т/год}$$

(5.6.2)

T_p – жану кездеріндегі жиынтық жалғасуы, с/жылына.

Мысалы жану кезіндегі зиянды заттардың шығарындыларын есептеу В Қосымшасында келтірілген.

(анықтамалық)

А.1 кестесі

Футеровканы толығымен ауыстырғаннан кейін айналу пешінің жануы кезінде шығарындылардың ұзақтылығы

Пештің типтік көлемі, м	Жанулардың орташа жылдық саны	Продолжительность выброса, ч			
		оксидтер		шаңдар	
		азот, көміртегі	күкірт	электрофилтрл ердің сөнуі кезінде	электрофилтрл ердің қосылуы кезінде
Құрғақ түрі					
О 4,0?60	6	72	6	8	66
О 4,5?80	6	84	10	10	74
О 5,0?100	6	96	14	12	82
Дымқыл түрі					
О (3-4)?(100-150)	5	56	6	10	50
О 4,0?150	5	62	8	11	54
О 4,5?170	5	68	10	12	58
О 5,0?170	5	74	12	14	62
О 5,0?185	5	80	14	16	66

(анықтама)

Шығарындыларды есептеуге мысалдар

Б.1, 1 мысал – азот оксидінің шығарындыларын есептеу

Бастапқы мәндер:

Өндіру түрі - дымқыл

Жанармай түрі - мазут

Пештің көлемі - О 4.0?150 м

Пештердің сандары - 3 дана.

Б.1 кестесі

Азот оксидінің шығарындыларын есептеу нәтижелері

Көрсеткіш	№ 1 пеш	№ 2 пеш	№ 3 пеш
Шығатын газдардың көлемдері, V, м ³ /с	138 840	137 130	146 100
Жұмыс уақыты, T, сағ/жылына	6316	6754	6880
Шығатын газдардағы азот оксидінің			

концентрациясы C_{NOx} , г/м ³ , (3.1.1 кесте бойынша)	0.6		
Ең жоғарғы бір реттік шығарынды NO_x , M_c^{NOx} , г/с, (3.1.1 формула бойынша)	$138840 \cdot 0.6 / 3600 = 23.14$	22.86	24.35
Жалпы шығарынды NO_x , $M_{жыл}^{NOx}$, т/жылына, (3.1.2 формула бойынша)	$3.6 \cdot 23.14 \cdot 6316 / 1000 = 526.148$	555.827	603.101
Ең жоғарғы бір реттік шығарынды NO_2 , $M_c^{NO_2}$, г/с (3.1.3 формула)	$0.8 \cdot 23.14 = 18.512$	18.288	19.480
Ең жоғарғы бір реттік шығарынды NO , M_c^{NO} , г/с (3.1.3 формула)	$0.13 \cdot 23.34 = 3.008$	2.972	3.165
Жалпы шығарынды NO_2 , $M_{жыл}^{NO_2}$, т/жылына, (3.1.4 формула)	$0.8 \cdot 526.148 = 420.918$	444.662	482.481
Жалпы шығарынды NO , $M_{жыл}^{NO}$, т/жылына, (3.1.4 формула)	$0.13 \cdot 526.148 = 68.399$	72.258	78.403

Б.2. 2-мысал - Күкірт оксидінің шығарындыларын есептеу

Бастапқы мәндер:

Айналу пештерінің көлемдері - $0.36 \cdot 4.0 \cdot 118$ м

Өндіру түрі - дымқыл

Жанармай түрі – екі басқа да көмірлердің қоспасы

Б.2 кесте

Күкірт оксидінің шығарындыларын есептеуге арналған шығыс деректер

--	--	--	--

Көрсеткіш	№ 1 Көмір	№ 2 Көмір	№ 1 + № 2 көмірлердің қоспасы
Жанудағы іші жылуы, Q ?, ккал/кг	6250	4836	5860
Жанармайдың дымқылдығы, $W^?$, %	10	18	15
Жанармайдың күлді болуы, $A^?$, %	11.3	13.2	12
Жанармайдың жұмыс салмағындағы ыстық күкірттің құрамы, $S^?$, %	0.36	0.36	0.36

Форсункалы жанармайдың жұмсалымы, V_f , 5.67 т/сағатына (немесе $5.67 \cdot 106 / 3600 = 1575$ г/с)

Өнім жұмсалымы (құрғақ заттарға), V_s , 32.5 т/сағатына (немесе $32.5 \cdot 10^6 / 3600 = 9027$ г/с)

Өнімдегі сілтінің құрамы, C_{R2O} , 0.51%

Пештің жұмыс уақыты, 6000 сағат/год

3.2.1 формуласы бойынша ең жоғарғы бір реттік шығарынды;

$$M_{сек}^{SO_2} = 0.02 \times 1575 \times 0.36 \times (1 - 0.1) - \frac{0.01 \times 0.3 \times 0.51 \times 9027}{1.5} = 10.206 - 9.208 = 0.998 \text{ г/с}$$

.2.2 формула бойынша жалпы шығарынды:

$$M_{год}^{SO_2} = \frac{3.6 \times 0.998 \times 6000}{1000} = 21.557 \text{ т/год}$$

Түтінді газдардың көлемі - 170600 м³/сағат немесе 47.39 м³/с

Түтінді газдардағы концентрация SO₂: $0.998 / 47.39 = 0,021$ г/м³

Б.3, 3 мысал – Күкірт окидінің шығарындыларын есептеу

Бастапқы мәндер:

Айналу пештерінің көлемдері - 0 3.6?51.9 м

Өндіру түрі - дымқыл

Форсункалы жанармай: көмір шихтасы арақатынастағы үш түрлі басқа да көмірлер 0.08:0.64:0.28.

Б.3 кесте

Күкірт окидінің шығарындыларын есептеуге арналған бастапқы мәндер

--	--	--	--

Көмір түрлері	жұмсалымы, B_t		Жанудың іші жылуы, Q^2 , ккал/кг	Жалпы күкірттілігі, S^2 , %
	т/сағат	г/с		
Көмір № 1	0,58	161,1	3120	0,306
Көмір № 2	1,88	522,2	7080	0,06
Көмір № 3	1,083	300,8	5860	0,04

Өнімнің жұмсалымы (күрғақ заттар бойынша), B_s , 38.0 т/сағат (немесе $38.0 \cdot 10^6 / 3600 = 10555$ г/с)

Өнімдегі сілтінің құрамы, C_{R2O} , 0.58%

$$M_c^{SO_2} = 0.02(161.1 \cdot 0.306(1-0.1) + 522.2 \cdot 0.06(1-0.1) + 300.8 \cdot 0.04(1-0.1)) -$$

$$= 1.668 - 12.244 < 0 \text{ г/с}$$

Шешім: айналдыру пешіндегі түтінді газдарда SO_2 құрамы нөлге тең.

(анықтама)

Дымқыл түріндегі $O 4,0 \cdot 150$ м пештердің жануы кездеріндегі зиянды заттардың шығарындыларын есептеу мысалы

Бастапқы мәндер:

Өндіру түрі - дымқыл

Жанармай түрі - мазут

Пештің көлемі - $O 4,0 \cdot 150$ м

Күкірт құрамы,

S^*

, - 1%

Жанармай жұмсалымы, B_t , - 5900 кг/сағат (немесе 1638,89 г/с)

Шығатын газдар (пайдалану жағдайындағы):

жұмсалым, V , m^3/c

электрофильтр алдында	127050
электрофильтрлерден соң	146100
шандауы (электрофильтрлер алдында), $г/м^3$	30.0
NO_x құрамы (электрофильтрлерден соң), $г/м^3$	0.6
CO құрамы (электрофильтрлерден соң, жану кезіндегі ең жоғарысы) $г/м^3$	0.25
Электрофильтрлердің тазарту тиімділігі, ?	
Қуаттың қосылу кезіндегісі	0.99
Қуаттың ажыратылуы кезінде	0.60

Жұмыстың жалғасуы, T_p

Жекелеген жану кездерінде, ч

Қуаттың ажыратылуы кезіндегі шаңдар	10
Қуаттың қосылу кезіндегі шаңдар	50
NO _x	56
SO ₂	6
CO	56
жылдық, с/жылына	
Қуаттың ажыратылуы кезіндегі шаңдар	50
Қуаттың қосылу кезіндегі шаңдар	250
NO _x	280
SO ₂	30
CO	280

Есептер:

Шаң шығарындылары

Жобаланған зауыттар

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаты (4.1 формула бойынша) $M_c^{шаң} = 127050 \cdot 30,0 \cdot (1-0,99) / 3600$, г/с 10.59

Электрофилтрларының қосылуымен жану кезінде жылдық шығарынды (5.3.1 бойынша) $M_{жыл}^{шаң} = 3,6 \cdot 10,59 \cdot 250 \cdot 0,9 / 1000$, т/жылына 8.58

Қолданыстағы зауыттар

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаттылығы (7.1 формула бойынша) 5.3.1 т. есебінен $M_c^{шаң} = 127050 \cdot 30,0 \cdot (1-0,6) / 3600$, г/с 423.5

Электрофилтрларының ажыратылудағы жану кезінде жылдық шығарынды (5.3.1 бойынша) $M_{жыл}^{шаң} = 3,6 \cdot 423,5 \cdot 50 \cdot 0,9 / 1000$, т/жылына 68.61

Азот оксидінің шығарындылары

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаты NO_x (6.1.1 формула бойынша) $M_c^{NOx} = 146100 \cdot 0,6 / 3600$, г/с 24.35

Азот диоксидінің шығарындылары (3.1.3 бойынша) $M_c^{NO2} = 0,8 \cdot 24,35$ 19.48

Азот оксидінің шығарындылары (3.1.3 бойынша) $M_c^{NO} = 0,13 \cdot 24,35$ 3.17

Жану кезіндегі NO_x жылдық шығарындылар (5.4.1 бойынша) $M_{жыл}^{NOx} = 3,6 \cdot 24,35 \cdot 280 \cdot 0,75 \cdot 0,7 / 1000$, т /жылына 12.89

Азот диоксидінің шығарындылары (3.1.4 бойынша) $M_{жыл}^{NO2} = 0,8 \cdot 12,89$ 10.31

Азот оксидінің шығарындылары (3.1.4 бойынша) $M_{жыл}^{No} = 0,13 \cdot 12,89$ 1.68

Күкірт оксидінің шығарындылары

Шығарындылардың ең жоғарғы қуаты (5.5.1 формул 32.12 бойынша) $M_c^{SO_2} = 0,02 \cdot 1638,89 \cdot (1 - 0,02), \text{г/с}$

Жану кезіндегі жылдық шығарындылар (5.5.2 бойынша) $M_{\text{жыл}}^{SO_2} = 3,6 \cdot 32,12 \cdot 30 \cdot 0,55 / 1000, \text{ т/ 1.91}$ жылына

Ең жоғарғы қуатты көміртегі оксидінің шығарындылары (5.6.1 формула бойынша) $M_c^{CO} = 10.15$ $146100 \cdot 0,25 / 3600, \text{ г/с}$

Жану кезіндегі жылдық шығарындылар (5.6.2 бойынша) $M_{\text{жыл}}^{CO} = 3,6 \cdot 10,15 \cdot 280 \cdot 0,75 \cdot 0,4 / 1000, \text{ т/ 3.07}$ жылына

4-санаттағы нысандардан атмосфераға шығарылатын ластағыш заттарды есептеу әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы 4-санаттағы нысандардан атмосфераға шығарылатын ластағыш заттарды есептеу әдістемесі 4-ші санаттағы кәсіпорындарға ластаушы заттардың шығарылуын түгендеу кезінде, шекті ұйғарынды шығарылым (ШҰШ) көрсеткіштерінің жобасын жасап шығару кезінде, жекелеген шығарылу көздерінің әуе кеңістігі жағдайына әсер ету деңгейін анықтау кезінде, келешектегі шығарылу көлемін болжау кезінде бірыңғай амалдарды белгілеу мақсатында әзірленді.

Әдістеме негізінде алынған нәтижелер әрекеттегі кәсіпорындар мен нысандардағы шығарылымдарды есепке алу және реттеу кезінде, сонымен қатар, жаңа құрылыстың жобалауалды және жобалау құжаттамаларын жасап шығару кезінде бастапқы деректер ретінде қолданылады.

2. 4-санат нысандары жайлы жалпы мағлұматтар

2. "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің" 40-бабына сәйкес 4-ші санатқа спорттық (әуесқой) балық және аң аулауды қоспағанда өндіріс нысандарының санитариялық жіктелуі бойынша қауіп-қатердің V тобындағы қызмет түрлері, жануарлар дүниесі нысандарын қолданудың барлық түрлері жатады.

3. Осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес **2-кестеде** 50 метрден аспайтын санитарлық қорғау аумағы бар (СҚА) 4-ші санаттағы нысандарға жататын кәсіпорындар мен өндіріс орындарының тізімі берілген.

4. Статистикалық есеп-қисап нысандарын толтыру кезінде және атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі жобалау және жобалауалды құжаттамаларды жасау кезінде, сонымен қатар ауаны қорғау шараларын негіздеу және жасап шығару үшін шығарылатын газды-ауалы ағындардың сапалық және сандық құрамы жайында ақпарат алу қажет. Әрекеттегі кәсіпорындар мұндай ақпаратты қайтушы газдар баптауларының тікелей натурлық шамаларының көмегімен алулары; ал жобадағы өндіріс орындары теңгерімдік (техникалық) тәсілдер негізінде алулары мүмкін.

5. Шығарындылардың құрамы мен көлемін тікелей өлшеу барлық жағдайда жақсы болады. Дегенмен, заттай өлшеулерді қолдану көп жағдайда талдау тәсілдерінің жетілмегендігімен, сонымен бірге ұйымдастырушылық және материалдық сипаттағы мынадай қиындықтармен айтарлықтай шектеледі:

газ сынамаларының іріктеу, қорғау және тасымалдау күрделілігімен;

зертханалардың жабдықталу деңгейінің төмендігімен және қызметкерлердің дайындығының жоқтығымен;

талдау тәсілдерінің жоғары құнымен.

6. Балансты және технологиялық есептеу тәсілдері жылдық шығарылымдарды анықтауда жақсы нәтижелер береді, алайда олар заттай өлшеулерді есептеу үшін деректерді дайындау кезінде мүлде жарамсыз. Зиянды заттардың "салыстырмалы бөліндісі" деп технологиялық үдеріс кезінде бөлінген және бұл үдерісті сипаттайтын заттық көрсеткіш бірлігіне жатқызылатын берілген заттың мөлшерін (салмағы) атайды. Мұндай өндірістік көрсеткіштер болып мыналар санала алады:

негізгі өндірісте өңделетін шикізат массасының бірлігі;

берілген технологиялық үдеріс кезінде алынатын дайын өнім немесе жартылай фабрика бірлігі;

тұтынылатын энергия бірлігі;

құрылғының жұмыс істеу уақытының бірлігі және т.б.

7. Зиянды заттардың салыстырмалы бөліндісінің мөлшерін анықтаудың негізі болып технологиялық үдерістер барысында пайда болған газ шығарылымдарының күтілген сапалық құрамы жөніндегі теориялық деректер мен әрекеттегі қондырғылардан шығатын заттардың көлемі, заттай өлшемдер нәтижелері қызмет етеді

8. Зиянды заттың "салыстырмалы шығарылымы" деп "салыстырмалы бөліндінің" тікелей атмосфераға түсетін бөлігін атайды. Газды, шаң-тозаңды ұстаушы құрылғымен жабдықталған көздер үшін салыстырмалы шығарылымның мөлшері салыстырмалы бөліндінің әртүрлілігіне мен оның ұсталып қалынған және залалсыздандырылған бөлігіне тең болады. Газды, шаң-тозаңды ұстаушы құрылғысы жоқ ұйымдасқан көздер үшін салыстырмалы шығарылымдар салыстырмалы бөлінділерге тең болады. Осыған байланысты салыстырмалы шығарылым мөлшерін анықтау кезінде қосымша эксперимент арқылы алынатын нақты қондырғылар мен газдан және шаң-тозаңнан

тазалау жүйелерінің тиімділігі жөніндегі ақпарат қолданылады. Осылайша, бір технологиялық құрылғының салыстырмалы шығарылымы бұл құрылғымен жиынтықта жұмыс жасайтын газ тазалау аппаратының түріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

9. Салыстырмалы көрсеткіштер негізінде бөлінді көздерінен (құрылғы бірліктері) шығатын зиянды заттардың шығарылымын есептеу әдіснамасы.

Салыстырмалы көрсеткіштер (г/с құрылғы бірлігіне, өңделу үстіндегі материалдың г/кг, г/с өңделу үстіндегі кг, беттің г/(с*м²)) негізінде бөлінді көздерінен (құрылғы бірліктері) шығатын зиянды заттардың бірреттік максималды шығарылымын есептеуді келесі тәсіл арқылы жүзеге асыруға болады:

1) салыстырмалы көрсеткіштің уақыт бірлігіне қатынасы жағдайында(г/с):

$$M_c = Q_{уд.}, \text{ г/с, (2.1)}$$

мұндағы: M_c – құрылғы бірлігінен бөлінетін зиянды заттың і-ші саны, г/с;

$Q_{уд.}$ – құрылғы бірлігінен шығатын заттың салыстырмалы шығарылымы, г/с.

2) Өңделу үстіндегі материалдың г/кг-на салыстырмалы көрсеткішті қолдану жағдайында:

$$M_c =$$

$$\frac{Q_{уд.} \times B}{3600}$$

$$\frac{Q_{уд.} \times B}{3600}$$

„ г/с, (2.2)

мұндағы: $Q_{уд.}$ – өңделу үстіндегі материалдың кг-нан бөлінетін заттың салыстырмалы бөлінді көрсеткіші, г/кг;

B – құрылғыда өңделу үстіндегі материал шығыны, кг/сағ.

3) г/с салыстырмалы көрсеткішті өңделу үстіндегі материалдың кг-на қолдану жағдайында:

$$M_c = Q_{уд.} * B, \text{ г/с (2.3)}$$

мұндағы: $Q_{уд.}$ - өңделу үстіндегі материалдың кг-на бөлінетін заттың салыстырмалы бөлінді көрсеткіші, г/с кг-ға;

B - құрылғыда өңделу жатқан материал шығыны, кг.

4) Салыстырмалы көрсеткішті өңделу үстіндегі беттер ауданына қатынасы жағдайында, м²/сағ:

$$M_c =$$

$$\frac{Q_{уд.} \times S}{3600}$$

$$\frac{Q_{уд} \times S}{3600}$$

„ г/с (2.4)

мұндағы: $Q_{уд}$ – заттардың жабдық бірлігінен салыстырмалы шығарылымы, беттің г /м²;

S – өңделу үстіндегі беттердің ауданы, м²/сағ.

5) Салыстырмалы көрсеткішті бет (айна) ауданынан (м²) қолдану жағдайында:

$$M_c = Q_{уд}$$

×

×

S , г/с (2.5)

мұндағы: $Q_{уд}$ - заттың құрылғы бірлігінен шыққан салыстырмалы шығарылымы, беттің г/(с*м²);

S – беттің ауданы (айнаның), м².

10. Салыстырмалы көрсеткіштер негізінде бөлінді көздерінен (құрылғы бірліктері) атмосфераға түсетін зиянды заттардың шығарылымын есептеу әдіснамасы.

(2.1-2.5) формулалары бойынша есептелген құрылғы бірлігінен шыққан зиянды заттардың шығарылымы атмосфераға вентиляция жүйелері: жергілікті сору және жалпы алмасу вентиляциялары жүйелері арқылы өтеді. Атмосфераға түсетін зиянды заттардың жалпы көлемі:

$$M_c = M_{сop.} + M_{ж.алм.}, \text{ г/с (2.6)}$$

мұндағы: M_c – атмосфераға түсетін зиянды заттар көлемі, г/с;

$M_{сop}$ - жергілікті сору жүйелері арқылы жойылатын зиянды заттар көлемі, г/с;

$M_{ж.алм.}$ – жалпы алмасу вентиляциясы арқылы жойылатын зиянды заттар көлемі, г/с

Вентиляция жүйелері арқылы атмосфераға өтетін зиянды заттар шығарылымын есептеу кезінде жергілікті сору тиімділігінің коэффициентін, берілген вентжүйеге қосылған құрылғы бірліктерінің санын, құрылғының жүктелу коэффициентін,

құрылғының біруақытта жұмыс істеу коэффициентін және газдан, шаң-тозаңнан тазалау құрылғыларындағы бар болған жағдайда зиянды заттардың ұсталу деңгейін есепке алу қажет.

1) жергілікті сору жүйелері мен БГҚ-мен қамтамасыз етілген жабдықтарда жергілікті сору жүйелері арқылы жойылатын зиянды заттардың мөлшері ($M_{\text{сop}}$, г/с) мына формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{сop}} = M_c * n * k_{\text{э}} * k_0 (1 - ?), \text{ г/с} \quad (2.7)$$

мұндағы: M_c - жабдық бірлігінен бөлінетін i -ші зиянды заттың саны, г/с (2.1-2.5) формулалары бойынша қабылданады);

n – бір шығарылым көзіне біріктірілген біраттас жабдықтардың бірлік саны, тал.;

$k_{\text{э}}$ – жергілікті сору жүйелерінің тиімділік коэффициенті (кей жағдайларда 0.9-ға тең өлшемдер негізінде қабылдау қажет);

k_0 – жабдықтың біруақытта жұмыс істеу коэффициенті (өлшемсіз көлем);

? - БГҚ тазалау тиімділігінің коэффициенті, бірліктер үлесі бойынша.

Екісатылы тазалау болған жағдайда, тазалаудың жалпы тиімділігі мына формула арқылы есептелінеді:

$$? = 1 - (1 - ?_1) * (1 - ?_2), \quad (2.8)$$

мұндағы: $?_1$ - тазалаудың 1-ші сатысының тиімділігі, бірлік үлесі бойынша;

$?_2$ - тазалаудың 2-ші сатысының тиімділігі, бірлік үлесі бойынша.

2) Жеке бөлмеде (цехта) орналасқан жалпыалмасу вентиляциясы арқылы жойылып отыратын зиянды заттардың мөлшері ($M_{\text{ж.алм.}}$, г/с) бұл бөлмеде (цехта) орнатылған барлық жабдық бірлігінен бөлінген шығарылымдар сомасына тең, ол мына формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{ж.алм.}} = ? M_c * n * k_0 * k_{\text{Г}} * (1 - k_{\text{э}}), \text{ г/с} \quad (2.9), \text{ г/с} \quad (2.9)$$

мұндағы: n – бір шығарылым көзіне біріктірілген бір аттас жабдықтар бірліктерінің саны, тал.;

k_0 – жабдықтың біруақытта жұмыс істеу коэффициенті (өлшемсіз көлем);

$k_{\text{э}}$ – жергілікті сору жүйелерінің тиімділік коэффициенті (кей жағдайларда 0.9-ға тең өлшемдер негізінде қабылдау қажет);

$k_{\text{Г}}$ – гравитациялық тұнба коэффициенті.

Бөлшектерді бөлінді көзінен жою арқылы орналастыру жөніндегі гравитациялық тұндыруды есепке ала отырып қолда бар деректер бойынша түзету коэффициентінің мәнін бөліндінің түрлі көлеміне қарай қабылдауы мүмкін:

- ағаш, металл, абразия тозаңы үшін - 0,2;
- өзге қатты компоненттер үшін - 0,4.

Қатты компоненттері ірі көлемде бөлінетін нақты өндіріс орындарында түрлі жұмыс түрлерін жасау кезінде атмосфераға зиянды заттардың өтуі мүмкін жерлерде дисперсті аспапты өлшемдер жүргізуді қарастырған жөн.

Ашық аспан астында жұмыс істейтін бөлінді көздері үшін гравитациялық тұндыру коэффициенті тек максималды бірреттік шығарылымдарды есептеу кезінде ғана есепке алынады;

3) Егер құрылғы тазаланған ауаны цех ішіне қайтаратын рециркуляциялық шаң-тозанды сүзетін агрегаттармен (ПУА, АПР, ЗИЛ және т.б. типтегі) жабдықталған болса, онда жалпыалмасу вентиляциясына түсетін зиянды заттар мөлшері ($M_{ж.алм.}$, г/с) мына формула бойынша анықталады:

$$M_{ж.алм.} = ? (M_c(1-k_э) + M_c * k_э(1-?)) * n * k_o * k_r, \text{ г/с (2.10)}$$

мұндағы: n – бір рециркуляциялық агрегатқа қосылған біраттас жабдықтар бірліктерінің саны, тал;

$k_э$ – рециркуляциялық агрегаттағы жергілікті сору жүйелерінің тиімділік коэффициенті (кей жағдайларда 0.9-ға тең өлшемдер негізінде қабылдау қажет);

k_r – гравитациялық тұнба коэффициенті (қара. жоғарырақ);

k_o – жабдықтардың біруақытта жұмыс жасау коэффициенті (өлшемсіз көлем);

$?$ - рециркуляциялық агрегатты тазалау тиімділігінің коэффициенті, бірліктер үлесі бойынша.

Жеке бөлмеде (цех) орнатылған жалпыалмасу вентиляциясы арқылы жойылып отыратын зиянды заттардың жалпы мөлшері берілген бөлме ішінде орналасқан құрылғының барлық бірліктерінен шығатын шығарылымдардың мөлшеріне тең.

Өндіріс орнында екі немесе одан да көп сорып алатын вентиляциялық мұржалар болған жағдайда зиянды заттардың барлық және бірреттік максималды шығарылымдарының жалпы мөлшері олардың арасында былай орналасады:

мәжбүрлі вентиляциясы жоқ сорып алатын мұржалары болған жағдайда – бұл мұржалар диаметріне пропорционалды орналасады;

мәжбүрлі вентиляциясы бар мұржалары болған жағдайда – бұл жүйелердің өнімділігіне пропорционалды орналасады.

11. Зиянды заттардың жылдық шығарылымы.

Зиянды заттардың атмосфералық ауаға жылдық шығарылымы ($M_{жыл}$, т/жыл) мына формула бойынша анықталады:

$$M_{год} = \frac{M_c \times T \times k_э \times 3600}{10^6}$$

$$M_{\text{год}} = \frac{M_c \times T \times k_3 \times 3600}{10^6}$$

, т/год (2.11)

мұндағы: M_c – i -ші зиянды заттың мөлшері, г/с;

T – берілген жабдықтың жұмыс істеу уақытының жылдық қоры, сағ./жыл;

k_3 – төмендегі формула бойынша анықталатын жабдықты жүктеу коэффициенті

$$k_3 = t/T, \quad (2.12)$$

мұндағы: t – жабдықтың бір жыл ішінде істеген іс жүзіндегі жұмыс сағатының саны, сағ./жыл

T – берілген жабдықтың жылдық жұмыс істеу қоры, сағ./жыл;

3. Дайын дәрі-дәрмек түрлерін өндіру кезіндегі зиянды заттардың атмосфералық ауаға шығарылымын есептік-аналитикалық анықтау

12. Дайын дәрі-дәрмек түрлерін өндіру (жасаушыларын дайындамайтын) кезіндегі зиянды заттардың атмосфералық ауаға шығарылымын есептік-аналитикалық анықтау әдістемесі шығарылымдарды және капсула мен таблетка өндіретін өндіріс орындарындағы технологиялық құрылғылардың барлық сатыларында және барлық түрлерінен бөлінетін ластаушы заттардың өлшенген бөлшектерін (бұдан әрі - өлшенген бөлшектер) анықтауға арналған.

Бұл әдістеме зиянды заттардың максималды секундты бөлінділері мен шығарылымдарын, жалпы (жылдық) бөлінділер мен шығарылымдарды есептеу алгоритмдері мен рәсімдерін шығарылымдар мен дисперсті ұнтақтардың термодинамикалық баптауларын тікелей өлшеу нәтижелері негізінде орнатады. Сонымен бірге, бұл әдістеме зиянды заттардың бөліндісінің салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау тәртібін орнатады.

Әдістеме газтазалау жүйелері бар немесе жоқ бөлінді көздерінен шыққан шығарылымдарды есептеуге мүмкіндік береді. Әдістеме газтазалау құрылғыларындағы ауаны тазалау деңгейін анықтау тәртібін орнатпайды. Бұл Әдістеме бойынша алынған нәтижелер жобадағы дайын дәрі-дәрмек түрлерін таблеткалау және капсулалау өндірістерінің атмосфералық ауаны қаншалықты ластайтынын бағалауға арналуы мүмкін.

Осы Әдістеме бойынша алынған нәтижелер дайын дәрі дәрмек нысанын таблеткалау және капсулалау өндірісін жобалауда атмосфералық ауаның күтілген ластануын бағалау үшін пайдалануға болады.

13. Технологиялық үдерістің сипаттамасы.

Дайын дәрі-дәрмек өндірісінде - таблеткалар мен капсулалар түріндегі медициналық препараттар – бөлінділер мен препараттар құрамының сандық және

сапалық тұрақсыздығымен сипатталатын, сонымен бірге, шаң тудыратын периодты технологиялық операциялар қатары бар.

14. Өлшенген бөлшектердің бөлінуімен бірге жүретін технологиялық үдерістер мен операциялар шартты түрде жеті түрге бөлінеді. Олардың әрбіріне зиянды заттардың өлшенген бөлшектерінің шығарылымы мен бөлінділерін есептік-талдамалық анықтаудың спецификалық алгоритмі жасап шығарылған.

Бірінші түрге технологиялық үдерісті өткізудің (ылғалдылық, температура, құрамы) өзгеріссіз физика-химиялық баптауларында жүзеге асырылатын операциялар жатқызылады. Мұндай операцияларға ұнтақтарды, таблеткалы массаны, түйіршіктерді, таблеткаларды елеу, сақтау жатады. Әдеттегідей, мұндай операциялар жергілікті аспирация жүйесімен жабдықталған (сорып алатын шкаф) боксте жүргізіледі.

Екінші түрге шаң-тозаңды алып кету тұрғысынан қолданыстағы субстанциялардың температурасы мен ылғалдылығының өзгеруі есебінен айтарлықтай әркелкілігімен сипатталатын үдерістер мен операциялар жатады. Ең алдымен, бұл түрге көпкомпонентті шаң-тозаңды материалдар мен бастапқы біркомпонентті субстанциялар түйіршіктерінің конвективті кептірілуі жатады. Шаң-тозаңның бөлінуі үдерістердің басында аз көлемде болады, себебі кептірілетін материал ылғалды болады және кептірудің аяғында ғана максимумға жетеді.

Үшінші түрге ұнтақтарды технологиялық аппараттарға құю арқылы жүктеу-шығару операциялары жатады. Үдеріс кезеңіне байланысты аппараттарға біркомпонентті ұнтақтарды бастапқы субстанцияларды араластырғыштарға және қосымша материалдарды сыйымдылықтар мен дражелеу күбілеріне опалау үшін жүктейді, не болмаса көпкомпонентті ұнтақтарды, жартылай фабрикаттарды капсулалау, опалау және таблеткалау үшін құрылғыларға жүктеледі.

Төртінші түрге біркомпонентті және көпкомпонентті ұнтақтарды технологиялық аппараттарға қалақтың көмегімен жүктеу-шығару жатады. Ұнтақтар қоспасын қалақпен шамадан тыс жүктеген кезде (жүктеу-шығару) шығарылымдардың пайда болу механизмі жоғарыда сипатталған үшінші түрмен салыстырғанда қайта аударып салу операциясын бірнеше дүркін есептеу қажеттілігімен ерекшеленеді.

Бесінші түрге ұнтақтарды қарқынды түрде қолмен немесе механикалық түрде араластыру жағдайында өтетін технологиялық үдерістер мен операциялар жатады (опалау, дражелеу, құрғақ түйіршіктеу).

Алтыншы түрге түйіршіктерді қайнаған қабатта кептіру үдерісі жатады.

Жетінші түрге таблеткалау және капсулалау үдерістері жатады.

1-6-шы түрге жататын үдерістер мен операциялар үшін есептеу жүргізбес алдында технологиялық аппараттарды шаң-тозаңды бөлінді көзі ретінде сипаттайтын баптаулар мен өңделген материалдар сипаттамасын (дайын дәрі-дәрмек түрлерін) эксперименталды түрде анықтау қажет.

Эксперименталды зерттеулер мен алынған нәтижелерді өңдеу 16-тармақтың 1)-17) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Технологиялық үдерістер үшін бөлінділер мен шығарылымдарды анықтау және жетінші түрге жататын операциялар қосымша материалдардың эксперименталды анықтауынсыз жүргізіледі.

1, 2, 3 және 4-ші түрге жататын технологиялық үдерістер мен операциялар үшін бөлінділер мен шығарылымдарды есептеу алгоритмдері 16 бөлімде келтірілген.

5, 6 және 7-ші түрге жататын технологиялық үдерістер мен операциялар үшін бөлінділер мен шығарылымдарды есептеу алгоритмдері сәйкесінше 17-19 бөлімдерде келтірілген.

Өлшенген бөлшектердің бөлінділері мен шығарылымдарын есептеу кезінде келесі жорамалдар жасалынған.

Берілген бөлінді көзінен *i*-ші өлшенген компонентінің максималды бөліндісіне оның *j*-ші дайын дәрі-дәрмекті өндіру кезінде бөлінуі жатады. Мұның құрамында аталған компонент бөліндінің дәл осы көзін қолдану арқылы шығарылатын өзге дайын дәрі-дәрмекпен салыстырғанда максималды түрде көрініс табады.

Бірнеше бірізді операцияларды (мысалы, араластырғыштар үшін жүктеу құрғақ араластыру, ылғалды араластыру, шығару) орындайтын технологиялық аппараттардан өлшенген бөлшектердің максималды бөліндісіне көлемі айтарлықтай мәнге ие болатын операциялар барысында бөлінген өлшенген бөлшектер жатады.

Бір уақытта бірнеше операцияларды орындайтын технологиялық аппараттардан (мысалы, түйіршектер үшін ұнтақ қоспаларын жүктеу, құрғақ түйіршіктелу және түйіршіктерді шығару) өлшенген бөлшектердің максималды бөліндісіне барлық операциялар барысында өлшенген бөлшектердің максималды бөлінді көлемі жатады.

Бөлінді көзінен бөлінетін ластаушы заттардың жалпы (жылдық) шығарылымының көлемі атмосфераға бір жыл ішінде түрлі дайын дәрі-дәрмектерді өндіру кезінде түскен берілген зат шығарылымының жалпы көлемі ретінде анықталады.

Бірізді және/немесе параллелді бірнеше операцияларды орындайтын технологиялық аппараттардан бөлінетін ластаушы заттардың жалпы (жылдық) бөлінді көлемі атмосфераға әрбір жеке операцияны орындау барысында түскен берілген зат шығарылымының жалпы көлемі ретінде анықталады.

Кәсіпорындағы ластаушы заттардың жалпы бөлінді мөлшері құрамында берілген зат бар қайтып кетуші газдардан тұратын барлық көздер шығарылымының жалпы көлемі ретінде анықталады.

15. Дайын дәрі-дәрмектерді өндіру кезіндегі ластаушы заттардың шығарылымдарын анықтау.

16. 1-4-ші түрге жататын үдерістер мен операциялар үшін ластаушы заттардың бөлінділері мен шығарылымдарын анықтау алгоритмі.

Эксперименталды зерттеулер мен ластаушы көздерден бөлінетін бөлінділер мен шығарылымдарды есептеу келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

1) Үдерістің технологиялық жұмыс тәртібі бойынша өңделген ұнтақтардың сапалық құрамын анықтайды (берілген технологиялық операция барысында өңделетін ұнтақтар тізімдемесі).

2) Берілген көзде жүзеге асырылатын және өлшенген бөлшектердің бөлінуі арқылы орындалатын операцияларды анықтайды.

3) Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кесте бойынша берілген бөлінді көзі үшін әрбір операцияның түрін анықтайды. Бұдан кейінгі өлшеулер мен есептеулер барлық дәрі-дәрмек түрлеріне, олардың компоненттеріне және 1) мен 2) тармақтары бойынша анықталған операцияларға жүргізіледі.

4) Бөлшектер тығыздығын өлшеу 2211-65. МЕМСТ бойынша пикнометрикалық тәсіл арқылы жүзеге асады. Егер технологиялық үдерісте көпкомпонентті қоспа қолданылса, онда қоспа құрамына кіретін әрбір ұнтақтың тығыздығы анықталады.

5) Ұнтақтың дисперсті құрамын өлшеу 23402-78. МЕМСТ бойынша өткізіледі. Егер технологиялық үдерісте көпкомпонентті қоспа қолданылса, онда қоспа құрамына кіретін әрбір ұнтақтың дисперсті сараптамасы жүзеге асырылады. Өлшемдер жүргізудің рұқсат беру қабілеті қоспадағы фракция бөлшектерінің \pm

1 мкм-тен аспайтын 1 мкм-ден D_{\max} -қа дейін болуын қамтамасыз етуі қажет. Не болмаса өлшемдер нәтижелерін осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 18-кесте түрінде көрсетеді.

6) Егер технологиялық үдерісте түйіршіктер қолданылса түйіршектердің диаметрі өлшенеді (түйіршіктер диаметрін бағалау гранулятор ұяшығының өлшемі бойынша жүзеге асырылады).

7) Ұнтақ қабатымен байланысқа түсетін газ ағынының U жылдамдығы мен t температурасының өлшемдері жүргізіледі. Газ ағынының U жылдамдығын өлшеу ұнтақ қабатының перпендикуляр жазықтығының осінде анемометр арқылы жүзеге асырылады. Жылдамдықты анықтау кезінде, міндетті түрде, газ жылдамдығы өлшемінің нүктесінен ұнтақ қабатына дейінгі қашықтықты өлшеп алады (x параметрі). U жылдамдықты өлшеуді 17.2.4.06-90 МЕМСТ, ал t температураны 17.2.4.07-90 МЕМСТ бойынша орындайды.

8) Газ ағынының t температурасын ұнтақпен байланысқа түскен аймақта өлшеу нәтижелері бойынша P_T газ тығыздығы мен

μ

газ тұтқырлығы динамикасының коэффициентін анықтайды (ылғалды ауадағы P_r мен μ

жөніндегі деректер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 2-кестеде көрсетілген).

9) (3.1) формула бойынша газ ағынымен бірге ағып кетуі мүмкін D_{\max} бөлшектердің максималды өлшемін есептейді.

Көпкомпонентті ұнтақтарға арналған есептеу процедураларын жеңілдету мақсатында D_{\max} өлшемін есептеу ұнтақтың тек анағұрлым жеңіл (P_{II} бөлшектері тығыздығының минималды мәніне ие) компоненті үшін жүргізіледі, ал алынған мән барлық компоненттердің ұшып кету мөлшерін бағалау үшін қолданылады:

$$D_{\max} = 1,8 \times U^{1,5} \times \frac{1}{g \times (P_a - P_r)} \times \sqrt{\frac{P_r \times \mu}{x}},$$

(3.1)

мұндағы: D_{\max} – ұшып кететін ұнтақ бөлшектерінің максималды өлшемі, м;

P_r – газ тығыздығы (ауа), кг/м³;

P_{II} – ұнтақтың анағұрлым жеңіл компоненті бөлшектерінің тығыздығы, кг/м³;

g – еркін құлауды жеделдету, 9,8 м/с-ке тең; (м/с²)

μ

-газ тұтқырлығының динамикалық коэффициенті, кг/м; (кг/м

×

с)

x – газ ағыны жылдамдығын өлшеу нүктесінен ұнтақ қабатына дейінгі арақашықтық, м;

U – өлшеу нүктесіндегі газ ағынының жылдамдығы, м/с.

Ескерту – баптаулардың аралық мәнін сызықтық интерполяция тәсілі арқылы есептелуі мүмкін.

10) Қоспаның әрбір i -ші компоненті үшін газ ағынының өлшенген U жылдамдығы кезінде ағып кетуі мүмкін, өлшемі D_{\max} -тан аспайтын бөлшектер фракциясының $?$ _{i} жаппай үлесін бағаланады.

Газ ағынымен ағып кетуі мүмкін ұнтақ фракциясының $?$ _{i} жаппай үлесін шаң-тозанның дисперсті анализі нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

11) Үдерістің технологиялық жұмыс тәртібі бойынша үдерістің берілген кезеңінде біруақытта өңделетін m_{pj} ұнтағының жалпы массасын және әрбір m_{ij} компонентінің массасын анықтайды.

12) Мүлде құрғақ зат бойынша әрбір j -ші дәрі-дәрмек түрінің i -ші компонентінің f_{ij} массалық үлесін (3.2) формуласы бойынша анықтайды:

$$f_{ij} = \frac{m_{p_{ij}}}{m_{p_j}},$$

(3.2)

мұндағы: f_{ij} - j -ші дәрі-дәрмек түрінің i -ші компонентінің массалық үлесі;

$m_{p_{ij}}$ – өңделу үстіндегі ұнтақтың i -ші компонентінің массасы, кг;

m_{p_j} - j -ші дәрі-дәрмек түрінің өңделу үстіндегі ұнтағының жалпы массасы, кг.

13) Шаң-тозаң шығарушы беттің S ауданын есептеу үшін қажетті технологиялық аппараттар мен өңделген материалдардың өлшемдерін анықтайды.

Түрлі бөлінді көздері мен ластаушы заттардың шығарылым түрлеріне арналған шаң-тозаң шығарушы беттің S ауданын есептейтін баптаулар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 3-кестеде келтірілген.

14) Шаң-тозаң шығарушы ұнтақ бетінің ауданын анықтайды.

Түрлі технологиялық операциялар мен бөлінді көздері үшін шаң-тозаң шығарушы беттің S ауданын есептеу формулалары осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 3-кестеде келтірілген.

15) Әрбір i -ші компонент үшін ауа жіберетін ұнтақ қабатындағы өлшемі D_{\max} -тан аспайтын m_{ij} бөлшектер массасын былай есептейді:

$$m_{ij} = S \times D_{95} \times Pn_i \times \lambda_i \times f_{ij},$$

(3.3)

мұндағы: m_{ij} - j -ші дәрі-дәрмек түрінің ауа жіберетін ұнтақ қабатындағы өлшемі D_{\max} -тан аспайтын i -ші компоненттің бөлшектер массасы, кг;

S - Шаң-тозаң шығарушы ұнтақ бетінің (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 3-кесте бойынша), кв.м;

D_{95} – ауа жіберуші қабаттың биіктігін сипаттайтын және массасының 95%-н құрайтын ұнтақ бөлшектерінің ең үлкен өлшеміне сәйкес келетін бөлшектер өлшемі, м;

λ_i - өлшемі D_{\max} -тан аспайтын i -ші бөлшек массаларының массалық үлесі.

16) Технологиялық жұмыс тәртібі бойынша барысында ластаушы заттардың бөлінуі орын алатын Т операциялардың жалпы ұзақтығын анықтайды.

17) Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 4-кесте бойынша берілген операция (шығарылымдар түрі) үшін N немесе N1 қабатының жаңару еселігін анықтайды.

18) Q_{ij} (г/кг) ұнтағының салыстырмалы бөліндісін (3.4) формулалар бойынша анықтайды:

$$Q_{ij} = 10^3 \times \frac{m_{y_{ij}}}{(m_{y_{ij}} + m_{p_{ij}})} \times N \times T$$

немесе

$$Q_{ij} = 10^3 \times \frac{m_{y_{ij}}}{(m_{y_{ij}} + m_{p_{ij}})} \times N1,$$

(3.4)

мұндағы: Q_{ij} - j-ші дәрі-дәрмек түрінің i-ші ұнтақ компонентінің салыстырмалы бөліндісі, г/кг;

N – уақыт бірлігіне қарай қабаттың жаңару еселігі (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 4-кесте), мин^{-1} ;

T – берілген операцияның жалпы ұзақтығы, мин;

N1 – ұнтақ топтамасын өңдеу уақытындағы қабаттың жаңару еселігі (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 4-кесте), 1/цикл.

19) M_{ij} (г/с) ластаушы заттарының максималды бөліндісін (3.5) формула бойынша анықтайды:

, (3.5)

мұндағы: M_{ij} - j-ші дәрі-дәрмек түрінің i-ші компонентінің максималды бөліндісі, г/с (бұл Әдістеменің 12 бөлімінде көрсетілген жорамалдарды есепке ала отырып қабылданады);

k_1 – бұл операцияны орындау кезіндегі ластаушы заттардың жаппай бөлінуінің әркелкілік коэффициенті (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 4-кесте бойынша).

20) Ластаушы заттардың M_{ij}^* (г/с) максималды шығарылымын (3.6) формуласы бойынша есептейді:

$$M_{ij}^* = M_{ij} \cdot (1 - ?) \quad (3.6)$$

мұндағы: M_{ij}^* - j-ші дәрі-дәрмек түрінің i-ші компонентінің максималды шығарылымы, г/с;

? - газтазалау құрылғыларының тазалау деңгейі, бірліктер үлесінде.

21) Ластаушы заттардың жалпы (жылдық) бөліндісін G_i (т/жыл) (3.7) формуласы бойынша есептейді:

$$G_i = \sum_{j=1}^J 10^{-6} \times Q_{ij} \times B_{ij},$$

(3.7)

мұндағы: G_i – берілген бөлінді көзінен i -ші компонентінің жалпы (жылдық) бөліндісі, т/жыл;

B_{ij} - берілген кезеңнен өткен j -ші дәрі-дәрмек түрінің i -ші компонентінің жалпы жылдық шығыны (массасы) (бұл Әдістеменің 2 бөлімінде көрсетілген жорамалдарды есепке ала отырып қабылданады), кг/жыл.

22) G_i^* i -ші компонентінің жалпы шығарылымын (т/жыл) (3.8) формула бойынша есептейді:

$$G_i^* = G_i (1 - \alpha_i) \quad (3.8)$$

мұндағы: G_i^* - берілген бөлінді көзінен бөлінген i -ші компоненттің жалпы шығарылымы, т/жыл.

17. 5-ші түрге жататын операциялар мен үдерістерге арналған ластаушы заттар шығарылымы мен бөліндісін анықтау алгоритмі.

5-ші түрге жататын операцияларға компоненттерді мәжбүрлі түрде араластыратын аппараттарында жүзеге асатын технологиялық үдерістер жатады. Мұндай үдерістер дражелеу күбілерінде жүзеге асатын опалау және дражелеу (таблеткаларды қабықпен қаптау) кезеңдерінде қолданылады. Таблеткаларды қабықпен қаптау үдерісінің спецификалық ерекшелігі болып олардың көпкезеңділігі (опалау, бояу, жылтырату кезеңдері) және қарқынды араластыру мен араластыру аймағына қыздырылған ауа жіберу жағдайында үлкен көлемдегі негізгі материалды (таблетка, түйіршік) қосымша материалдың аз мөлшерімен өңдеу болып саналады. Мұндай үдерістерді жүзеге асыру барысында өлшемі D_{\max} -тан кем болатын барлық бөлшектер ауа ағынымен бірге ағып кететіндігі тәжірибе жүзінде анықталған.

Алдын-ала өлшеу жұмыстарын және шығарылымдарды есептеуде қолданатын қосымша параметрлерді бағалау 16-тармақтың 1)-14) тармақшаларына сәйкес өткізіледі.

1) D_{\max} және f_{ij} -ні есептеу сәйкесінше (3.1) және (3.2) формулалар бойынша есептеледі.

2) әрбір i -ші компонент үшін өлшемі D_{\max} -тан аспайтын m_{ij} бөлшектерінің массасын (3.9) формуласы бойынша есептейді:

$$m_{ij} = \alpha_i m p_{ij} \quad (3.9)$$

3) j -ші дәрі-дәрмекті өндіру кезіндегі i -ші көмекші компонентінің Q_{ij} бөлшектерінің салыстырмалы бөліндісін (3.4) формула бойынша анықтайды. j -ші дәрі-дәрмек түрінің i -ші көмекші компонентінің M_{ij} максималды бөліндісі мен M_{ij}^* бөлшектерінің максималды шығарылымы (3.5) және (3.6) формулалары бойынша анықталады.

4) Жалпы (жылдық) бөлінді i -ші көмекші компоненттерінің G_i және G_i^* бөлшектерінің шығарылымын сәйкесінше (3.7) және (3.8) формулалары бойынша анықтайды.

18. 6-шы түрге жататын операциялар мен үдерістерге арналған ластаушы заттар шығарылымы мен бөліндісін анықтау алгоритмі.

Негізінде қайнау қабатындағы ылғалды түйіршіктерді кептіру үдерісі өлшенген бөлшектердің бөлінді көзі ретінде барлық басқа операциялардан ерекшеленеді. СП-30 кептіргіші пайдаланылған жылутасымалдаушыны (қыздырылған ауа) жою жүйесімен жабдықталған жабық камера болып табылады.

Өлшенген бөлшектердің дисперсті құрамы мен саны фильтрлеу тәртібімен (кептіргіш камерасындағы қысыммен, жылутасымалдаушының көлемді жылдамдығымен), фильтрлеу материалдарының қасиеттерімен, кептірілген материалдың физикалық қасиеттерімен және салалардың ішкі бетіндегі шаң-тозаңды қабат қалыңдығымен анықталады. Түйіршікті материалдар кептіру үдерісінен өтетінін ескерсек, түйіршіктердің ауаға жіберілетін көлемі түйіршіктер көлеміне байланысты болады.

Өлшенген бөлшектердің шығарылымын кептіру камерасынан шығару кезеңінде есептеу шығарылымдарының екінші түріне арналған алгоритмге сәйкес жүзеге асырылады.

Түйіршіктерді кептіру үдерісі кезіндегі тәжірибелік зерттеулер және бөлінділер мен өлшенген бөлшектер шығарылымын есептеу келесі рет бойынша жүзеге асырылады.

1) Түйіршіктер құрамына кіретін барлық компоненттердің дисперсті құрамын анықтауды жүзеге асырылады (16-тармақтың 5-тармақшасы бойынша).

2) Төлқұжатты деректер бойынша кептіргішке немесе фильтрлеу ұлпасына салалық фильтрлер материалының фильтрлеу қабілетін сипаттайтын ұсталынып қалатын бөлшектердің $D_{кр}$ критикалық диаметрін орнатады.

3) Ұнтақтың әр i -ші компоненті үшін диаметрі салалық фильтр арқылы кететін $D_{кр}$ -ден аспайтын бөлшек фракцияларының $?$ массалық үлесі арқылы анықталады.

4) Технологиялық жұмыс тәртібі бойынша әр i -ші компоненттің мүлде құрғақ зат бойынша f_{ji} массалық үлесін бағалайды.

5) Түйіршіктердің шаң-тозаң шығарушы бетінің S ауданын (3.10) формуласы бойынша анықтайды.

$$S = \frac{2 \times (R + L) \times M}{R \times L \times P_{\text{гр}}},$$

(3.10)

мұндағы: S - түйіршіктердің шаң-тозаң шығарушы бетінің ауданы, кв.м;

R – түйіршік ұяшығының радиусы, м;

L – түйіршіктердің орташа ұзындығы, м;

M – құрғақ түйіршіктің массасы, кг;

$P_{\text{гр}}$ –

$$\sum_{i=1}^n P n_i$$

тең түйіршік компоненттерінің орташа тығыздығы, кг/м³.

6) Түйіршіктің ауаға жіберілетін қабаттағы $D_{\text{кр}}$ -дан аспайтын m_{ij} бөлшектер массасын (3.11) формуласы бойынша есептейді:

$$m_{ij} = S D_{95} P n_i f_{ij} \quad (3.11)$$

7) j-ші Q_{ij} дәрі-дәрмек түрінің i-ші түйіршік компонентінің кептіргіштен салыстырмалы бөліндісін (3.4) формуласы бойынша есептейді.

8) j-ші дәрі-дәрмек түрінің i-ші компонентінің кептіру кезеңіндегі шығарылымы мен M_{ij} максималды бөліндісін сәйкесінше (3.5) және (3.6) формулалары бойынша есептейді.

9) Берілген кептіргіштен бөлінетін жалпы (жылдық) G_i бөліндісі мен i-ші компоненттің G_i^* шығарылымын сәйкесінше (3.7) және (3.8) формулалары бойынша есептейді.

19. 7-ші түрге жататын үдерістер мен операцияларға арналған ластаушы заттар бөлінділері мен шығарылымдарын анықтау алгоритмі.

Таблеткалау машинасында құрғақ түйіршіктелген массаны доза бойынша пресстеу және капсулалау машиналарын капсулалармен толтыру үдерістері үздіксіз болып табылады. Бұл бөлінді көздері шығарылымдарының сапалық және сандық шығарылымдары әрбір дайын дәрі-дәрмек түрі үшін үдеріс барысында тұрақты болады және түйіршік компоненттерінің құрамымен анықталады.

Таблеткалау машинасында бөлінділер мен өлшенген бөлшектердің ұшып кету үдерісі өтіп жататын (таблетка массасының пневмотасымалдау жүйесіндегі жүк түсіру циклоны; таблеткалы сыққыш және таблетка шаңынан арылту құрылғылары) бірнеше аймақтар бар.

Капсулалау машинасында өлшенген бөлшектердің бөліндісі мен ұшуы капсулаларды өңдеу кезінде таблеткалы массаны машинаға жүктеген кезде орын алады.

Таблеткалау және капсулалау машиналарында жойылатын шаң-тозаңның сандық және сапалық құрамы таблеткаланатын және капсуланатын қоспаның құрамына ұқсас.

Таблеткалау және капсулалау машиналарының өлшенген бөлшектерінің бөлінділерін есептеу келесі рет бойынша есептеледі.

1) Үдерістің технологиялық жұмыс тәртібі бойынша таблеткаланатын түйіршіктің (түйіршік компоненттерінің тізімдемесін) немесе капсулаланатын қоспаның сапалық құрамын анықтайды.

2) j-ші дәрі-дәрмек түрінің әрбір i-ші компонентінің f_{ij} массалық үлесін (3.2) формуласы бойынша анықталады:

3) Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 5-кесте бойынша машина маркасына байланысты өлшенген бөлшектердің Q_T салыстырмалы бөлінділерін таңдайды.

4) j-ші M_{ij} (г/с) дәрі-дәрмек препаратын таблеткалау кезінде i-ші компоненттің максималды бөліндісін (3.12) формуласы бойынша анықтайды:

$$M_{ij} = Q_T f_{ij}. \quad (3.12)$$

5) j-ші M_{ij}^* (г/с) дәрі-дәрмек препаратын таблеткалау кезінде i-ші компоненттің максималды шығарылымын (3.6) формуласы бойынша анықтайды.

6) j-ші G_{ij} (т/жыл) дәрі-дәрмек препаратын таблеткалау кезінде i-ші компоненттің жалпы (жылдық) бөліндісін (3.13) формуласы бойынша анықтайды:

$$G_{ij} = 3,6 \times 10^{-3} \times Q_T \times f_{ij} \times \frac{B_j}{b_j}$$

, (3.13)

мұндағы b_j - j-ші дәрі-дәрмек препараты бойынша таблеткалау немесе капсулалау машинасының өнімділігі, кг/ч.

7) j-ші G_{ij}^* (т/жыл) дәрі-дәрмек препаратын таблеткалау кезінде i-ші компоненттің жалпы (жылдық) шығарылымын (3. 8) формуласы бойынша анықтайды.

Атмосфералық ауаға өтетін шығарылымдарды есептеу мысалдары осы Әдістеменің 1-1-қосымшада берілген.

4. Малшаруашылығы нысандарынан атмосфералық ауаға өтетін ЛЗ бөлінділерін (шығарылымдарын) есептеу

20. Осы Әдістеме атмосфераны ластау көзі – саны 50-ге жететін мал ұстау шаруашылықтарынан шығатын атмосфераны ластайтын заттардың бөлінділерін есептеу тәртібін орнатады.

21. Атмосфералық ауаға тазалау қондырғыларыңыз заманалы технологиялар (антибиотиктерсіз, ашытқыларсыз, консерванттарсыз, сульфаниламидтерсіз және өзге

де синтетикалық химиялық препараттарсыз, ішектің карбонилды байланыстарының, карбонды қышқылдар мен аминдардың, дигидросульфид сорбциясының, меркаптандар мен аминдардың микрофлорамен жұтылуын, меркаптандардың диметилсульфидке трансформациялануын есепке ала отырып, аминқышқылдары, дәрумендері, майлары, микроэлементтері мен көмірсулары бойынша үйлестірілген мөлшерленген жеммен азықтандыру жемі) бойынша малдарды ұстау мен жемдеуге арналған шағын малшаруашылық нысандарынан немесе ірі малшаруашылық кешенінен өтетін зиянды (ластаушы) заттар (ЛЗ) бөлінділеріне осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 6-8-кестеде берілген орташаланған салыстырмалы көрсеткіштер бойынша баға беруге болады.

22. Малдарды бағу мен жемдеу кезіндегі шығарылымды есептеу.

Малдарды бағу мен жемдеу кезінде атмосфералық ауаға қорытылмаған жем қалдықтарының бұзылуы мен аминқышқылдарының ферментативті бөлшектенуі нәтижесінде пайда болатын келесі ластаушы заттар бөлінеді:

аммиак, коды 0303;

дигидросульфид (сероводород), коды 0333;

метан, коды 0410;

спирттер, оның ішінде: метанол (метил спирті), этанол (этил спирті) және т.б. – метанолға қайта есептелгенде нормаланады, коды 1052;

фенолдар: крезол, фенол – гидроксibenзолға қайта есептелгенде нормаланады (фенол), коды 1071.

күрделі эфирлер: изобутилацетат, метилэтилацетат, этилформиат және т.б. – этилформиатқа қайта есептелгенде нормаланады, коды 1246.

карбонильді байланыстар, оның ішінде альдегидтер (ацетальдегид, бутаналь, гексаналь, 3-метилбутаналь, 2-метилпропаналь, пентаналь, проп-2-ен-1-аль, пропиональдегид және т.б.) және кенондар (бутан-2-он, 2,3-бутандион, про-пан-2-он және т.б.) - пропиональдегидке қайта есептелгенде нормаланады (пропаналь), коды 1314;

карбонды қышқылдар: бутанды, гександы, 3-метилбутанды, 2-метил-пропионды, пентанды, пропионды, уксусты және т.б. – гексан қышқылына қайта есептегенде (капрон қышқылына), коды 1531;

сульфидтер мен дисульфидтер, оның ішінде: диметил сульфид, диметилдисульфид – диметилсульфидке қайта есептегенде, коды 1707;

меркаптандар: метантиол, табиғи меркаптандар қоспасы, этантиол – метантиолға қайта есептегенде (метилмеркаптан), коды 1715;

аминдер, оның ішінде: 2,3 бензпиррол (индол), дибутиламин, диметиламин, диэтиламин, кадаверин, метиламин, 3-метилиндол (скатол), нутресцин және т.б. - метиламин қайта есептегенде (монометиламин), коды 1849;

көміртегі диоксиді (нормаға келтірілмейді – булану газы).

Сонымен қатар, мал терісінен шығатын - тері шаң-тозаңы (жүн, қылшық), коды 2920.

Жоғарыда айтылған атмосфераға өтетін бөлінділердің (шығарылымдардың) меншікті көрсеткіштері тікелей мына себептерден болады:

ірі қара малдан (ІҚМ): бұқа, сиыр, бұзау; жылқыдан: құлын, бие, айғыр; ұсақ қара малдан (ҰҚМ): қой, ешкі, қошқар; оңтайлы нормадан 1,5 есеге артық типтік жемдеу кезіндегі шошқалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 6-кестеде көрсетілген;

мамықты аңдардан: тамақ талғамайтындардың (бұлғын), ет қоректі аңдардың (қаракүзен, күзен, түлкі, ақтүлкі) және шөпқоректінің (қоян, құндыз) оңтайлы тамақтануы кезінде осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 7-кестеде көрсетілген;

құстардан: бөдене, тауық, үйрек, қаз, күркетауық, түйеқұстың оңтайлы тамақтануы кезінде осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 8-кестеде көрсетілген.

Жоғарыда айтылған салыстырмалы көрсеткіштер өтпелі кезең үшін ішектің карбонилды байланыстарының, карбонды қышқылдар мен аминдардың, күкіртсутегі сорбциясының, меркаптандар мен аминдардың микрофлорамен жұтылуын, меркаптандардың диметилсульфидке трансформациялануын есепке ала отырып, аминқышқылдары (ақуыздар), дәрумендері, майлары, микроэлементтері мен көмірсулары бойынша дисбактериоз дамуы бен көмірсулардың іріуіне себепкер болатын антибиотиктерсіз, ашытқыларсыз, консерванттарсыз, сульфаниламидтерсіз және өзге де химиялық препараттарсыз үйлестірілген мөлшерленген жеммен азықтандыру қарастырылған.

Тері шаң-тозаңы бөлінділерінің салыстырмалы көрсеткіштері газтазалау, аэрозольдің гравитациялық тұнуын (осы Әдістеменің 10-тармағы) есепке алмағанда жануарлардың түлеу кезеңдері арасында және оларды асырайтын қора-қопсыда ылғалды тазалау жүргізілмеген кезде анықталған. Бірреттік максималды шығарылым мына формула бойынша анықталады:

$$M_c = (Q * M * N) / 10^8, \text{ г/с}, (4.1)$$

мұндағы: Q – ластаушы заттардың атмосфераға салыстырмалы шығарылымы (мкг/(с* тірідей массаның 1 центнері)) (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 6-8-кестелері бойынша);

M – бір жануардың орташа салмағы, кг (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 6-8 кестелері бойынша немесе бастапқы деректер);

N – қорадағы (алаңдағы) мал (құс) саны количество, тал.

Жалпы шығарылым көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$M_{\text{жыл}} = (M_c * T * 3600) / 10^6, \text{ т/жыл}, (4.2)$$

мұндағы: M_c – бірреттік максималды шығарылым ((4.1) формуласы бойынша), г/с;

T – жұмыс уақытының жылдық қоры, сағ/жыл.

1-Ескерту – тік жақшада сәйкес мал түрінің орташа тірідей салмағы көрсетілген, кг/жыл;

2-Ескерту – фигуралы жақшада малдың антибиотиктерсіз аминқышқылдары бойынша мөлшерленген, оңтайлы мөлшерден 1,5 есе көп нормаланған азықтандыру кезінде қорытылатын ақуыздың сәйкес түрін тәуліктік тұтыну мөлшері көрсетілген г/(тәул. • 1 т.с.ц.).

1-Ескерту – тік жақшада сәйкес мамықты аң түрінің орташа тірідей салмағы көрсетілген, кг/жыл;

2-Ескерту – фигуралы жақшада мамықты аңның антибиотиктерсіз аминқышқылдары бойынша мөлшерленген, оңтайлы ақуыз мөлшерінен 3 есе көп нормаланған азықтандыру кезінде қорытылатын ақуыздың сәйкес түрін тәуліктік тұтыну мөлшері көрсетілген г/(тәул. • 1 т.с.ц.).

1-Ескерту – тік жақшада құс фермасындағы құстың орташа тірідей салмағы көрсетілген, кг/жыл;

2-Ескерту – фигуралы жақшада құстың антибиотиктерсіз аминқышқылдары бойынша мөлшерленген, оңтайлы ақуыз мөлшерінен 3 есе көп нормаланған азықтандыру кезінде қорытылатын ақуыздың сәйкес түрін тәуліктік тұтыну мөлшері көрсетілген г/(тәул. • 1 т.с.ц.).

23. Көң сақтау орындарының шығарылымдарын есептеу.

Ашық типтегі көңсақтау орындарынан және шошқа асырау кәсіпорындарын компостерлеу алаңынан атмосфераға өтетін салыстырмалы көрсеткіштер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 9-кестеде көрсетілген.

Жалпы шығарылымдар төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$M_{\text{жыл}} = S \cdot q \cdot T \cdot 3600 / 10^6, \text{ т/жыл}, (4.3)$$

мұндағы: S – көң үйіндісінің орташа ауданы, м²;

q – ластаушы заттың салыстырмалы шығарылымы, г/с 1 м²көң (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 9-кесте);

T – көңқоймасының жұмыс уақыты, сағат

Максималды бір реттік шығарылым төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$M_c = S_{\text{макс}} \cdot q, \text{ г/с}, (4.4)$$

Мұндағы: S_{макс} – көң үйіндісінің болуы мүмкін максималды ауданы, м².

ІҚМ ашық көңқоймаларынан атмосфералық ауаға шығатын ластаушы шығарылымдардың салыстырмалы көрсеткіштері:

аммиак - 1 м³ көңге 0.0000122 г/с ;

күкіртті сутек - 01 м³ көңге 000015 г/с

Жалпы шығарылымдар төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$M_{\text{жыл}} = V * q * T * 3600 / 10^6, \text{ т/жыл, (4.5)}$$

мұнда: V –қойма арқылы өтетін көң аумағы, м^3 ;

q –ластаушы заттың шығарылымының салыстырмалы көрсеткіші, г/с 1 м^3 көңге;

T –көң қоймасының жұмысы, сағат

Максималды бір реттік шығарылым мына формула бойынша есептеледі:

$$M_c = q * V_{\text{макс}}, \text{ г/с, (4.6)}$$

мұнда $V_{\text{макс}}$ –көңнің бір уақытта сақталуы мүмкін максималды аумағы, м^3 .

5. Химтазалау кәсіпорындарынан атмосфераға өтетін ластаушы заттар шығарылымын есептеу әдісі.

24. Бұл киімді химиялық тазалайтын ұсақ кәсіпорындардан атмосфералық ауаға шығатын ластаушы заттар шығарылымын есептеу әдісі жалпы, т/жыл , бір реттік максималды, г/с , қайнаркөздерден шығарылымдарды баланстық әдіспен анықтау әдістемесі.

Киімді химиялық тазалау кәсіпорындарында еріткіштер, химтазалауды күшейткіштер, жуу ұнтақтары мен пасталары кеңінен қолданылады. Бұл құралдарды пайдалану барысында органикалық еріткіштер, үстіртін-белсенді заттар түріндегі ластаушылар түзіледі. Өндіріс қалдықтарына түсетін ластаушы заттардың мөлшері туралы ақпарат кәсіпорындар мен цехтардың жоспарларының технологиялық бөлімдерінде көрініс беруі тиіс.

Киімді химиялық тазалаудан өткізу үшін негізінен хлорлы майеріткіштер пайдаланылады: тетрахлорэтилен - перхлорэтилен (ПХЭ), , трихлорэтилен (ТХЭ) және басқалар. Қондырғыларында майсыздандыратын құралдар жоқ цехтер мен бөлімшелер үшін адсорбенттер, ластаушы заттардың шығарылым мөлшерін шамамен аталған еріткіштердің бу шығарылымына тең деп қарастыруға болады.

25. Кәсіпорындардың сипаты.

Қазіргі кезде фабрикалардың келесі түрлері бар: өндірістік түрдегі киімдерді бояйтын және химиялық тазалаудан өткізетін ірі фабрикалар, орта және ұсақ химиялық тазалау фабрикалары, кілем, арнайы киім, бас киім, т.б. химиялық тазалаудан өткізетін арнайы фабрикалар, жедел химиялық тазалаудан өткізетін және төсек-орын жабдықтарын тазалайтын, микрохимиялық тазалау орындары.

Ұсақ кәсіпорындарда сыйымдылығы 25-30 кг болатын машиналар қолданылады. Ондай кәсіпорындарда "Специма-212", "КХ-010", "КХ-010А", "Тримор-25" секілді және т.б. машиналар жиынтықтары қолданылады.

Электрмен жылытылатын микрохимтазалау орындары ең ұсақ кәсіпорындарға жатады. Олар жеке қазан құрылғыларымен тұрғын үйлердің бірінші қабаттарына орналасулары мүмкін. Олардың қуаты 80 - 150 кг/ауысым аралығында болады. Ондай

кәсіпорындар үшін машиналардың "Специма-212", "КХ-010", "КХ-010А" түрлері оңтайлы.

Химиялық тазалау мен бояу кәсіпорындары өңдеуге түрлі киімдер мен талшық құрамы, әзірлену әдісі, мақсат-міндеттері, безендірілуі, кірлену деңгейі, тозықтығы, т.б. әр түрлі бұйымдарды қабылдайды.

26. Киімді химиялық тазалаудың технологиялық үдерісі.

Киімді химиялық тазалаудың технологиялық үдерісіне келесі негізгі іс-шаралар енеді: халықтан киімді қабылдап алу, киімдерді сұрыптау, киімдерді шектеулі еріткіште жууға әзірлеу, химиялық тазалау машиналарында жуу және кептіру, суда еритін дақтарды кетіру, тазаланған киімдерді сұрыптау, жылу-ылғалды өңдеу, тігінші жұмысы, жұмыс сапасын тексеру.

Бұйымдарды хлоркөмірсутектермен өңдеу кезеңді әрекет ететін машиналар арқылы жасалады. Оларда бұйымды тазалап қана қоймай, сығу, кептіру және еріткішпен тазалау жүзеге асырылады. Қазіргі машиналар бұйымдардың өңделуін алдын-ала қойылған режим бойынша жүзеге асыратын автоматты құрылғылармен қамтылған. Атап айтқанда, МХЧА-18 сондай машина болып табылады, оның артықшылықтары – еріткіш шығынын азайтады, қызмет көрсетуде ыңғайлы сүзгісі, еріткішті ұстап қалуға мүмкіндік тудыратын адсорбері бар.

Химиялық тазалау бір ванналы, екі ванналы және көпванналы тәсілдермен жүзеге асырылады. Жуудың екі және үш ванналы әдістерінің принципі бұйымдардың жүйелі түрде құрамы және тазалық деңгейі түрліше еріткіштерде жуылатынында. Киімдерді машинада өңдеу үдерісін машинаны қолмен басқару арқылы да, автоматты басқару арқылы да жүзеге асыруға болады.

Үдерісті қолмен басқару арқылы жүргізудің ыңғайлылығы киімдердің нақты партиясына жуудың кез-келген нұсқасын қолдануға болатындығында. Автоматты басқару кезіндегі жұмыс өңдеудің сапасы бойынша тұрақтырақ нәтиже алуға мүмкіндік береді, таңдалған технологиялық үдерістің нақты орындалуына кепілдік береді.

Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 10-кестеде химиялық тазалау кәсіпорындарында бір мезгілдегі сыйымдылығы мен өнімділігіне байланысты қолданылатын майсыздандырғыш машиналардың өлшемдері көрсетілген.

Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін және химиялық тазалау кәсіпорындарында атқарылатын шаралар барысында бөлінетін органикалық еріткіштер буының шығымын болдырмау үшін адсорбциялы құрылғылар қолданылады.

Хлорлы еріткіштердің буын ұстау үшін қолданылатын адсорбциялаушы құрылғылар екі түрлі болады – бір камералы және екі камералы. Міндетіне қарай олар жекелей және топтық болып бөлінеді.

Бір адсорбент жалпы жүктеу массасы 60 кг болатын машиналар үшін қызмет көрсетеді.

Ауа құбырындағы еріткіш булары мен ауа қоспасы салалық ауа сүзгісіне түседі, онда ағым ұлғайтқан шаң мен түк бөлшектері тұтылады да, тазартылған қоспа ауа алмастырғыш арқылы белсендірілген көмірмен толтырылған абсорбциялық камераға барады, ал тазартылған ауа ауа құбырына жапқыш арқылы түседі.

WD-301 сериясының құрғақ тазалау машинасы өсіп келе жатқан өнімділік пен сапаға қойылатын талаптарға мейлінше толық жауап береді.

Циклді алдын ала таңдайтын жаңа бақылау жүйесі болып саналатын жаңа микропроцессор тазалау бағдарламасының шексіз диапазонымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бір машинада мата түрлеріне қарай әр түрлі химиялық қоспалар қолдануға мүмкіндік беретін 2 тәуелсіз танкімен жабдықталған құрылғы сүзгілерді үнемдеуді қамтамасыз етеді. Теріні, күдеріні және тондарды тазалауға аса лайықты. Орнатылған ауа қақпақшаларының есебінен электр қуатын пайдалануды азайтады. Қосарлы картридж-сүзгілер үшін әр танкіге бөлек қолданылады.

Тазалаудың алуан түрі:

Тазалаудың барлық түрлері суға салып қоюдан себезгіге дейін 3 сатыдан өтеді. Барлық сатылар тұйық айналымды.

Еріткіш ретінде сольвент арнайы майы қолданылады. Майдың сығылуы матаның тығыздығына байланысты жылдамдықтың 3-сатысымен реттеледі (қатты, орташа, ақырын).

Тазалау үдерісінің кезеңдері:

тазалау;

майды орташа жылдамдықта сығу;

себезгімен тазалау;

шаю;

ақырын жылдамдық;

орташа жылдамдық;

өте қатты жылдамдықта сығу;

барабанның тоқтауы.

Бұйымдарды өңдеуде кезеңдік әсер ететін машиналары атқарады. Оларда бұйымды тазалап қана қоймай, сығу, кептіру және еріткішпен тазалау да орындалады.

Технологиялық айналым көп дегенде 45 мин. созылады. Бір ауысымда ең көбі 7 айналым жасалады. Машинаны қайта жүктеу 5 мин. ішінде орындалады. Айналымдардың жоғарғы мәні қызмет көрсетудің осы саласына өте жоғары сұраныс болған кезде мүмкін. Еріткіш ретінде сольвент майы кең таралды. Сольвенттің бір айналымдағы шығыны 0.915 кг/сағ WD-301 сериясындағы машиналар құрғақ тазалауға лайықты.

27. Химиялық тазалау кәсіпорындары атмосфераға шығаратын зиянды заттарды есептеу.

Жалпы, т/жыл және ең жоғарғы, г/с шығарылымдарын есептеу нақты дереккөздерде тепе-теңдік әдісі бойынша жасалады.

Химиялық тазалау машиналарында қолданылатын еріткіштер 100% ұшпалыққа ие. Еріткіштер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 11-кестеде келтірілген белгілі бір қатыстылықтағы технологиялық үдерістер бойынша жайылады.

Химиялық тазалау орнындағы бірнеше химиялық тазалау машиналарының шығарылымдары жеке-жеке орындалады.

Егер бірнеше машинадан технологиялық шығарылымдар бөлек-бөлек шығарылатын болса, әр шығарылым үшін еріткіш мөлшері технологиялық шығарылымның жалпы көлемінен машинаның өнімділігін есепке ала отырып анықталады.

Орнатылған машиналардың және қолданылатын еріткіштердің маркасына байланысты технологиялық операциялар бойынша олардың шығын мөлшері белгіленген.

Максималды технологиялық шығарылым г/с, тазалау болмаған кезде келесі жолмен есептеледі:

$$M^r = \frac{a \times 10^3 \times 0,87 \times 0,85}{t \times K \times 3600}$$

, (5.1)

мұндағы: а –ПХЭ ерткішінің ауысым үшін максималды шығыны, кг;

0,85 – технологиялық шығарылым үлесі;

t –ауысым ұзақтығы, сағ;

K – жүктеу камерасын желдету коэффициенті бірлік үлесінде.

Ескерту - ПХЭ, ТХЭ жұмыс істеу кезінде киімді кептіру және желдету қызметінде еріткіш буы адсорбер арқылы шығарылады. Яғни, атмосфераға шығарылған бу химиялық тазалау фабрикасының іс жүзіндегі шығынының 87% құрайды. Мұнда технологиялық шығарылым 85%, ал жалпыаудандық - 15% құрайды. K көлемінің мәні былай анықталады: майсыздандырғыш машинаның өнімділігін (кг/ауысымға) және оның бір уақыттағы сыйымдылығын (кг) білетіндіктен, ауысымдағы жүктеме мөлшерін анықтайды.

Машинаның жұмыс циклі 30 - 40 минутқа созылады, оның ішінде 5 минуты жүктеу камерасының желдетілуіне кетеді. Осы жүктеме мөлшерін көбейтіп, ауысым кезінде шығарылым қанша уақытқа созылатынын анықтайық.

Мысал–КХ-014 майсыздандырғыш машинасының өнімділігі 240 кг/ауысым. Оның бір уақыттағы сыйымдылығы 30 кг. Ауысымдағы жүктеме мөлшері 240/30=8. Машинаның жұмыс циклі 40 минутқа созылады. Оның ішінде 5 минут цикл кезіндегі желдетуге кетеді. Демек, ПХЭ шығарылымы ауысым кезінде 40 минутқа созылады, бұл K=0,083 құрайды, яғни, 40 минут - K; 8 сағат - t.

Егер технологиялық шығарылым адсорбердің алдын ала тазалауымен жасалатын болса, онда зиянды заттың максималды шығарылымы мына формула бойынша есептелінеді:

$$M^T = \frac{\alpha \times 10^3 \times 0,87 \times 0,85 \times (1 - \eta) \times K \times 10^{-2}}{t \times 3600}$$

, (5.2)

мұнда η - адсорбер КПД, бірлік үлесінде;

$K = 1$, ауа ауыстыру шығарылымы үнемі ауысым кезінде жүзеге асырылатындықтан

Максималды ауа ауыстыру шығарылымы мына формула бойынша есептеледі:

$$M^B = \frac{\alpha \times 10^3 \times 0,87 \times 0,15}{t \times 3600}$$

, (5.3)

мұндағы: 0,15 – ауа ауыстыру шығарылымдарының үлесі

Егер ауа ауыстыру және технологиялық шығарылымдар бір қайнаркөзде біріктірілген болса, онда жалпы шығарылым мынаны құрайды, т/жыл:

$$M = M^T + M^B, (5.4)$$

$$Q^B = 0,87 * 0,15 * G (5.5)$$

Машинада адсорбер болса жалпы технологиялық шығарылым мына формула бойынша анықталады:

$$G_a^T = 0,87 * 0,85 * G (1 - \eta) (5.6)$$

мұнда: G – химиялық тазалау фабрикасындағы еріткіштің жылдық шығыны, т/жыл;

0,87 – еріткіштің технологиялық және вентиляциялық шығарылымының жалпы шығынының үлесі;

η

- адсорберКПД, бірлік үлесінде.

Адсорбер немесе жалпы технологиялық шығарылым мына формула бойынша анықталады:

$$G_a^T = 0,87 * 0,85 * G (5.7)$$

Шығарылымдарды азайту үшін тазалаудың қосымша сатыларын қолданады, яғни, КПД (η) 90% және одан да жоғары адсорберлер.

Тазалаудың бірінші сатысын бекітуде еріткіштің нақты қайнаркөзден жалпы шығарылымы (т/жыл) мына формула бойынша анықталады:

$$G_{1ст}^T = G_a^T (1-?) (5.8)$$

мұнда G_a^T - берілген қайнаркөзден тазалау жүргізуге дейінгі жылдық шығарылым.

Бұл қайнаркөзден шығатын максималды шығарылым (г/с) мына формула бойынша анықталады:

$$M_{1ст} = M$$

×

$$(1- ?), (5.9)$$

где ? - адсорбер КПД, бірлік үлесінде.

28. Дақ кетіргіш құралдар құрамына енетін зиянды заттар шығарылымын есептеу.

Дақтарды бастапқы және толықтай кетіру (дақ кетіру) бұйымдарды химиялық тазалаудан өткізудің аса маңызды іс-шарасы. Дақ кетіру аумағында дақ кетіру үстелінің жергілікті сорғыштарынан, тазарту үстелінен, дақ кетіргіш құралдарды сақтайтын шкафтан шығарылымдар бөлінеді.

Дақ кетіргіш құралдардың химиялық құрамы мен олардың құрамына енетін ұшпа заттардың пайызын есепке алып, нақты қайнаркөзден шығатын шығарылымдардың жалпы көлемі т/жыл мына формула бойынша анықталады:

$$G_{п.в.} = G_p * C, (5.10)$$

мұнда: G_p – дақ кетіргіш құралдың бір жылдық шығыны, т.;

C – дақ кетіргіш құралдардағы ұшпа заттар құрамы, бірлік үлесінде;

Дақ кетіргіш құралдарды қолданғандағы ұшпа заттардың максималды шығарылымының көлемі г/с, мына формула бойынша есептеледі:

$$M_{п.в.} = (a * C * 10^3) / t * 3600, (5.11)$$

мұнда: a - ауысымдағы дақ кетіргіш құралдардың шығыны, кг;

C – дақ кетіргіш құралдағы ұшпа заттар сипаты, бірлік үлесінде;

t – ауысым ұзақтығы, сағат.

Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 12-кестеде химиялық тазалау кәсіпорындарында қолданылатын ерекше дақ кетіргіш құралдар мен олардың күшейткіштері құрамына енетін ұшпа заттардың пайыздық сипаты берілген.

Технологиялық үдерісте осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 12-кестеде көрсетілмеген жаңадан шығарылған дақ кетіргіш құралдар және олардың күшейткіштері де қолданылуы мүмкін. Ондай жағдайда олардың толық кешенді құрамын жүргізу керек, ал шығарылымдар есебін тек ұшпа құрамдастарына ғана жүргізген жөн.

6. Химиялық зертханалардан ластаушы заттардың атмосфераға шығарылымын есептеу

29. Жалпызауыттық зертханалар қатарына химиялық, химиялық-технологиялық, металтану, құрастыру және монтаждау, өлшеу құралдарын жөндеуден өткізу мен санитарлық зертханалар кіреді.

Химиялық зертханада жұмыс жасағанда сараптама кезінде бөлініп шығатын заттар болып күкірт, азот, гидрохлорид (тұз қышқылы) және т.б. қышқылдар болып табылады.

Химиялық-технологиялық зертханаға гальвандық жабыны мен баспа платасы, сырлы бояу жабындарының, герметизация мен арзанқол материалдардың, тежеу заттары мен пластмассалардың спектрлікталдау тобы жатады. Сыртқа шығарылатын негізгі қалдықтар темір шаңы мен қышқылдардың – соның ішінде азот, тұз, күкірт қышқылдарының буы.

Галвань жабындылары мен баспа платасы жабындылардың жаңа түрлері мен жабындылардың жаңа технологиялық үрдістерін көрсетеді: жұмыс ванналарындағы электролиттердің және қабылданған технологиялық үрдістердің жетілдірілуінің үнемі бақылануын жүзеге асырады.

Сонымен бірге қышқылдардың, сілтілердің, аммиактың, формальдегидтің, этил спиртінің булары секілді зиянды заттар бөлініп шығады.

СБМ жабындыларының тобында органикалық еріткіштер буының бөлінуі болады. Түрлі саладағы кәсіпорындарда жиі пайдаланылатын негізгі еріткіштер циклогексанон, (хлорметил) окспран (эпихлоргидрин), бутилацетат, уайт-спирит, диметилбензол (ксилол), метилбензол (толуол), этилацетат, этиловый спирт, пропан-2-он (ацетон), 2-этоксэтанол (этилцеллозольв) болып табылады.

Тежеу материалдары мен пластмассалар тобы өсімдікті қабатталған пластиктердің, сырлы материалдардың, жетектердің, шоғырсымдардың, тығыздалған ұнтақтардың тежелуін жүзеге асырады. Сонымен бірге, гидроксibenзол (фенол), формальдегид, аммиак, көміртек оксиді сияқты зиянды заттар бөлінеді.

Металтану зертханасына металлография, рентгендефектокоөшірме және термоөңдеу кіреді. Металлография зертханасының негізгі жабдықтарынан шығатын басты қалдықтар тұз және азот қышқылдары болып табылады.

Химиялық реактивтер дайындау аймағында қышқылдар мен сілтілердің буы шығады.

Бөлшектерді термикалық сараптау кезінде негізгі үрдіс суару, босату, кірігу, азоттау болып табылады. Термикалық жабдықтың жұмысы кезінде әуеге тұздардың аэрозольдары, майлар, хлор сутек бөлінеді.

Құрастыру және монтаждау технологиясының зертханасы сызбаларды құрастыру мен монтаждаудан және дәнекерлеу топтарынан тұрады. Дәнекерлеу аймағынан атмосфераға қорғасын, қалайы, алюминий аэрозолі, шайыр, этилацетат, этил спирті, фторлы сутек, көміртек оксиді бөлініп шығады.

Өлшеу құралдарын жөндеуден өткізу зертханасы қысым өлшегіштері және т.б. жөндеу жұмыстарымен айналысады.

Механикалық аймақта жұмыс аумағындағы ауаға қалайы-қорғасынды дәнекерлердің аэрозолі, органикалық қосылыстардың булары мен көміртек оксиді бөлініп шығады.

Санитарлық зертханада жұмыс істеу кезінде қышқылдар мен сілтілердің булары мен аэрозолдері бөлінеді.

Зертханалардағы жұмыстар ережеге сәйкес ауық-ауық жүргізілетінін ескерсек, жабдықтарға арналған жұмыс уақыты 20 минуттан аз уақытты құрауы керек. Қалдықтарды ауаға шығару есебі кезінде 20 минуттық уақытқа қатысты қалдықтардың қуаттылығын $3B \text{ Mc}$ (г/с) ескеру керек, бұл талап T , 20 минуттан аз, $3B$ қалдықтарға жатады.

$$T(c) < 1200. \quad (6.1)$$

Мұндай қалдықтар үшін қуаттылық мәні M (г/с) төмендегідей мәнмен анықталады:

$$Mc = Q/1200, \quad (6.2)$$

бұл жердегі $Q(g)$ – әрекет ету уақыты ішінде T қарастырылып отырған атмосфераны ластаушы көзінен (АЛК) атмосфераға тасталынған ластаушы заттың жиынтық массасы.

Қалдықтарды түгендеу кезінде ЛС атмосфераға түсудің орташа қарқындылығы өзінің қызмет ету аралығында M_H (г/с), (яғни T уақыт аралығында) ерітілген АЛК бойынша анықталады, мәні $Q(g)$ төмендегі формуламен есептеледі:

$$Q_g = M_H * T \quad (6.3)$$

бұл жерде T - секундпен.

Мысал – АЛК үшін, ЛС анықталған қалдықтарының ұзақтығы (мысалы, SO_2) оның ішіндегі ЛЗ атмосфераға түсуінің орташа қарқындылығы 5 минуттан (300 сек.) тұратыны $M_H = 0,5$ г/с, көлемі Q тең:

$$Q = 0,5 * 300 = 150 \text{ г},$$

Түгендеу және ластау есебінде пайдаланылған қалдық қуаттылығы

$$M = 150/1200 = 0,125 \text{ г/с} \text{ құрайды.}$$

АЛК үшін, әрекет ету уақыты T , 20 минуттан аз, қалдық қуаттылығының есебінде пайдаланылған ЛЗ мәні, Mc (г/с), осы ЛЗ түсу қарқындылығы өлшенгеннен аз (T уақыты ішінде), M_H (г/с) арақатынасы Mc (г/с) мен M_H (г/с) мына формуламен көрсетіледі:

$$Mc = T(c)/1200 * M_H \quad (6.4)$$

Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 13-кестеде жалпызауыттық жабдықтардан атмосфераға өтетін зиянды заттардың салыстырмалы бөлінділері көрсетілген.

Зиянды заттардың атмосфераға шығарылымын осы Әдістеменің 2 тарауының (2.1-2.12) формулалары бойынша есептеген жөн.

7. Кәсіпорындардың қосымша және тұрмыстық қызметтерінің зиянды заттар шығарылымын есептеу

30. Кәсіпорындарда бар қосымша қызметтерге көшіру-көбейту аймақтары, қойма шаруашылығы және т.б. жатады.

Атмосфераға бөлінетін негізгі зиянды заттарға аммиак, пропан-2-он (ацетон), винилбензол (стирол), көміртегі тотығы, аморфты селен, озон, хром үш оксиді, скипидар, гидроцианид, дихлорэтан, үш хлорлы көміртегі, хлорлы сутегі, күкірт және азот қышқылдары, диметилбензол (ксилол), метилбензол (толуол), керосин, жанармай, дизельді отын, сонымен қатар уайт-спирит, изопропил, этил және поливинил спирттері және т.б. жатады.

Кәсіпорынның тұрмыстық қызметі аймақтарында арнайы киімді, сонымен бірге аяқ-киімді залалсыздандыру, жуу және химиялық тазарту жүзеге асады. Осы тұста атмосфераға динатрий карбонаты, керосин, хлорлы сутегі, тетрахлорэтилен, үш хлорлы этан, , этилацетат, гидроксibenзол (фенол) және "Лотос" сынды синтетикалық жуу құралы шығарылады.

Органикалық еріткіштер мен өзге де ұшпа қоспалардың қоймалық сақталуы герметикалық ыдыста, зиянды заттардың бөліндісінің жүзеге асырылуы тиіс.

Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 15-кестеде жоғарыда көрсетілген қоспалардың жұмыс ыдысына құйылған кезінде г/с түріндегі зиянды заттардың шығарылымы көрсетілген. 20 минуттан кем уақыт аралығында ауыстыру жұмыстарын жүргізу жағдайында зиянды заттар шығарылымдарын осы Әдістеменің 6-бөліміндегі формулалар бойынша уақыттың 20-минуттың аралығына орташаландыруды есепке ала отырып есептеген жөн.

Көбейту-көшіру аймақтарының, қоймалық шаруашылықтардың және тұрмыстық қызметтердің жабдықтарынан зиянды заттардың атмосфераға үлесті бөлінділері сәйкесінше Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 14, 15, 16-кестелерде көрсетілген. Зиянды заттардың атмосфераға шығарылымдарын осы Әдістеменің 2-бөліміндегі (2.1-2.12) формулалары бойынша есептеген жөн.

ш

Есеп мысалдары

1.-мысал. Ампицилинді қолмен елеу сатысында өлшенген бөлшектер бөліндісін есептеу

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестеге сәйкес елек 1-тип операциясына қатысты болады. Есеп Әдістеменің 16-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

2. Ампициллин ұнтағын 0,5

×

0,5 м мөлшерлі шаршы қима елегімен қолмен елеу арқылы жүзеге асырылады. Елек сорып алу шкафында жүргізіледі.

3. Есепке арналған бастапқы деректер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 19-кестеде келтірілген.

4. Ампициллин ұнтағының дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 20-кестеде келтірілген.

Ескерту – Дисперсті құрам шамамен алынған және оның практикалық есепке қолданылуы мүмкін емес.

5. (3.1) формула бойынша газ ағынымен ағып кетуі мүмкін ампициллин ұнтағының D_{\max} (бөлшегінің максималды мөлшері есептеледі:

$$D_{\max}^{\text{ам}} = 1,8 \times 0,7^{15} \times \frac{1}{9,8 \times (847,6 - 1,146)} \times \sqrt{\frac{1,146 \times 0,00001809}{0,1}} =$$

$$= 0,0000019 \text{ м} = 1,9 \text{ мкм.}$$

6. Дисперсті құрамның мәліметтеріне сәйкес бөлшек фракциясының $?_{\text{ам}}$ массалық үлесі D_{\max} -тан аз емес мөлшері :

$$?_{\text{ам}} = 0,49\%.$$

7. (3.3) формула бойынша D_{\max} -тан артық емес мөлшермен ауаға жіберілетін ұнтақ қатпарында $m_{\text{ам}}$ бөлшек массасын есептейді:

$$m_{\text{ам}} = 0,25 \times 0,000026 \times 847,6 \times 0,0049 \times 1,0 = 0,000027 \text{ кг.}$$

8. (3.4) формула бойынша $Q_{\text{ам}}$ ұнтағының салыстырмалы шығарылымын есептейді (г/кг):

$$Q_{\text{ам}} = 10^3 \times \frac{0,000027}{0,000027 + 75,8} \times 120 \times 25 = 1,07$$

г/кг.

9. (3.5) формула бойынша $M_{\text{ам}}$ (г/с) ұнтағының салыстырмалы шығарылымын есептейді (г/кг):

$$M_{\text{ам}} = 5,2 \times \frac{1,07 \times 75,8}{25 \times 60} = 0,28$$

г/с.

2.-мысал. Ибупрофен түйіршіктерін конвективті кептіру кезінде өлшенген заттардың шығарылымын есептеу

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестеге сәйкес конвективті кептіру 2-тип операциясына жатады. Есеп осы Әдістеменің 3-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

2. Ибупрофен түйіршігін кептіру конвективті кептіргіште жүзеге асырылады. Шамамен әр түпқоймаға 3,38 кг түйіршік жүктеледі, сондай-ақ түйіршікті кептіру үшін 18 түпқойма қолданады, аумағы әрқайсысы 0,25 м², жалпы аумағы 4,5 м².

3. Есепке арналған бастапқы деректер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 21-кестеде келтірілген.

4. Ибупрофен түйіршігінің дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 22-кестеде келтірілген.

Ескерту—дисперсті құрам болжалды және іс жүзіндегі есептеулерде қолданылмайды

5. (3.1) формуласы бойынша газ ағынымен әкетілуі мүмкін ұнтақ бөлшектерінің максималды өлшемі есептеледі. Ибупрофен тығыздығы крахмал тығыздығынан аз болғандықтан, D_{\max} есептеуі ибупрофен бойынша жүргізіледі:

$$D_{\max}^{\text{ИБ}} = 1,8 \times 0,5^{1,5} \times \frac{1}{9,8 \times (1208 - 0,761)} \times \sqrt{\frac{0,761 \times 0,00001592}{0,015}} =$$

$$= 0,0000025 \text{ м} = 2,5 \text{ мкм.}$$

6. Дисперсті құрам деректеріне сәйкес (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 22-кесте) ? фракциясының салмақтық үлесі және бөлшектер өлшемі D_{\max} -тан төмен болмауға тиісті. Мұнда: крахмал үшін - $?_{\text{кр}} = 0,47\%$, ибупрофен үшін - $?_{\text{иб}} = 0,06\%$.

7. Ұнтақтың шаң –тозаң шығарушы бетінің ауданы (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 3-кесте).

$$S = (3,14 + 1) \times 0,25 \times 18 = 18,63, \text{ м}^2$$

8. Ұнтақтың әуеленетін қабатындағы D_{\max} -тан өлшемі кіші бөлшектер салмағы түйімінаны құрайды:

$$m_{\text{кр}} = 18,63 \times 0,001 \times 1308,5 \times 0,0047 \times 0,178 = 0,02, \text{ кг};$$

$$m_{\text{иб}} = 18,63 \times 0,001 \times 1208 \times 0,0006 \times 0,822 = 0,011, \text{ кг.}$$

9. Ұнтақтың жалпы шығарылымы Q (г/кг):

крахмал үшін

$$Q_{\text{кр}} = 10^3 \times \frac{0,02}{10,8} \times 1 = 1,85$$

, г/кг;

ибупрофен үшін

$$Q_{\text{дб}} = 10^3 \times \frac{0,011}{50} \times 1 = 0,22$$

, г/кг.

10. Ұнтақтың максималды шығарылымы M (г/с) мынаны құрайды::

$$M_{\text{хр}} = 32 \times \frac{1,85 \times 10,8}{480 \times 60} = 0,022$$

, г/с;

$$M_{\text{дб}} = 32 \times \frac{0,22 \times 50}{480 \times 60} = 0,012$$

, г/с.

3-мысал. Ампициллиннің араластырғышқа қарқынды жүктелу кезеңіндегі өлшенген бөлшектердің бөлінуін есептеу

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестесіне сәйкес қондырғыны қарқынды жүктеу 3-түрдегі операцияға жасады. Есептеу осы Әдістеменің 16- тарауына сәйкес жүргізіледі.

2. Есептеу үшін бастапқы мәліметтер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 23-кестесінде келтірілген.

3. Ампициллин ұнтағының дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 20-кестеде көрсетілген.

4. (3.1) формуласы бойынша ұнтақтың газ ағынымен ұшып кетуі мүмкін

D_{max} бөлшектерінің максималды өлшемі есептеледі:

$$D_{\text{max}}^{\text{дб}} = 1,8 \times 0,82^{1,5} \times \frac{1}{9,8 \times (847,6 - 1,146)} \times \sqrt{\frac{1,146 \times 0,00001809}{0,1}} =$$

$$= 0,0000024 \text{ м} = 2,4 \text{ мкм.}$$

5. 2,4 мкм-ден аспайтын бөлшектер фракциясының салмақтық үлесі $?_{\text{ам}} 0,65\%$ құрайды (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 20-кесте бойынша, сызықтық интерполяция әдісімен).

6. (3.3) формула бойынша ұнтақтың әуеленетін қабатындағы D_{\max} өлшемінен аспайтын бөлшектер салмағын $m_{\text{ам}}$ есептейді:

$$m_{\text{ам}} = 0,395 * 0,000026 * 847,6 * 0,0065 * 1,0 = 0,000057 \text{ кг.}$$

7. (3.4) формуласы бойынша ұнтақтың салыстырмалы шығарылымы $Q_{\text{ам}}$ (г/кг) былай есептелінеді:

$$Q_{\text{ам}} = 10^3 \times \frac{0,000057}{0,000057 + 75,8} \times 1715 = 1,28$$

г/кг.

8. Формула бойынша (3.5) ұнтақтың максималды шығарылымы былай есептелінеді $M_{\text{ам}}$ (г/с):

$$M_{\text{ам}} = 2,31 \times \frac{1,28 \times 75,8}{5 \times 60} = 0,747$$

г/с.

4.-мысал. Ұнтақтарды қалақпен жүктеген кезде өлшенген заттардың бөліндісін есептеу:

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестеге сәйкес ұнтақтарды қалақпен қайта жүктеу 4-түрдегі операцияға жатады. Есептеу осы Әдістеменің 16-тарауына сәйкес жүргізіледі.

2. Есептеу үшін басапқы мәліметтер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 24-кестесінде келтірілген.

3. Ибупрофен түйіршіктерінің дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 22-кестеде көрсетілген.

4. (3.1) формуласы бойынша ауа ағынымен ұшып кетуі мүмкін ұнтақ бөлшектерінің максималды өлшемі есептеледі. Ибупрофен тығыздығы крахмал тығыздығынан төмен болғандықтан, D_{\max} ибупрофен бойынша есептеледі:

$$D_{\max}^{\text{ИБ}} = 1,8 \times 0,82^{1,5} \times \frac{1}{9,8 \times (1208 - 1,146)} \times \sqrt{\frac{1,146 \times 0,00001809}{0,1}} =$$

$$= 0,0000016 \text{ м} = 1,6 \text{ мкм.}$$

5. Дисперсті құрам мәліметтеріне сәйкес (осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 22-кесте) D_{\max} өлшемінен аспайтын бөлшектер фракциясының салмақтық үлесі: крахмал үшін - $\varphi_{\text{кр}} = 0,004\%$, ибупрофен үшін - $\varphi_{\text{ИБ}} = 0,06\%$ құрайды.

6. Ұнтақтың ауа жіберу қабатындағы D_{\max} өлшемінен аспайтын бөлшектер салмағы $m_{у\text{ам}}$:

Ибупрофен үшін $m_{у\text{иб}} = 1,64 * 0,000038 * 1208 * 0,0006 * 0,822 = 0,000037$ кг;

Крахмал үшін $m_{у\text{кр}} = 1,64 * 0,000038 * 1308,5 * 0,00004 * 0,178 = 0,0000005$ кг құрайды.

7. Ұнтақтың салыстырмалы шығарылымы Q (г/кг):

$$Q_{\text{иб}} = 10^3 \times \frac{0,000037}{0,000037 + 50} \times 40,5 = 0,03$$

, г/кг;

$$Q_{\text{кр}} = 10^3 \times \frac{0,0000005}{0,0000005 + 10,8} \times 40,5 = 0,00187$$

, г/кг құрайды.

8. Ұнтақтың максималды шығарылымы M (г/с):

$$M_{\text{иб}} = 4,2 \times \frac{0,03 \times 50}{3,4 \times 60} = 0,031$$

, г/с;

$$M_{\text{кр}} = 4,2 \times \frac{0,00187 \times 10,8}{3,4 \times 60} = 0,00042$$

, г/с құрайды.

5-мысал. Аллохол таблеткаларын дражелееу күбісінде магний карбонатымен қолмен опалау кезеңіндегі өлшенген бөлшектердің бөліндісін есептеу

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кесте бойынша таблеткаларды опалау 5-түрдегі операцияға жатады. Есептеу 17-тарауға сәйкес жүргізіледі. Есептеу берілген Әдістеме негізінде жүргізіледі.

2. Есептеу үшін бастапқы мәліметтер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 27-кестесінде берілді.

3. Магний карбонаты ұнтағының дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 28-кестеде көрсетілген.

Ескерту – дисперсті құрам болжалды және тәжірибелік есептеулер үшін қолданылмайды.

4. Магний карбонатының ауа ағымымен ұшып кетуі мүмкін D_{\max} бөлшектерінің максималды өлшемі (3.1) формуласы бойынша есептеледі:

$$D_{\max}^{\text{мк}} = 1,8 \times 0,65^{1,5} \times \frac{1}{9,8 \times (1257,6 - 1,116)} \times \sqrt{\frac{1,116 \times 0,00001801}{0,5}} =$$
$$= 0,0000005 \text{ м} = 0,5 \text{ мкм.}$$

5. Дисперсті құрам мәліметтеріне сәйкес өлшемі 1 мкм аспайтын бөлшектер фракциясының салмақтық үлесі $?_{\text{мк}}$ 0,015% құрайды.

6. (3.9) формуласы бойынша жүктелген магний карбонаты ұнтағындағы D_{\max} өлшемінен аспайтын бөлшектер салмағын туам есептейді:

$$m_{\text{мк}} = 0,00015 \times 1,0 = 0,00015 \text{ кг.}$$

7. Магний карбонатының опалау кезеңіндегі салыстырмалы шығарылымы $Q_{\text{мк}}$ (г/кг) мына формула бойынша есептеледі (3.4):

$$Q_{\text{мк}} = 10^3 \times \frac{0,00015}{0,00015 + 1} = 0,15$$

г/кг құрайды.

8. (3.5) формуласы бойынша магний карбонатының максималды шығарылымы есептеледі $M_{\text{мк}}$ (г/с):

$$M_{\text{мк}} = 1 \times \frac{0,15 \times 1}{0,5 \times 60} = 0,005$$

г/с.

6-мысал. Ампициллин түйіршіктерін қайнау қабатында құрғату кезеңіндегі өлшенген бөлшектер бөлінділерін есептеу.

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестеге сәйкес қайнап тұрған қабатта құрғату 6-түрдегі операцияға жатады. Есептеу осы Әдістеменің 18-тармағы бойынша жүргізіледі.

2. Есептеу үшін бастапқы мәліметтер осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 27-кестеде көрсетілген.

3. Ампициллин түйіршіктерінің дисперсті құрамы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 28-кестеде көрсетілген.

4. Жең тәріздес сүзгілер үшін сүзілетін материалдың ауыспалы диаметрі $D_{кр} = 8$ мкм болғандықтан, диаметрі 8 мкм аспайтын түйіршік бөлшектерінің фракциясының салмақтық үлесі μ_i үшін: ампициллин - 24,9%; крахмал - 3,59%; тальк - 70% құрайды.

5. Осыған сәйкес $D_{кр} = 8$ мкм (сүзгіде сүзілмейтін фракция) аспайтын бөлшектер үлесіне түйіршіктерде: ампициллин - 18,87 кг; крахмал - 0,67 кг; тальк - 1,34 кг келеді.

6. Формула бойынша (3.11) әр құрамдас бөлік үшін $m_{у_i}$ бөлшектер салмағын ұнтақтың әуеленетін қабатындағы $D_{кр}$ аспайтын өлшеммен есептейді:

$$\text{ампициллин үшін } m_{у_{ам}} = 502,8 * 0,000026 * 874,6 * 0,249 * 0,79 = 2,17 \text{ кг};$$

$$\text{крахмал үшін } m_{у_{кр}} = 502,8 * 0,000026 * 1308,5 * 0,0359 * 0,195 = 0,119 \text{ кг};$$

$$\text{тальк үшін } m_{у_{тал}} = 502,8 * 0,000026 * 1780 * 0,7 * 0,02 = 0,32 \text{ кг}.$$

Ескерту—дисперсті құрам болжалды, іс жүзіндегі есептеулер үшін қолданылмайды.

7. (3.4) формуласы бойынша ампициллин түйіршіктерінің қайнап тұрған қабатта құрғатылу кезеңіндегі салыстырмалы шығарылымын есептейді:

ампициллин үшін

$$Q_{ам} = 10^3 \times \frac{2,17}{75,8} = 28,6$$

г/кг;

крахмал үшін

$$Q_{кр} = 10^3 \times \frac{0,119}{18,8} = 6,3$$

г/кг;

тальк үшін

$$Q_{тал} = 10^3 \times \frac{0,32}{1,92} = 166,6$$

г/кг.

8. (3.5) формуласы бойынша ампициллин өндіруде түйіршіктің әр құрамдас бөлшегін құрғатудан ұнтақтың максималды шығарылымы есептелінеді M_{ij} (г/с):

ампициллин үшін

$$M_{ам} = 2,9 \times \frac{28,6 \times 75,8}{65 \times 60} = 1,59$$

г/с;

крахмал үшін

$$M_{\text{тп}} = 2,9 \times \frac{6,3 \times 18,8}{65 \times 60} = 0,087$$

г/с;

тальяк үшін

$$M_{\text{мал}} = 2,9 \times \frac{166,6 \times 1,92}{65 \times 60} = 0,23$$

г/с.

7.-мысал. Ампициллин өндіруде таблеткалық сыққыштан бөлінген өлшенген бөлшектер бөліндісін есептеу

1. Осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес 17-кестеге сәйкес таблеткалау 7-түрдегі операцияға жатады. Есептеу осы Әдістеменің 19 -тармағы негізінде жүргізіледі.

2. Құрғақ түйіршік құрамы мынадай: ампициллиндікі-75,8кг; крахмалдікі - 18,8 кг; тальктікі - 1,92 кг.

3. Ластаушы заттардың салыстырмалы шығарылымы (QT) 0,0035 г/с .

4. "Ампициллин" дәрілік препаратын өндіруде таблетка қоспасының құрамдас бөліктері қолмен жүктелетін РТМ 41М2В маркалы таблеткалау қондырғысынан шығатын максималды шығарылым мына формула бойынша есептеледі (3.12):

$$M_{\text{ам}} = 0,0035 \times 0,79 = 0,0027 \text{ г/с}$$

$$M_{\text{кр}} = 0,0035 \times 0,195 = 0,00068 \text{ г/с}$$

$$M_{\text{тал}} = 0,0035 \times 0,02 = 0,00007 \text{ г/с.}$$

ш

Осы Әдістеде қолданылатын кестелер

1-кесте

4-ші санаттағы кәсіпорындар тізімі

Өндіріс тобы	Өндіріс түрі
Химиялық өндірістер	1. Дайын дәрі-дәрмек түрлерінің өндірісі (жасаушыларын дайындамайтын)
	2. Макулатурадан қағаз өндіру
	3. Қуаттылығы 160 кг/тәуліктен асатын киім-кешекті химиялық тазалау фабрикалары
	4. Синтетикалық шайырлар мен пластмассадан өнімдер өндіру (механикалық өңдеу)
	5. Сірікке өндірісі
	1. Қазандар өндірісі

25	1,115	1,146	1,177	0,00001809	1,108	1,139	1,170	0,00001799
30	1,095	1,125	1,155	0,00001816	1,085	1,116	1,146	0,00001801
35	1,074	1,104	1,134	0,00001821	1,062	1,091	1,121	0,00001802
40	1,053	1,082	1,111	0,00001825	1,037	1,066	1,095	0,00001800
45	1,032	1,060	1,089	0,00001837	1,011	1,039	1,067	0,00001803
50	1,009	1,037	1,066	0,00001857	0,983	1,011	1,038	0,00001812
55	0,986	1,014	1,041	0,00001863	0,953	0,979	1,006	0,00001803
60	0,963	0,990	1,016	0,00001876	0,921	0,947	0,972	0,00001798
65	0,938	0,964	0,990	0,00001869	0,887	0,912	0,936	0,00001772
70	0,911	0,936	0,961	0,00001862	0,846	0,870	0,893	0,00001735
75	0,879	0,904	0,928	0,00001847	0,797	0,820	0,842	0,00001677
80	0,844	0,867	0,891	0,00001820	0,740	0,761	0,781	0,00001592

3-кесте

Түрлі шаң-тозаң шығаратын бөлінді көздеріне арналған шаң-тозаң шығарушы беттің ауданы

Операция түрі	Операция атауы	Шаң-тозаң шығарушы беттің ауданы	
		Ұнтақтар үшін	Түйіршіктер мен таблеткалар үшін
1	Ыдыстау Себу Өлшеу	Ыдыс қимасының ауданы Елеуіштің горизонталды қимасының ауданы Жұмыс тостағанының ауданы	$S=(n+1)Sn$, мұндағы Sn – ыдыс қимасының ауданы, m^2
2	Конвективті кептіру	$S=nSn$, мұндағы Sn – конвективті кептіргіштің түпқойма ауданы, m^2 ; n - кептіргіштегі түпқоймалар саны	$S=(n+1)nSn$, мұндағы Sn – конвективті кептіргіштің түпқойма ауданы, m^2 ; n - кептіргіштегі түпқоймалар саны
		$S=2hb+Sc$, мұндағы h – ұнтақтың құлау биіктігі, м;	$S=(n+1)2hb+Sc$, мұндағы h – ұнтақ құлауының максималды биіктігі, м;

3	Ұнтақ құю арқылы жүктеу	b – ұнтақ ағынының максималды ені, м; Sc -жүктелу үстіндегі сыйымдылық қимасының ауданы, m^2	b - ұнтақ ағынының максималды ені, м; Sc - жүктелу үстіндегі сыйымдылық қимасының ауданы, m^2
4	Ұнтақтарды қалақпен жүктеу	$S = l d + Sc$, мұндағы l -қалақ ұзындығы, м; d -қалақ ені, м	
5	Қолмен араластыру арқылы опалау Механикалық араластыру арқылы опалау Дражелеу	Опалау сыйымдылығының горизонталды қимасының ауданы Опалау сыйымдылығының горизонталды қимасының ауданы Күбіні дражелеудің максималды қимасының максималды	
6	Қайнау қабаты бар кептіргіште түйіршіктерді кептіру	, мұндағы R – түйіршік ұяшықтарының радиусы, м; L – түйіршіктердің орташа ұзындығы, м; M – түйіршіктер массасы, кг; $P_{гр} =$ $\sum P_i \times \tau_i$ $\sum P_i \times \tau_i$ - түйіршіктер компоненттерінің орташа тығыздығы, $кг/м^3$	

4-кесте

Есептеу формулалары түріндегі коэффициенттер (N, N1, kl)

Операция түрі	Операция атауы	Коэффициент		
		N қабатының жаңару еселігі, 1/цикл	$N1$ бір операция кезіндегі қабаттың жаңару саны	Шығарылымның әркелкілік коэффициенті kl
1	Ыдыстау Қолмен себу Виброелеуіш	- 120 Төлқұжаттық деректер бойынша сілқу саны	1 120Т -	2,58 5,2 5,2
2	Конвективті кептіру	-	-	32
3	Ұнтақтарды құю арқылы жүктеу	$N = \frac{T}{tc} = T \times \frac{g}{2h}$, мұндағы $tc = (2h/g)^{0.5}$ - ағын қабатының "өмір сүру" уақыты, с; h – ағынның максималды биіктігі, м; T – ұнтақ бөлігінің жүктелу	-	2,31

		опрециясының ұзақтығы, с		
4	Ұнтақтарды қалақпен жүктеу		$N1 = \frac{M}{mc}$, мұндағы М – жүктелу үстіндегі ұнтақ бөлігінің массасы, кг; mc – қалақ сыйымдылығы, кг	4,2
5	Қолмен араластыру арқылы опалау Механикалық араластыру арқылы опалау Дражелеу	Араластыру саны 30 Дражелеу қазанының айналымының саны, айн/мин	- - -	1 1 1
6	Қ а й н а у қабатынында кептіру		-	2,9

5-кесте

Таблеткалау және капсулалау машиналарынан бөлінетін ластаушы заттардың салыстырмалы бөлінділері

Жабдық атауы мен маркасы	Таблеткалы қоспа жүктелуінің түрі	Өнімділік, табл./сағ	Ластаушы заттардың салыстырмалы бөлінділері Q_T , г/с
РТМ 41М2В роторлық таблеткалау машинасы	Таблеткалы қоспаны пневмотасымалдау жүйесі бар	44300-209000	0,0035
	Таблеткалы қоспаны қолмен жүктеу		0,0035
РТМ 41М роторлық таблеткалау машинасы	Таблеткалы қоспаны пневмотасымалдау жүйесі бар	51200-209000	0,0035
	Таблеткалы қоспаны қолмен жүктеу		0,0035
РТМ 41М3 роторлық таблеткалау машинасы	Таблеткалы қоспаны пневмотасымалдау жүйесі бар	100000 дейін	0,0035
	Таблеткалы қоспаны қолмен жүктеу		0,0035
К-190-Ф (Бельгия) таблетка сыққышы		100000 дейін	0,0035

Препараттарды капсулалауға арналған "Bosch" автоматы	Капсулаларды өңдеу жүйесі бар Капсулаларды өңдеу жүйесі жоқ	100000 дейін	0,004
--	--	--------------	-------

6-кесте

ІҚМ, ҰҚМ және шошқаларды асырау және жемдеу кезіндегі ЛЗ атмосфералық ауаға салыстырмалы шығарылымы (мкг/(с* тірідей салмақтың 1 центнері))

ЛЗ атауы немесе ЛЗ топтары, басты компонент коды	Қой қорасында, фермада немесе кешендегі ауылшаруашылық малы				
	қошқар, тоқты (ІҚМ) [34] {376}	ешкі (ІҚМ) [48] {335}	шошқа [64] {304}	бұқа, сиыр (ІҚМ) [240] {197}	Жылқы [320] {179}
Аммиак, 0303	12,8	11,2	10,2	6,6	6,0
Күкіртті сутек, 0333	0,21	0,185	0,4	0,108	0,10
Метан, 0410	58,5	51,8	51,8	31,8	32,5
Метанол, 1052	0,58	0,50	1,12	0,245	0,28
Фенол, 1071	0,06	0,05	0,11	0,025	0,0275
Этилформиат, 1246	0,78	0,63	0,9	0,38	0,48
Пропиональдегид, 1314	0,25	0,22	0,45	0,125	0,12
Гексан қышқылы, 1531	0,35	0,32	0,25	0,148	0,28
Диметилсульфид, 1707	0,85	0,78	1,58	0,192	0,40
Метантиол, 1715	0,009	0,008	0,008	0,0005	0,0004
Метиламин, 1849	0,165	0,145	0,20	0,10	0,078
Көміртегі диоксиді, жоқ	3506	3105	3108	1908	1950
Тері шаң-тозаңы, 2920	8,0	5,5	5,3	3,0	2,8

7-кесте

Мамықты аңдарды асырау және жемдеу кезіндегі ЛЗ атмосфералық ауаға салыстырмалы шығарылымы (мкг/(с*тірідей салмақтың 1 центнері))

ЛЗ атауы немесе ЛЗ топтары,	Аң фермасындағы мамықты аң (шеді тордағы)		
	Тамақ талғамайтын аң	Етқоректілер	Шөп қоректілер

б а с т ы компонент коды	Бұлғын [1,35] {736}	карақузен/ күзен [1,75] { 674}	түлкі[6,35] { 438}	ақтүлкі [7,25] {418}	қоян[4,3] {500 }	Құндыз [5.0] { 475}
Аммиак, 0303	14,9	13,6	8,85	8,44	10,1	9,6
Күкіртті сутек , 0333	0,305	0,45	0,29	0,28	0,082	0,079
Метан, 0410	51,1	51,4	33,1	31,6	32,4	31,1
Метанол, 1052	0,74	1,1	0,70	0,67	0,20	0,197
Фенол, 1071	0,08	0,11	0,07	0,07	0,02	0,02
Этилформиат, 1246	1,22	1,52	0,98	0,93	0,53	0,51
Пропиональд егид, 1314	0,44	0,60	0,39	0,37	0,16	0,15
Гексан қышқылы 1531	0,57	0,70	0,45	0,43	0,26	0,25
Диметилсуль фид, 1707	0,86	1,28	0,82	0,78	0,22	0,21
Метантиол, 1715	0,0019	0,003	0,002	0,0019	0,00038	0,00037
Метиламин, 1849	0,20	0,21	0,14	0,13	0,11	0,11
Көміртегі диоксиді, жоқ	3067	3086	1984	1893	1944	1866
Т е р і шаң-тозаңы, 2920	20,2	19,8	12,6	12,3	13,5	12,8

8-кесте

Құсты асырау және жемдеу кезіндегі ЛЗ атмосфералық ауаға салыстырмалы шығарылымы (мкг/(с*тірідей салмақтың 1 центнері))

ЛЗ атауы немесе ЛЗ топтары, б а с т ы компонент коды	Құс фермасында немесе құс фабрикасындағы құс					
	бөдене [0,09] {1833}	Тауық [1,45] { 718}	Үйрек [1,85] { 662}	Қаз [3,0] {563}	Күркетауық [5,3] {465}	Түйеқұс [75] { 192}
Аммиак, 0303	37,0	14,5	13,4	11,4	9,4	3,88
Күкіртті сутек , 0333	2,02	0,80	0,11	0,093	0,52	0,21
Метан, 0410	145	57,4	46,6	39,1	35,8	14,7
Метанол, 1052	1,47	0,58	0,27	0,23	1,18	0,48
Фенол, 1071	0,46	0,18	0,028	0,023	0,12	0,049

Этилформиат, 1246	4,25	1,68	0,68	0,57	1,09	0,45
Пропиональдегид, 1314	1,7	0,67	0,18	0,155	0,43	0,18
Гексанқышқылы, 1531	1,9	0,75	0,34	0,29	0,49	0,20
Диметилсульфид, 1707	9,61	3,79	0,26	0,22	2,47	1,02
Метантиол, 1715	0,009	0,0036	0,0006	0,0005	0,0024	0,001
Метиламин, 1849	0,67	0,26	0,14	0,12	0,17	0,071
Көміртегі диоксиді, жоқ	8712	3441	3570	2346	2151	885
Герішаң-тозаңы, 2920	53,3	20,7	20,4	16,8	12,2	5,0

9-кесте

Ашық беттер үшін ластаушы заттардың атмосфералық ауаға салыстырмалы шығарылымы

Ластаушы заттың атауы және коды	Ластаушы заттардың 1 м ² ашық бетке салыстырмалы шығарылымы г/сек	
	Ғимарат атауы	
	Көңқоймасы	Компостерлеу алаңшасы
Аммиак (0303)	0,00002839	0,00000243
Күкіртті сутек (0333)	0,0000022	0,00000013

10-кесте

Киімді химиялық тазалауға ПХЭ және ТХЭ еріткіштерінің шығын мөлшері

Машина түрі	Тазалағыш реагент атауы	Сұрыпталым топтарына қарай шығын мөлшері, г/кг		
		ауыр	орташа	жеңіл
МХЧА-5	ПХЭ және ТХЭ	250	210	170
КХ-012	ПХЭ және ТХЭ	250	280	230
КХ-010	ПХЭ және ТХЭ	220	180	120
КХ-010А	ПХЭ және ТХЭ	220	180	120
Специма-212	ПХЭ және ТХЭ	200	124	116
Специма-12Е	ПХЭ және ТХЭ	220	150	106
МХЧА-18	ПХЭ және ТХЭ	165	85	55
КХ-019	ПХЭ және ТХЭ	175	100	6

Тримор-25-3	ПХЭ және ТХЭ	250	200	175
Тримор-24-4	ПХЭ және ТХЭ	220	180	146
КХ-014	ПХЭ және ТХЭ	220	170	140
КХ-016	ПХЭ және ТХЭ	230	175	140
БЕВА 100	ПХЭ және ТХЭ	100	85	10
БЕВА СИ-100	ПХЭ және ТХЭ	100	85	10
ТБ25-2; 3	Уайт-спирит, ауыр жанармай	310	200	180
WD-301	Сольвент нафта	310	200	180

11-кесте

ПХЭ, ТХЭ, уайт-спирит, сольвент және технологиялық жанармай арқылы химиялық тазалаудың технологиялық операциялары бойынша еріткіштердің буын үлестіру

Технологиялық үдеріс атауы	Атмосфераға өтетін бөлінді %	Ескертулер	Шығарылым
Тасымалдау, сақтау	0,5	Табиғи шығындар	Ауа алмастыру
Дистилляция	12,0	Тазалауға түсетін жібіген коқыс түрінде	
Жуу және сығу	1,2	Машиналардың ашық беттерінен ғимаратқа шығарылады, ауа алмастыру жүйесі арқылы жойылады	Ауа алмастыру
Киімді кептіру	5,0	Ауа алмастырудың технологиялық жүйесі арқылы жойылады	Технологиялық ауа алмастыру
Киімді желдету	80,0	Ауа алмастырудың технологиялық жүйесі арқылы жойылады	Технологиялық ауа алмастыру
Таза бұйымдарды түсіру және тасымалдау	0,2	Ауа алмастыру жүйесі арқылы жойылады	Ауа алмастыру
Үтіктеу цехындағы бөлінді	0,6	Ауа алмастыру жүйесі арқылы жойылады	Ауа алмастыру
Киімдегі еріткіш қалдығы	0,5	Тасымалдау кезіндегі, қабылдау бекеттеріндегі бөлінділер	Ауа алмастыру

12-кесте

Дақ кетіргіш құралдар мен күшейткіштердің құрамына кіретін ұшпа заттардың пайыздық құрамы

Зат	Құрамдастары	Нормативті құжат	%-дық құрамы
-----	--------------	------------------	--------------

Дақ кетіруші құралдар

Ветензол	Техникалық этилцеллозоль	МЕМСТ 8313-76	(ұшпа) 75%
	бензилспирті	МЕМСТ 8751-72	(ұшпа) 20%
	тегістеуші А	МЕМСТ 9600-78	5%
Таннидин	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	10%
	лецитин	ССТ 18-227-75	5%
	хлорлы натрий	МЕМСТ 4233-77	1%
	Натрий сульфаты	МЕМСТ 6318-77	1%
	Монохлорсіркесулы қышқыл	ССТ 6-01-36279	(ұшпа) 3%
	этанол (спирт этил.)	МЕМСТ 11547-80	(ұшпа) 4%
	су	МЕМСТ 2874-82	76%
ДҚМ-2 (кілем тазалау үшін)	катамин АБ	ТШ 601-816-75	2%
	синтаמיד- 5	ТШ 6-02-640-77	4%
	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	2%
	диэтаноламиндер	ТШ 38-107-10-71	1%
	этиленгликоль	МЕМСТ 101-64-75	(ұшпа) 10%
	изопропилспирті	МЕМСТ 9805-76	(ұшпа) 4%
	несепнәр	МЕМСТ 6691-63	3%
	су		73%
Катизол	катамин АБ	ТШ 6-01-816-75	25%
	изопропил спирті	МЕМСТ 9805-69	(ұшпа) 75%
Катанол	прогресс жуу құралы	ТШ 38-10-719-71	15%
	синтаמיד- 5	ТШ 6-02-640-76	3%
	Изопропил спирті	МЕМСТ 9805-76	(ұшпа) 10%
	этиленгликоль	МЕМСТ 101-64-75	(ұшпа) 5%
	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(ұшпа) 5%
	триэтаноламин	АТШ 12 № 10113-61	2%
	пергидроль	МЕМСТ 177-71	7,50%
	хлорлы натрий	МЕМСТ 13830-68	1%
	Трилон Б	МЕМСТ 10652-73	51,50%
Ойлин	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	4,50%
	циклогексанол	ТШ 113-03-258-83	(ұшпа) 7%
	уайт-спирит	МЕМСТ 3134-78	(ұшпа) 24,88%
	декалин	ТШ 38-102102-76	(ұшпа) 15%
	изомилацетат	ТШ 18-16-155-83	(ұшпа) 25%
	перхлорэтилен	ТШ 6-01-956-79	(ұшпа) 5%
	ализарин майы	МЕМСТ 6990-75	15%
	күйдіргіш калий	МЕМСТ 9285-78	(ұшпа) 0,62%
	өндірістік май	МЕМСТ 20799-75	3%
	Олеин қышқылы	ТШ 18-725-80	51,60%

Паст-7	Калий сутотыгы	МЕМСТ 9285-78	10,16%
	циклогексанол	МЕМСТ 24615-81	(үшпа) 10%
	скипидар	МЕМСТ 1571-82	(үшпа) 10%
	су	МЕМСТ 2874-82	18,24%
Субтинол	протосубстилин Т3х-1	МЕМСТ 236-36-79	25%
	амилосубстилин Г10х-1	МЕМСТ 59-11-72	10%
	сульфанол	ТШ 6-01-1001-75	20%
	картоп крахмалы	МЕМСТ 7699-73	41%
	хлорлы марганец	МЕМСТ 612-75	4%
46-А	циклогексанол	МЕМСТ 246-15-81	(үшпа) 8.1%
	изопропил спирті	МЕМСТ 9805-84	(үшпа) 91.9%
Эванол	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(үшпа) 8%
	перхлорэтилен	ТШ 6-01-956-76	(үшпа) 45%
	изоамил спирті	МЕМСТ 5830-79	21%
	бензил спирті	МЕМСТ 8751-72	(үшпа) 12%
	циклогексанон	ТШ 6-03-356-73	(үшпа) 2%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(үшпа) 6%
	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	1%
	тегістегіш А	МЕМСТ 9600-73	4%
	моноэтаноламин	ТШ 38-107-97-76	1%
Эдамол	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(үшпа) 20%
	циклогексанол	ТШ 113-03-358-83	(үшпа) 4%
	перхлорэтилен	ТШ 6-01-956-76	(үшпа) 54%
	декалин	ТШ 38-102102-76	(үшпа) 4%
	изоамил спирті	ССТ 18-298-80	10%
	тегістеуші А	МЕМСТ 9600-278	4%
	ОС-20 (марка Б)	МЕМСТ 10730-82	3%
	алкиламидтер	ТШ 38-107-97-82	1%
Ютан ПЗ	сульфанолтв.	ТШ 6-01-1001-75	18%
	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	10%
	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(үшпа) 30%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(үшпа) 30%
	су		12%
Ютан И	этил спирті	МЕМСТ 18300-72	(үшпа) 45%
	этилацетат	МЕМСТ 8981-78	(үшпа) 40%
	аммиак	МЕМСТ 9-77	(үшпа) 6%
	моноалкилоламидтер	АТШ № 45-916-64	2%
	синтанол ДС-10	ТШ 61-4377-75	2%
	су		5%
Ютан МКИС	перхлорэтилен	ТШ 6-01-956-79	(үшпа) 20%
	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(үшпа) 30%
	циклогексанол	ТШ 6-03-353-74	(үшпа) 48%

	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	1%
	моноалкиламиды	ТШ 38-107-97-82	1%
Синкатол	синтанол ДС-10	ТШ 14-577-77	2%
	катамин	Әсер етуші НТД бойынша	(ұшпа) 10 %
	су	МЕМСТ2874-82	88%
Оксинол	натрий пербораты	ТШ 6-02-1187-79	55%
	Натрий үш полифосфаты	МЕМСТ13493-77	25%
	динатрий фосфаты	ССТ 6-25-21275-80	5%
	күкіртқышқылды натрий	МЕМСТ21458-75	9,50%
	метасиликат	МЕМСТ4239-77	3%
	сульфанолтв.	МЕМСТ4239-77	2,40%
Ағартқыштар (тәжірибелік үлгілер)	белофар КБ		0,05%
	белофор ЛА		0,05%
Күшейткіштер			
УС-28 бк күшейткіші	Сульфанол	ТШ 6-01-1001-75	24%
	Оксифос	ТШ 6-02-3-100-75	40%
	ОП-7 немесе ОП-10	МЕМСТ 8433-57	15%
	лецитин (фосфатидтер)	МЕМСТ 18-227-75	5%
	Циклогексанол	ТШ 6-03-353-74	(ұшпа) 8%
	Ауыз су	МЕМСТ 2374-73	8%
УС-28 к күшейткіші	Авируль	ТШ 6-14-1017-77	20%
	Лецитин	ССТ 18-227-75	10%
	ОП-7 или ОП-10	МЕМСТ 8433-57	15%
	сульфанол тв.	ТШ 6-01-1001-75	20%
	оксифос Б	ТШ 6-02-3-100-75	10%
	Циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(ұшпа) 5%
	изопропил спирті	МЕМСТ 9805-76	(ұшпа) 15%
	ауызсу	МЕМСТ 2874-73	5%
УС-28-1-ОГ күшейткіші	Сульфанол	ТШ 6-01-1001-75	20%
	авируль ДС-10	ТШ 6-14-549-80	30%
	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	15%
	изопропил эфири	МЕМСТ 9805-84	(ұшпа) 15%
	циклогексанол	ТУ 113-03-358-83	(ұшпа) 10%
	су	МЕМСТ 2874-82	10%
УС-29-А1-ОГ күшейткіші	сульфанол	ТШ 6-01-1001-75	15%
	авируль ОГ	ТШ 6-14-549-80	45%
	циклогексанол	ТШ 6-03-3582-74	(ұшпа) 10%
	этилцеллозольв	МЕМСТ 8313-76	(ұшпа) 15%
	су	МЕМСТ 2874-73	15%
	сульфанол	ТШ 6-01-1001-75	20%
	оксифос	ТШ 6-02-11-77-79	30%

Фестивальный күшейткіші	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-77	10%
	циклогексанол	ТШ 113-03-358-83	(ұшпа) 10%
	Этилцеллозольв	МЕМСТ 0313-76	(ұшпа) 20%
	жұпарландырғыш	ТШ 18-16-121-77	10%
УС-Ф-К күшейткіші	сульфанол тв.	ТШ 6-01-1001-75	30%
	алкилсульфаты	РСТ 352-73	10%
	синтаид- 5	ТШ 6-02640-71	5%
	оксифос Б	ТШ 6-02-3-100-75	30%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(ұшпа) 10%
	изопропил эфирі	МЕМСТ 9805-69	(ұшпа) 15%
Олимпиялық күшейткіші	сульфанол ИП- 3	ТШ 84-509-74	25%
	оксифос Б	ТШ 6-02-3-100-75	30%
	диэтаноламиндер	ТШ 3-810-720-72	(ұшпа) 20%
	изопропанол	МЕМСТ 9805-76	(ұшпа) 15%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(ұшпа) 10%
Күшейткіш УС-Ф	алкилсульфаттар	РСТ 352-73	10%
	синтанол ДС-10	ТШ 61-4377-70	15%
	синтаид- 5	ТШ 6-02-640-71	20%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(ұшпа) 10%
	изопропил спирті	МЕМСТ 9805-69	(ұшпа) 15%
	сульфанолтв.	ТШ 6-01-1001-35	30%
Әмбебап күшейткіш	синтанол ДС-10	ТШ 6-14-577-70	30%
	катамин АБ	ТШ 6-01-816-75	(ұшпа) 20%
	циклогексанол	ТШ 6-03-358-74	(ұшпа) 50%
Күшейткіш УС-Ф-1	сульфанолтв.	ТШ 6-01-1001-76	25%
	синтанол ДС-10	ТШ 61-4577-70	15%
	синтаид- 529	ТШ 6-02-640-71	20%
	Изопропил эфирі	МЕМСТ 9805-69	(ұшпа) 15%
	циклогексанол	ТШ 6-03-359-74	(ұшпа) 10%

13-кесте

Жалпызауыттық зертханалар жабдықтарынан атмосфераға өтетін зиянды заттардың салыстырмалы бөлінділері

Зертхананың, жабдықтық атауы, түрі, үлгісі	Бөлінетін зиянды заттар	
	Атауы мен коды	Мөлшері, г/с
1. Химиялық зертхана		
	Азот қышқылы (0302)	$5.00 \cdot 10^{-4}$
	Тұз қышқылы (0316)	$1.32 \cdot 10^{-4}$

СШ-4.2 (СШ-3,3) сорып алатын химиялық шкафы	Күкірт қышқылы (0322)	$2.67 \cdot 10^{-5}$
	Натрий гидроксиді (0150)	$1.31 \cdot 10^{-5}$
	Калий (натрий) гидроксиді (0150)	$1.31 \cdot 10^{-5}$
	Аммиак (0303)	$4.92 \cdot 10^{-5}$
	Сірке қышқылы (1555)	$1.92 \cdot 10^{-4}$
	Этанол (1061)	$1.67 \cdot 10^{-3}$
	Тетрахлорметан (0906)	$4.93 \cdot 10^{-4}$
	Бензол (0602)	$2.46 \cdot 10^{-4}$
	Толуол (0621)	$8.11 \cdot 10^{-5}$
	Ацетон (1401)	$6.37 \cdot 10^{-4}$
2. Химия-технологиялық зертхана		
2.1. Спектрлік зертхана		
СШ-4,2 (СШ-3,3) сорып алатын химиялық шкафы	Азот қышқылы (0302)	$8.33 \cdot 10^{-6}$
	Тұз қышқылы (0316)	$2.50 \cdot 10^{-5}$
	Күкірт қышқылы (0322)	$2.78 \cdot 10^{-8}$
	Натрий гидроксиді (0150)	$5.56 \cdot 10^{-7}$
	Калий (натрий) гидроксиді (0150)	$5.56 \cdot 10^{-7}$
	Дитемір үшоксиді (0123)	$2.08 \cdot 10^{-5}$
13. Қалдықтардың әрдайым метан бөліп, анаэробты шіруі және жоғары деңгейде биогаз бөлуі 80-% көлемінде жалпы биогаздан (төртінші фазада) алынады Қалған 20%

алғашқы үш және соңғы фаза кезеңінде өнімдердің шіру барысында полигондағы қалдықтардың бір бөлігінің (қалдықтардың беткі қабаты және микроорганизмдермен жай ыдырайтын органикалық бір бөлігі) қатысуымен жүреді. Осы фазаға қатысты шығарылатын қалдықтардың сандық және сапалық құрамы нақты сол немесе басқа полигонды тексеру кезінде анықталған қалдықтардың құрамына байланысты болады.

Газ бөлу процесінің тұрақтануы шамамен қалдықтарды көмген уақыттан 2 жыл өткеннен кейін басталады. Сондықтан осыны есепке ала отырып, биогаздың бөліну есебін мақсатты түрде биогаздың жоғарғы деңгейде шығуы бойынша қалдықтардың тұрақты шіру процесі жағдайында шығарады. Бұл фазаға 80% биогаздың бөлінуі келеді. Ал қалған шығарылған қалдықтардың 20% сараптамада анықталған биогаздың компонентті концентрацияларымен есептелінеді (биогаздан таңдалынған сараптамалық сынама алуда қайсысы әрдайым метан бөлетін анаэробты шіруде, қайсысы аралас ашуда пайда болатын компоненттен дифференциялану мүмкін емес).

14. Қалдықтың минералдану процесі алғашқы жылда - 12см, екінші жылда -21 см , үшінші жылда- 27 см-ге және т.б жүрді.

15. Биогаздың полигонының беткі қабатынан ауаға шығуы бірқалыпты, оның сандық және сапалық сипаттамасы өзгермейді.

2. Полигондағы ластағыш заттардың ауа қабатына шығарылуын есептеу

16. Берілген әдістемеді ауа қабатын ластандырғыш газ күйінде шығарылатын заттардың есебі полигондағы ТҚҚ-ды пайдалану режимін нормаға сай жүргізуге берілген.

17. Жол техникалары мен ошақтардан және көлік жұмысы кезінде шығарылған қатты және газ күйіндегі заттар, сонымен қатар қалдықтарды салу, тасымалдау және сақтау кезінде шығарылған қатты зиянды заттар қажет болған жағдайда сәйкестендірілген қолданылымдағы әдістеме бойынша есептелінеді.

18. Полигонның әр түрлі аймақтарындағы қалдықтардың жануынан шыққан қалдықтар авариялық қалдықтар есебінде қарастырылады.

19. Полигондағы қалдықтардан шыққан ластандырғыш заттардың сапалық сипаттамасына көптеген факторлар үлкен әсерін тигізеді, олардың ішінде:

климаттық жағдай;

полигонның (активті) жұмыс аймағы;

полигонды пайдалану мерзімі;

көмілген қалдықтардың мөлшері;

салынған қалдық қабаттарының қуаты;

әкелінген қалдықтардың морфологиялық құрамы;

әкелінген тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың арақатынасының мөлшері;

қалдықтың ылғалдылығы;

қалдықты құрайтын органиканың құрамы;

қалдықтың органикасындағы майтәріздес, көмірсутегі және ақуыз тектес заттардың арақатынасы;

қалдықтарды көму технологиясы.

20. Биогаздың қатынасты шығымы (кг/кг қалдықтар) метандық ашу бойынша оның қарқынды тұрақталған генерациясы кезеңінде төмендегі теңдік арқылы анықталады.

$$Q = 10^{-4} R (0.92 G + 0.62 U + 0.34 V), \quad (3.1)$$

Мұнда:

Q- қарқынды генерация кезіндегі биогаздың қатынасты шығымы;

R- қалдықты құрайтын органиканың құрылымы, %

G - қалдықтардың органикасындағы майтәріздес заттар құрамы, %

U-қалдықтардың органикасындағы көмірсутектес заттардың құрамы, %

V- қалдықтардың органикасындағы белок заттарының құрамы, %

R, G, U, және V-ның анықтамасы қалдықтардың таңдалған сараптама сынамаларында анықталынады.

21. Майлар мен ақуыздар стандартты талдамалық сараптама әдістемесімен (майларды экстрогирлеу, ақуызды гидролиз пайдалану арқылы) анықталады. Көмірсуларды анықтау әдістемесі.

22. (3.1) теңдеуі қалдықтардың абсолютті құрғақ заттарына пайдалануға құрастырылған.

23. Нақты жағдайда қалдықтардың құрамында ылғалдылық белгілі бір мөлшерді құрайды, яғни өз-өзінен биогазды генерацияламайды немесе шығармайды. Соған сәйкес биогаздың нақты салмақ бірлігіне қарағанда өлшем бірлігіне қатысты шығуы, абсолютті құрғақ заттың өлшем бірлігіне қарағанда 10^{-2} (100 - W) есе азаяды. Сол сияқты биогазды генерациялайтын ылғалды қалдықтардың салмақтық бірлігінде абсолютті құрғақ заттар 10^{-2} (100 - W) бірлікті құрайды. Мұнда, қалдықтардың нақты ылғалдылығы, қалдықтардың сынама сараптамаларында % есебімен анықталған.

Жоғарыда көрсетілген теңдікті есепке ала отырып, нақты ылғалды қалдықтардың метанды шіру барысында биогаз бөліну түрі:

$$Q_w = 10^{-6} R (100 - W) (0.92 G + 0.62 U + 0.34 V), \quad \text{кг/кг қалд.} \quad (3.2)$$

мұнда көбейткіш 10^{-2} (100 - W) абсолютті құрғақ қалдықтардың мөлшерін есепке алады, (3.1) теңдік соларға арналған нақты ылғалды қалдықтардың жалпы көлемінде.

Бір жылда шығарылған биогаздың көлемі, яғни 1 тоннаға шаққанда, мына формуламен анықталынады.

$$D_{OA} = (Q_w / t_{ашу}) * 10^3 \quad \text{кг/т қалдық жылына} \quad (3.3)$$

мұнда $t_{ашу}$ - сәйкес эприкалық формуламен анықталған 1 жыл ішінде қалдықтардағы органикалық бөліктің толық ашуы:

$$t_{СЕР} = \frac{10248}{T_{жыл} \times (t_{ср.жыл})^{0,301966}}, лет$$

(3.4)

мұнда $t_{ср.жыл}$ - жылдың жылы мезгіліндегі полигон аймақтарындағы ауаның орта айлық орташа температурасы ($t_{орт.ай} > 0^{\circ}C$)

$T_{жыл}$ - ТҚҚ полигон аймағындағы жылы кезеңдердің жылдық ұзақтығы, күнмен есептелінеді.

Органикалық биометрияның ыдырауын есептейтін қатынастың коэффициенті 10248 және 0,31966.

Ескерту: ауа райының көрсеткіштері РГП "Казгидрометтен" сұратылады.

Қалдықтың құрамындағы органикалық заттар әр түрлі интенсивті түрде ыдырайды. Резеңке, тері, полимерлі материалдар микроағзалармен өте ұзақ іриді, сол уақытта қалдықты құрайтын органикалар ақуыз, крахмал, өте тез ыдырайды.

Бұдан біз қалдықты құрайтын органикалық "активті" және "пассивті" заттар (генерацияланбайтын немесе өте жай генерацияланатын) - (генерациялайтын) бар екенін білеміз. Осыған сәйкес қалдықтардың морфологиялық құрамына байланысты биогаздың қарқынды пайда болуы мен бөлінуі осыған және климаттық жағдайға байланысты тұрақтандырылған биогаздың қарқынды бөліну кезеңінің ұзақтығы өзгеріп тұрады.

24. Биогаздың тығыздығы мына формула бойынша анықталады:

$$\rho_{б.г.} = 10^{-6} \sum_{i=1}^n C_i, \text{ кг/м}^3 \quad (3.5)$$

мұнда C_i -биогаз компоненттерінің концентрациясы, мг/м^3

Осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 1-кестесінде биогаздың мүмкін компоненттерінің тығыздығы көрсетілген.

25. Биогаздың құрамы мен компоненттерінің концентрациясы биогаздың сынама сараптамасымен анықталады. Бұл сараптама полигон ауданында 1-1,5 метр тереңдікте нүктелік қатармен биогазды сору арқылы алынады, содан кейін химиялық сараптамасы бекітілген әдістемемен жүргізіледі.

26. Полигонда ағымдағы су қалдықтарының және қарқынды тұнбаны салу немесе шығарылған биогазда табиғи меркаптан қоспасының анықталуы, яғни этилмеркаптанмен (этинолмен) мөлшерленетін, сонымен қатар соңғысы биогаз құрамының тізіміне кіреді және биогаздың сынамасы құрамындағы этил меркаптан концентрациясына сарапталынады.

27. биогаздың қоспаларының концентрациясын талдаудан алынғанды пайдалана отырып және оның тығыздығын есептеп, осы қоспалардың биогаздың құрамындағы пайыздық салмағы анықталады:

$$C_{\text{ввс}i} = 10^{-4} \frac{C_i}{\rho_{\text{в.з.}}},$$

% (3.6)

мұнда C_i -биогаз компоненттерінің концентрациясы, мг/м³

$\rho_{\text{в.з.}}$ -биогаз тығыздығы, мг/м³

Биогаздың 1 жыл ішінде есептелінген шығымы, яғни 1 тонна қалдыққа (3.3 формула) және биогаздың салмақтық пайыздық компоненттерінің құрамы бойынша (3.6 формула) бір жылдың ішінде шығарылған компоненттерінің қатынасты салмағымына формуламен анықталынады:

$$?_{\text{уд.к}} = (C_{\text{ввс}i} * ?_{\text{уд.к}}) / 100 \text{ кг/т қалдық жылына (3.7)}$$

Жұмыс жасап тұрған полигондардағы шығарылымдарды инвертаризациялауда есептеу әдістемесін пайдалану және жаңа жобалау немесе ТҚҚ жұмыс жасап тұрған полигонды кеңейту кезінде осы әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 1-кестесі бойынша биогаздың орташа статистикалық құрамы қабылданады, яғни ол жобалау кезінде ұсынылған.

28. Шығарылымдардың көлемін есептеу үшін, биогазды тұрақты генерациялайтын қарқынды қалдықтардың саны есептелінеді, яғни биогаздың тұрақты қарқынды шығуы орташа есеппен 20 жылды құрайды, қалдық құрамындағы органиканың тұрақты ыдырау анаэробты фазасы орташа есеппен қалдықтарды көмгеннен 2 жыл уақыт өткеннен кейін басталады, яғни, соңғы 2 жылда әкелінген қалдықтар, бұл қарқындылардың санына қосылмайды.

Есептеуде 2 нұсқа пайдаланылуы мүмкін.

Бірінші - полигон 20 жылдан аз уақыт жұмыс жасайды, яғни толық ашу кезеңі аз ($t_{\text{ашу}}$). Бұл жағдайда полигонның жұмыс жасай бастаған уақыттан бері әкелінген қалдықтар есептелінеді, бірақ бұған соңғы 2 жылда әкелінген қалдықтар қосылмайды.

Екінші - полигон 20 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Бұл жағдайда соңғы 20 жылда әкелінген қалдықтар есептелінеді немесе $t_{\text{ашу}}$ соңғы 2 жылда әкелінген қалдықтарды есептемейді.

29. Полигондағы биогаздың бір рет максималды жиынтық шығуы төмендегі формула бойынша анықталынады.

$$M_{\text{сек.сум}} = \frac{\rho_{\text{в.з.}} \times \sum D}{86.4 \times T_{\text{менг.}}}, \text{ г/с}$$

(3.8)

30. Полигондағы биогаз компонентінің бір рет максималды шығуы төмендегі формула бойынша анықталады.

$$M_{сек.i} = 0.01 \times C_{веси} \times M_{сек.сум}, г/с$$

(3.9)

мұндағы ?D - қалдықтардың тұрақты қарқынды көлемде биогазды генерациялауы, т ;

T_{жылы} - ТҚҚ полигон аймақтарындағы жылдық жалпы кезеңдердің ұзақтығы, күн;

C_{сал.i} - 3.6 формуласы немесе осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 3-кестесімен анықталынады.

31. Жыл мезгіліне байланысты биогаздың пайда болуы біртекті болмайды. ТҚҚ органикасының "мезофильді" шіру (55⁰ С-қа дейін) процесі жағымсыз температурада тоқтайды, яғни жылдың жылы кезеңі басталғанша "консервілену" болып табылады.(t_{орт.ай} > 0⁰С).

32. (3.8) келтірілген формула полигонды зерттеу және жылдың жылы мезгілінде биогаздан таңдап сынама алу жағдайында әділ болып табылады. Жылдың салқындау мерзімінде зерттеу кезінде, мақсатсыз қосымша өлшемдердің қателіктерінде формулада биогаздың біртекті пайда болуын көтеретін коэффициентті пайдалану керек.

33. Біртектілік коэффициентті есепке ала отырып, биогаздың жалпылама баллдық шығуы төмендегі формула бойынша анықталады:

$$M_{год.сум} = M_{сек.сум} \left(\frac{\alpha \times 365 \times 24 \times 3600}{12} + \frac{\beta \times 365 \times 24 \times 3600}{12 \times 1.3} \right) \times 10^{-6}, т/год$$

(3.10)

Полигондағы биогаз компоненттерінің баллдық шығуы төмендегі формула бойынша анықталынады.

$$M_{год.i} = 0,01 * C_{веси} * M_{год.сум}, т/ЖЫЛ (3.11)$$

Ескерту: формуладағы ? мен ? жылдың жалпы және салқын кезеңдеріндегі айларға сәйкес келеді. (?-t_{орт.ай} > 8⁰С; ? 0 < t_{орт.ай} ? 8⁰С).

Морфологиялық және физикалық-химиялық құрамды анықтау бойынша кестелер

Тұрмыстық қатты қалдықтардың (ТҚҚ) морфологиялық және физикалық-химиялық құрамы, % масса бойынша

ТҚҚ морфологиялық құрамы	
Тағам қалдықтары	35...45
Қағаз, картон	32...35
Ағаш	1...2
Қара метал сынығы	3...4
Түсті метал сынығы	0,5...1,5
Меткел	3...5
Сүйек	1...2
Әйнек	2...3
Терезе, резеңке	0,5...1
Тастар, сылақ	0,5...1
Пластмасса	3...4
Басқалар	1...2
Сүзгілеу (15 мм-ден кем)	5...7
ТҚҚ физикалық-химиялық құрамы	
Жұмыс массасындағы күлділік, %	10...21
Құрғақ массалық күлділігі %	20...32
Құрғақ массадағы органикалық зат, %	68...80
Ылғалдылық, %	35...60
Тығыздығы, кг/м	190...200
Жану жылулығының төменгі жұмыс массасы, кДж/кг	5000...8000
Құрғақ массадағы агрохимиялық көрсеткіштері, %	
Жалпы азот N	0,8...1
Фосфор P ₂ O ₅	0,7-1,1
Калий K ₂ O	0,5...0,7
Кальций CaO	2,3...3,6

2-кесте

Биогаздың мүмкін компоненттерінің тығыздығы

Заттектердің атауы,	Тығыздық, кг/м ³
Метан	0.717
Көміртегі диоксиді	1.977
Толуол	0.867
Аммиак	0.771
Ксилол	0.869
Көміртегі оксиді	1.250

Азот диоксиді	1.490
Формальдегид	0.815
Күкіртті ангидрид	2.930
Этилбензол	0.867
Бензол	0.869
Күкірт сутегі	1.540
Фенол	1.071

3-кесте

Биогаздың орташа статистикалық құрамы

Компонент	Ссалмақ,і, %
Метан	52,915
Толуол	0,723
Аммиак	0,533
Ксилол	0,443
Көміртегі оксиді	0,252
Азот диоксиді	0,111
Формальдегид	0,096
Этилбензол	0,095
Күкіртті ангидрид	0,070
Күкірт сутегі	0,026

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарынан атмосфераға шығарылатын ластағыш заттарды есептеу әдістемесіне 2-қосымша (анықтамалық)

Полигондағы тұрмыстық қатты қалдықтардың ластағыш заттарды шығаруын есептеуге мысалдар

Мысал-1

Берілген көрсеткіштер:

1. Полигоннан таңдалып алынған, қалдықтардың сынамаларының сараптамалық қорытындысы:

қалдықтардағы органиканың құрамы, $R=55\%$

органикалық қалдықтардағы майтәріздес заттардың құрамы, $G=2\%$

органикалық қалдықтардағы көмірсутектес заттардың құрамы, $V =83\%$

органикалық қалдықтардағы ақуыз заттарының құрамы, $B=15\%$

қалдықтардың орташа ылғалдылығы, $W=47\%$

2. Биогаздың сынама сараптамаларының қорытындысы:

Компонент	$C_i, \text{мг/м}^3$

Метан	660908
Көміртегі диоксиді	558958
Толуол	9029
Аммиак	6659
Ксилол	5530
Көміртегі оксиді	3148
Азот диоксиді	1392
Формальдегид	1204
Этил бензол	1191
Күкіртті ангидрид с	878
Күкірт сутегі	326

3. Полигон 1990 жылдан бастап (20 жылдан төмен) жұмыс жасайды.

4. Жыл сайын полигонға 208 200 тонна қалдықтар әкелінеді.

Есептеу:

1) (3.2) формула арқылы биогаздың қарқынды бөліну кезеңіндегі қатынасты шығымын анықтаймыз (кг-ға бірден кг қалдықтар)

$$Q_w = 10^{-6} \cdot 55 \cdot (100 - 47) \cdot (0.92 \cdot 2 + 0.62 \cdot 83 + 0.34 \cdot 15) = 0.170236 \text{ кг/кг қалд.}$$

Биогаздың қарқынды бөліну кезеңі (3.4) формула бойынша құрастырылады ($t_{\text{ср.жыл.}}$ = 11.67ҮС; $T_{\text{жыл.}} = 244$ күн)

$$t_{\text{ср.}} = \frac{10248}{244 \times (11.67)^{0.301966}} = 20 \text{ лет}$$

2) Бір тонна қалдықтарының көмілуіне қатынасты, 1 жыл ішіндегі биогаздың шығу көлемін (3.3) формуласымен анықтаймыз.

$$P_{\text{ж}} = \frac{0.170236}{20} \times 10^3 = 8.5118$$

кг/т қалд. жылда

3) (3.5) формуласы бойынша биогаздың тығыздығын анықтаймыз.

Компонент	Ci, мг/м ³
Метан	660908
Көміртегі диоксиді	558958
Толуол	9029
Аммиак	6659
Ксилол	5530
Көміртегі оксиді	3148
Азот диоксиді	1392

Формальдегид	1204
Этил бензол	1191
Күкіртті ангидрид	878
Күкіртті сутегі	326
Барлығы:	1249223

$$\rho_{\text{б.г.}} = 10^{-6} * 1249223 = 1,249 \text{ кг/м}^3$$

4) Биогаздағы компоненттердің салмақтық проценттік құрамын мына формуламен анықтаймыз (3.6) көмірсутек диоксиді нормаға сай емес зат болып табылады, ол әрі қарай қарастырылмайды.

Компонент	Сжыл.і, %
Метан	52,915
Толуол	0,723
Аммиак	0,533
Ксилол	0,443
Көміртегі оксиді	0,252
Азот диоксиді	0,111
Формальдегид	0,096
Этил бензол	0,095
Күкіртті ангидрид	0,070
Күкіртті сутегі	0,026

5) 1 жыл жыл ішінде шығарылатын биогаз компонентінің қатынасты салмағын (3.7) формуласымен анықтаймыз.

Компонент	$\rho_{\text{уд}}$, кг/т жыл ішіндегі қалдық
Метан	4,504019
Толуол	0,061540
Аммиак	0,045368
Ксилол	0,037707
Көміртегі оксиді	0,021450
Азот диоксиді	0,009448
Формальдегид	0,008171
Этил бензол	0,008086
Күкіртті ангидрид	0,005958
Күкіртті сутегі	0,002213

6) Полигонның жұмыс бастамасында әкелінген қалдықтар қарқынды биогаз бөліп шығарады, 1990-2005 жылдар аралығында есептелінеді, одан соңғы 2 жылды алып тастағанда, яғни 14 жылды құрайды. $208 \cdot 200 \cdot 14 = 2914 \cdot 800$ тонна

7) Бір рет жалпылама қарқынды биогаз шығарылуын (3.8 формуласы) құрайды.

$$M_{c \text{ сум.}} = (8,5118 \cdot 2914800) / (86,4 \cdot 244) = 1176,865 \text{ г/с}$$

Соның ішінде (3.9 формуласы) компоненттер бойынша (CO₂ жоқ)

Компонент	M _c , г/с
Метан	622,738
Толуол	8,508
Аммиак	6,273
Ксилол	5,213
Көміртегі оксиді	2,966
Азот диоксиді	1,306
Формальдегид	1,129
Этил бензол	1,118
Күкіртті ангидрид	0,824
Күкіртті сутегі	0,306

8. Полигонның биогаз шығаруының жалпылама қарқының (3.10. формуласы) құрайды:

$$M_{\text{год, сум.}} = 1176,865 \times \left(\frac{5 \times 365 \times 24 \times 3600}{12} + \frac{3 \times 365 \times 24 \times 3600}{12 \times 1,3} \right) \times 10^{-6} = 22601,237 \text{ т/год}$$

(? = 5 ай; ? = 3 ай.)

Сонымен қатар (3.11 формула) компоненті бойынша (CO₂ қоспай):

Компонент	M _{жыл} , т/жылына
Метан	11959,445
Толуол	163,407
Аммиак	120,465
Ксилол	100,123
Көміртегі оксиді	56,955
Азот диоксиді	25,087
Формальдегид	21,697
Этилбензол	21,471
Күкіртті ангидрид	15,821
Күкіртті сутегі	5,876

Мысал-2

Берілген көрсеткіштер:

1. Полигоннан таңдалып алынған, қалдықтардың сынамаларының сараптамалық қорытындысы:

қалдықтардағы органикалық құрамы, R=55%

органикалық қалдықтардағы май тәріздес заттардың құрамы, G=2%
 органикалық қалдықтардағы көмірсутекті заттардың құрамы, V =83%
 органикалық қалдықтардағы ақуыз заттарының құрамы, B=15%
 қалдықтардың орташа ылғалдылығы, W=47%

2.Биогаздың сынама сараптамаларының қорытындысы

Компонент	Ci, мг/м ³
Метан	660908
Көміртегі диоксиді	558958
Толуол	9029
Аммиак	6659
Ксилол	5530
Көміртегі оксиді	3148
Азот диоксиді	1392
Формальдегид	1204
Этил бензол	1191
Күкіртті ангидрид	878
Күкіртті сутегі	326

3. Полигон 1970 жылдан бастап жұмыс жасайды. (30 жылдан астам)

4. Жыл сайын полигонға 20 000 тонна қалдық әкелінеді.

Есептеу:

1) (3.2) формула арқылы биогаздың қарқынды бөліну кезеңіндегі қатынасты шығымын анықтаймыз (кг-ға бірден кг қалдықтар)

$$Q_w = 10^{-6} \cdot 55 \cdot (100 - 47) \cdot (0.92 \cdot 2 + 0.62 \cdot 83 + 0.34 \cdot 15) = 0.170236 \text{ кг/кг қалд.}$$

Биогаздың қарқынды бөліну кезеңі (3.4) формуласы бойынша құрастырылады ($t_{\text{жыл}} = 14.11 \text{ ҮС}$; $T_{\text{жылу}} = 365 \text{ күн}$)

$$t_{\text{ср.}} = \frac{10248}{365 \times (14.11)^{0.301966}} = 13 \text{ лет}$$

Бір тонна қалдықтардың көмілуіне қатысты, 1 жыл ішіндегі биогаздың шығу көлемі (3.3)

$$P_{\text{ж}} = \frac{0.170236}{13} \times 10^3 = 13.09508$$

кг/т отходов в год

3) (3.5) формуласы бойынша биогаздың тығыздығын анықтаймыз.

--	--

Компонент	$C_i, \text{ мг/м}^3$
Метан	660908
Көміртегі диоксиді	558958
Толуол	9029
Аммиак	6659
Ксилол	5530
Көміртегі оксиді	3148
Азот диоксиді	1392
Формальдегид	1204
Этил бензол	1191
Күкіртті ангидрид	878
Күкіртті сутегі	326
Барлығы:	1249223

4) Биогаздағы компоненттердің салмақтық проценттік құрамын (3.6) формуламен анықтаймыз, көмірсутек диоксиді нормаға сай емес зат болып табылады, ол әрі қарай қарастырылмайды.

Компонент	$C_{\text{сал.}i}, \%$
Метан	52,915
Толуол	0,723
Аммиак	0,533
Ксилол	0,443
Көміртегі оксиді	0,252
Азот диоксиді	0,111
Формальдегид	0,096
Этил бензол	0,095
Күкіртті ангидрид	0,070
Күкіртті сутегі	0,026

5) 1 жыл жыл ішінде шығарылатын биогаз компонентінің қатынасты салмағын (3.7) формуласымен анықтаймыз.

Компонент	$q_{\text{уд.}}, \text{ кг/т қалд.жылына}$
Метан	6,929260
Толуол	0,094677
Аммиак	0,069797
Ксилол	0,058011
Көміртегі оксиді	0,033000
Азот диоксиді	0,014536
Формальдегид	0,012571
Этил бензол	0,012440

Күкіртті ангидрид	0,009167
Күкіртті сутегі	0,003405

6) Соңғы 13 жылда полигонға әкелінген қалдықтар, одан соңғы 2 жылды алып тастағанда, 11 жыл қалдықтар биогазды қарқынды түрде бөліп шығарады:

$$20000 \times 11 = 220\,000 \text{ тонна.}$$

7) Бір рет жалпылама қарқынды биогаз шығарылуын (3.8 формуласы) құрайды.

$$M_{\text{сек.сум.}} = \frac{13.09508 \times 220000}{86.4 \times 365} = 91.353 \text{ г/с}$$

Соның ішінде (3.9 формуласы) компоненттер бойынша (CO₂ жоқ)

Компонент	M _с , г/с
Метан	48,339
Толуол	0,660
Аммиак	0,487
Ксилол	0,405
Көміртегі оксиді	0,230
Азот диоксиді	0,101
Формальдегид	0,088
Этил бензол	0,087
Күкіртті ангидрид	0,064
Күкіртті сутегі	0,024

8) Полигонның жалпылама баллдық биогаз шығаруын (3.10 формула) құрайды.

$$M_{\text{год.сум.}} = 91.353 \times \left(\frac{10 \times 365 \times 24 \times 3600}{12} + \frac{2 \times 365 \times 24 \times 3600}{12 \times 1.3} \right) \times 10^{-6} = 2770.112 \text{ т/год}$$

(? = 10 мес; ? = 2 мес.)

Соның ішінде (3.11 формуласы) компоненттер бойынша (CO₂ жоқ)

Компонент	M _{жыл} , т/год
Метан	1465,805
Толуол	20,028
Аммиак	14,764
Ксилол	12,272
Көміртегі оксиді	6,981
Азот диоксиді	3,075
Формальдегид	2,659

Этилбензол	2,631
Күкіртті ангидрид	1,939
Күкіртті сутегі	0,720

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және су
ресурстары Министрінің
2014 жылғы 12 маусымдағы
№ 221-ө бұйрығына
№ 12-қосымша

Кәсіпорындар шығарындыларынан болатын атмосфералық ауадағы зиянды заттардың концентрациясын есептеу әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Әдістеме кәсіпорындарды орналастыру және жобалау кезінде, жұмыс істеп тұрған және жөндеуден өткізіліп жатқан кәсіпорындардың атмосфераға шығарындыларын нормалау, сондай-ақ ауаалғыш құрылғыларды жобалау барысында атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды заттардың концентрациясын есептеу үшін қолданылады

2. Әдістеме жер бетінен екі метрлік қабаттағы атмосфераның жер бетіне жақын бөлігіндегі концентрацияны есептеуге, сондай-ақ концентрацияның вертикаль таралуын анықтауға арналған.

Атмосфералық ауа ластануының қауіптілік дәрежесі жағымсыз метеорологиялық жағдайға, сонымен қатар желдің қауіпті жылдамдығына сәйкес концентрацияның анағұрлым үлкен мәнімен сипатталады. Әдістеме шығарынды көзінен алыс (артық емес) қашықтықтағы концентрацияны есептеуге таратылмайды.

3. Зиянды заттар шығарындыларының көзі жер беті деңгейінің H биіктігіне тәуелділігіне байланысты келесі төрт кластың біріне жатқызылады:

биік көздер, $H > 850$ м;

орташа биіктіктегі көздер, $H = 10 \dots 50$ м;

төмен көздер, $H = 2 \dots$;

жер бетіндегі көздер, $H \leq 2$ м.

Көздердің барлық көрсетілген кластары үшін есептеу формулаларында ұзындық (биіктік) метрмен, уақыт – секундпен, зиянды заттардың массасы – граммен, олардың атмосфералық ауадағы концентрациясы – шаршы метрге миллиграммен, көзден шыға берістегі концентрация – шаршы метрге граммен өрнектелген.

4. Атмосфералық ауада зиянды әсерлері қосылатын бір уақытта бірнеше (n) заттың бірге болуы, бір бағытта әсер ететін көрсетілген заттар тобының зиянды әсерлері үшін

қосынды концентрацияның өлшемсіз q шамасы немесе зиянды әсерлердің қосындысын сипаттауға қабілетті бір ғана заттың n зиянды заттар концентрациясы есептеледі.

Өлшемсіз q концентрациясы келесі формуламен анықталады

$$q = \frac{c_1}{\text{ПДК}_1} + \frac{c_2}{\text{ПДК}_2} + \dots + \frac{c_n}{\text{ПДК}_n},$$

(1.1)

мұндағы c_1, c_2, \dots, c_n ($\text{мг}/\text{м}^3$) – ауданның бірдей нүктелеріндегі атмосфералық ауадағы зиянды заттардың есептелген концентрациялары; $\text{ШРК}_1, \text{ШРК}_2, \dots, \text{ШРК}_n$ ($\text{мг}/\text{м}^3$) – атмосфералық ауадағы зиянды заттардың максимал бір дүркін мәніне сәйкес келетін шектік рауалы концентрациялары.

Келтірілген c концентрациясы келесі формула бойынша есептеледі

$$c = c_1 + c_2 \frac{\text{ПДК}_1}{\text{ПДК}_2} + \dots + c_n \frac{\text{ПДК}_1}{\text{ПДК}_n},$$

(1.2)

мұндағы c_1 – заттың келтірілген концентрациясын анықтайтын концентрация;

ШРК_1 – заттың келтірілген концентрациясын анықтайтын ШРК;

$c_2 \dots c_n$ және $\text{ШРК}_2 \dots \text{ШРК}_n$ – қосынды топқа кіретін заттардың концентрациясы және ШРК.

5. Анағұрлым зиянды заттарға толық немесе жарым-жартылай химиялық түрленетін (трансформацияланатын) зиянды заттардың концентрациясы, бастапқы және түрленуден түзілген зат үшін жеке қарастырылады. Әр зат үшін зиянды заттар көздерінің қуаты бастапқы заттардың анағұрлым уытты күйге өтуінің максимал мүмкіндігімен белгіленеді.

6. 20-30 минуттық аралықта орташа есеппен анықталатын бір дүркін концентрация.

2. Атмосфераның бірдей көздердің пығарындыларымен ластануын есептеу

7. Жеке орналасқан сағасы дөңгелек дара көзден газды әуе қоспалары шыққан жағдайдағы зиянды заттардың жер бетіндегі c_M ($\text{мг}/\text{м}^3$) концентрациясының көзден x_M (м) қашықтықтағы максимал мәні жағымсыз метеорологиялық жағдайда келесі формуламен анықталады:

$$c_m = \frac{AMF_{\text{жж}}}{H^2 \sqrt[3]{V_1 \Delta T}},$$

(2.1)

мұндағы А – атмосфераның температуралық стратификациясына тәуелді коэффициент;

М (г/с) – бірлік уақытта атмосфераға тасталатын зиянды заттардың массасы;

F – атмосфералық ауада зиянды заттардың шөгу жылдамдығы ескерілетін өлшемсіз коэффициент;

m және n – шығарынды көзінің сағасынан газды әуе қоспасының шығу жағдайларын ескеретін коэффициенттер;

H (м) – шығарынды көзінің жер деңгейімен салыстырғандағы биіктігі (жер үстіндегі көздер үшін есептеу кезінде H = деп алу қабылданған);

? - аудан рельефінің әсері ескерілетін өлшемсіз коэффициент, (4 тарау қараңыз), тегіс немесе аздап ойлы-қырлы тікқұламасы бар ауданда әр үшін аспайтын жағдай ескерілген, ? = 1;

?T (°C) – шығарылатын газды әуе қоспасының T_г температурасы мен T_а қоршаған атмосфералық ауа температурасының айырмасы;

V₁ (м³/с) – газды әуе қоспасының шығыны келесі формуламен анықталады:

$$V_1 = \frac{\pi D^2}{4} \omega_0,$$

(2.2)

мұндағы D (м) – шығарынды көзі сағасының диаметрі;

?₀ (м/с) – шығарынды көзінің сағасынан газды әуе қоспаларының орташа шығу жылдамдығы.

8. Зиянды заттардың атмосфералық ауадағы концентрациясы максимал болатын, жағымсыз метеорологиялық жағдайға сәйкес келетін, А коэффициентінің мәнін 200 деп алу қабылданған.

9. Кәсіпорынды жоспарлау кезіндегі шығарынды қуатының мәні М (г/с) және газды әуе қоспасының шығыны жобаның технологиялық бөлігінің есебі бойынша анықталады немесе жұмыс істеп тұрған өндірістің (процестің) нормативтеріне сәйкес қабылданады. Есептеуде кәсіпорынды пайдалану жағдайына сәйкес с_м максимал мәніне жететін нақты бір жылдағы М және V₁ тіркесін ескеру қабылданған.

Ескерту.

1. М мәнін 20-30-минуттық орташалау кезеңіне, соның ішінде шығарындының ұзақтығы 20 минуттан кем болмайтын жағдайға жатқызуға болады.

2. Ереже бойынша концентрацияларды есептеу 58 тармақтың талаптарын қанағаттандыратын шығарындылардағы заттар бойынша жүргізіледі.

10. T (°C) мәнін анықтау кезінде қоршаған атмосфералық ауаның T_a (°C) температурасын жылдың анағұрлым ыстық айындағы ауаның максимал температурасына тең деп, ал атмосфераға шығарылатын газды әуе қоспасының T_r (°C) температурасын - жұмыс істеп тұрған өндірістің технологиялық нормативі бойынша алу керек.

Ескерту.

1. Отын жағылатын график бойынша жұмыс істейтін қазандықтар үшін есептеу кезінде T_a мәніне ең суық айдағы температураның орташа мәнін қабылдауға рұқсат етіледі.

2. T_a бойынша мәліметтер кәсіпорынның орналасқан жері бойынша аумақтық Қазгидромет басқармасынан сұраныспен алынады.

11. F өлшемсіз коэффициентінің мәні :

газ тәрізді зиянды заттар мен ұсақ дисперсті аэрозольдер үшін (шөгу жылдамдығы іс жүзінде ноль деп есептеуге болатын шаңдар, күлдер және т.с.с.) - 1;

ұсақ дисперсті аэрозольдер үшін (11-тармақта көрсетілгендерден басқа) шығарындыларды тазартып пайдаланудың орташа коэффициенті 90 -дан кем болмаса – 2; 75-тен 90 аралығында – 2,5; 75 -дан кем болғанда және тазартылмайтын жағдайда – 3

Ескертулер.

1. Шығарындылардағы аэрозоль бөлшектерінің өлшемдері бойынша таралуы жөніндегі мәліметтерден олардың d_g диаметрлері анықталады, олай болса d_g диаметрінен үлкен барлық бөлшектердің массасы бөлшектердің жалпы массасының 5 - н құрайды, және диаметрі d_g бөлшекке сәйкес шөгу жылдамдығы v_g (м/с). F коэффициентінің мәні өлшемсіз v_g/u_m қатынасына тәуелді анықталады, мұндағы u_m – желдің қауіпті жылдамдығы (15 тармағын қараңыз). Бұл кезде $F = 1$ болғанда, $v_g/u_m > 0,015$ және $F = 1,5$ болғанда, $0,015 < v_g/u_m < 0,030$ болады. v_g/u_m қатынасының басқа мәндері үшін F коэффициенті 11-тармаққа сәйкес белгіленеді.

2. Атмосфераға шығатын шығарындыларының құрамындағы су буы жыл бойы оның қарқынды конденсациясы, сондай-ақ ылғалды шаң бөлшектерінің (мысалы, сазды жерді ылғалды әдіспен өңдегенде) коагуляциясы жүруіне жеткілікті өндіріс үшін атмосфералық ауадағы шаңның концентрациясын есептегенде тазарту тиімділігіне тәуелсіз F коэффициентінің мәні 3-ке тең деп алынады.

12. Коэффициенттер m және n мәндері f , v_M ,
 v'_M

және f_e параметрлеріне тәуелді анықталады.

$$f = 1000 \frac{\omega_0^2 D}{H^2 \Delta T};$$

(2.3)

$$v_M = 0,65 \sqrt[3]{\frac{V_1 \Delta T}{H}};$$

(2.4)

$$v'_M = 1,3 \frac{\omega_0 D}{H};$$

(2.5)

$$f_e = 800 (v'_M)^3.$$

(2.6)

n коэффициенті осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 1-сурет бойынша f -ке тәуелді немесе төмендегі формулалармен анықталады:

$$m = \frac{1}{0,67 + 0,1\sqrt{f} + 0,34 \sqrt[3]{f}} \quad \text{при } f < 100;$$

(2.7a)

$$m = \frac{1,47}{\sqrt[3]{f}} \quad \text{при } f \geq 100.$$

(2.7б)

m коэффициентінің $f_e < f < 100$ үшін мәні $f = f_e$ болғанда есептеледі.

n коэффициенті $f < 100$ болғанда, осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 2-сурет бойынша v_M мәніне тәуелді немесе төмендегі формуламен анықталады

$v_M \geq 2$ болғанда, $n = 1$ болады; (2.8а)

$$n = 0,532 v_M^2 - 2,13 v_M + 3,13 \quad \text{при } 0,5 \leq v_M < 2;$$

(2.8б)

$v_M < 0,5$ болғанда, $n = 4,4 v_M$ болады (2.8в).

$f \geq 100$ немесе $T \geq 0$ болғанда, n коэффициенті 13-тармақ бойынша есептеледі.

13. $f \geq 100$ үшін (немесе $T \geq 0$) және $v_M \geq 0,5$ (суық шығарындылар) c_M есептеген кезде (2.1) формуласының орнына төмендегі формула қолданылады

$$c_M = \frac{A M F n \eta}{H^{4\beta}} K,$$

(2.9)

мұндағы

$$K = \frac{D}{8V_1} = \frac{1}{7,1 \sqrt{\omega_0 V_1}},$$

(2.10)

$$v_M = v_M'$$

болғанда, n (2.8а) - (2.8в) формулалары бойынша анықталады.

Сәйкесінше $f < 100$ және $v_M < 0,5$ немесе $f \geq 100$ және

$$v_M' < 0,5$$

болғанда (жел жылдамдығының қауіпі төмен болған шектік жағдайда) c_M мәнін есептеу (2.1) формуласының орнына төменде келтірілген формуламен жүргізіледі

$$c_M = \frac{A M F m' \eta}{H^{7\beta}},$$

(2.11)

мұндағы

$$m' = 2,86 m \quad \text{при } f < 100, v_M < 0,5;$$

(2.12a)

$$m' = 0,9 \text{ при } f \geq 100, v'_m < 0,5.$$

(2.12б)

Ескерту.

(2.9), (2.11) формулалары (2.1) жалпы формуласының дербес жағдайы болып табылады.

14. Жағымсыз метеорологиялық жағдайларда көзден x_m (м) қашықтықтағы жер бетіндегі c (мг/м³) концентрациясы c_m максимал мәніне жетеді және келесі формула бойынша анықталады

$$x_m = \frac{5-F}{4} d H,$$

(2.13)

мұндағы d өлшемсіз коэффициенті $f < 100$ болғанда төмендегі формула бойынша анықталады:

$$d = 2,48 \left(1 + 0,28 \sqrt[3]{f} \right) \text{ при } v_m \leq 0,5;$$

(2.14a)

$$d = 4,95 v_m \left(1 + 0,28 \sqrt[3]{f} \right) \text{ при } 0,5 < v_m \leq 2;$$

(2.14б)

$$d = 7 \sqrt{v_m} \left(1 + 0,28 \sqrt[3]{f} \right) \text{ при } v_m > 2.$$

(2.14в)

$f > 100$ немесе $f \leq 0$ болғанда, d мәні келесі формулалармен анықталады:

$$d = 5,7 \text{ при } v'_m \leq 0,5;$$

(2.15a)

$$d = 11,4 v'_m \text{ при } 0,5 < v'_m \leq 2;$$

(2.15б)

$$d = 16 \sqrt{v'_M} \text{ при } v'_M > 2.$$

(2.15в)

15. Зиянды заттардың жер бетіне жақын бөліктегі c_M концентрациясы үлкен мәніне жететін желбағар (флюгер) деңгейіндегі u_M (м/с) қауіпті жылдамдықтың мәні (әдетте жер бетінен биіктікте) $f < 100$ болған жағдайда келесі формулалармен анықталады:

$$u_M = 0,5 \text{ при } v_M \leq 0,5;$$

(2.16а)

$$u_M = v_M \text{ при } 0,5 < v_M \leq 2;$$

(2.16б)

$$u_M = v_M (1 + 0,12 \sqrt{f}) \text{ при } v_M > 2.$$

(2.16в)

$f > 100$ немесе $T > 0$ болғанда, u_M мәні келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$u_M = 0,5 \text{ при } v'_M \leq 0,5;$$

(2.17а)

$$u_M = v'_M \text{ при } 0,5 < v'_M \leq 2;$$

(2.17б)

$$u_M = 2,2 v'_M \text{ при } v'_M > 2.$$

(2.17в)

16. Зиянды заттардың жер бетіндегі c_{MI} (мг/м³) концентрациясының максимал мәні жағымсыз метеорологиялық жағдайда және u (м/с) жел жылдамдығында келесі формуламен анықталады

$$c_{MЖ} = r c_M, \quad (2.18)$$

мұндағы r – осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 3-сурет бойынша немесе төмендегі формуламен u/u_m қатынасына тәуелді анықталатын өлшемсіз шама:

$$r = 0,67(u/u_m) + 1,67(u/u_m)^2 - 1,34(u/u_m)^3 \quad \text{при } u/u_m \leq 1;$$

(2.19a)

$$r = \frac{3(u/u_m)}{2(u/u_m)^2 - (u/u_m) + 2} \quad \text{при } u/u_m > 1.$$

(2.19б)

Ескерту.

Есептеу жүргізілген кезде жел жылдамдығының $u < 0,5$ м/с, сондай-ақ $u > u^*$, мәндері қолданылмайды, мұндағы u^* - ауданда орта есеппен көп жылдар бойы жел жылдамдығының мәні 5 -ға жоғарылаған жағдайлар алынады. Бұл мән кәсіпорын орналасқан аумақтағы Қазгидромет бөлімшесінен сұралады немесе климаттық анықтамалық бойынша алынады.

17. Желдің u жылдамдығында және жағымсыз метеорологиялық жағдайдағы шығарынды көзінен $x_{ми}$ (м) қашықтықтағы зиянды заттардың жер бетіндегі концентрациясы $c_{ми}$ (мг/м³) максимал мәнге жетеді және келесі формуламен анықталады:

$$x_{ми} = p x_m, \quad (2.20)$$

мұндағы p – осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 3-сурет бойынша u/u_m қатынасына тәуелді және төмендегі формуламен анықталатын өлшемсіз шама:

$$p = 3 \quad \text{при } u/u_m \leq 0,25;$$

(2.21a)

$$p = 8,43(1 - u/u_m)^3 + 1 \quad \text{при } 0,25 < u/u_m \leq 1;$$

(2.21б)

$$p = 0,32u/u_m + 0,68 \quad \text{при } u/u_m > 1.$$

(2.21 в)

18. Желдің u_M қауіпті жылдамдығында шығарынды көзінен шығарынды алауының осі бойымен әр түрлі x (м) қашықтықтағы атмосфераның жер бетіне жақын бөлігіндегі зиянды заттардың концентрациясы c (мг/м³) келесі формуламен анықталады:

$$c = s_1 c_M, \quad (2.22)$$

мұндағы s_1 - осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 4-сурет бойынша немесе төмендегі формуламен x/x_M қатынасына және F коэффициентіне тәуелді анықталатын өлшемсіз коэффициент:

$$s_1 = 3(x/x_M)^4 - 8(x/x_M)^3 + 6(x/x_M)^2 \quad \text{при } x/x_M \leq 1;$$

(2.23а)

$$s_1 = \frac{1,13}{0,13(x/x_M)^2 + 1} \quad \text{при } 1 < x/x_M \leq 8;$$

(2.23б)

$$s_1 = \frac{x/x_M}{3,58(x/x_M)^2 - 35,2(x/x_M) + 120} \quad \text{при } F \leq 1,5 \text{ и } x/x_M > 8;$$

(2.23в)

$$s_1 = \frac{1}{0,1(x/x_M)^2 + 2,47(x/x_M) - 17,8} \quad \text{при } F > 1,5 \text{ и } x/x_M > 8.$$

(2.23г)

Төменгі және жер бетіне жақын көздер (H биіктігі артық емес) үшін $x/x_M < 1$ болғанда, (2.22) формуласындағы s_1 шамасы, осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 5-сурет немесе төмендегі формула бойынша анықталатын, x/x_M қатынасына және

s_1^*

, шамасына алмастырылады.

$$s_1^* = 0,125(10 - H) + 0,125(H - 2) s_1 \quad \text{при } 2 \leq H < 10.$$

(2.24)

Ескерту.

Зиянды заттар концентрацияларының мәні әр түрлі қашықтықтардағы алау осінің бойымен желдің әр түрлі u жылдамдықтарында және жағымсыз метеорологиялық жағдайлары үшін ұқсас анықталады. (2.18), (2.20) формулаларымен $c_{ми}$ және $x_{ми}$ шамаларының мәндері анықталады. $x/x_{ми}$ қатынасына тәуелді s_1 мәні осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 4-сурет бойынша немесе (2.23), (2.24) формулаларымен анықталады. Зиянды заттардың ізделінді мәні $c_{ми}$ шамасын s_1 мәніне көбейту арқылы табылады.

19. Атмосфераның жер бетіне жақын бөлігіндегі зиянды заттардың y (м) қашықтықтағы шығарынды алауы осіне перпендикуляр ось бойымен таралатын c_y (мг/м³) концентрациясының мәні келесі формула арқылы анықталады

$$c_y = s_2 c. (2.25)$$

мұндағы $s_2 - t_y$ аргументінің мәні бойынша y/x қатынасы және u (м/с) жел жылдамдығына тәуелді анықталатын өлшемсіз шама:

$$t_y = \frac{u y^2}{x^2} \text{ при } u \leq 5 ;$$

(2.26a)

$$t_y = \frac{5 y^2}{x^2} \text{ при } u > 5 .$$

(2.26б)

Осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 5-сурет немесе төмендегі формула бойынша:

$$s_2 = \frac{1}{(1 + 5t_y + 12,8t_y^2 + 17t_y^3 + 45,1t_y^4)^2} ,$$

(2.27)

20. Алау осінен желдің u_M жылдамдығы кезінде шығарынды көзінен x қашықтыққа жететін c максимал концентрация келесі формуламен анықталады

$$c_{max} = s_1' c_M ,$$

(2.28)

мұндағы

s_1'

өлшемсіз шамасы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 6-сурет бойынша x/x_M қатынасына тәуелді немесе төмендегі формула бойынша анықталады:

$$s_1 = 3(x/x_M)^4 - 8(x/x_M)^3 + 6(x/x_M)^2 \quad \text{при } x/x_M \leq 1;$$

(2.29a)

$$s_1' = \frac{1,1}{0,1(x/x_M)^2 + 1} \quad \text{при } 1 < x/x_M \leq 8;$$

(2.29б)

$$s_1 = \frac{2,55}{0,13\left(\frac{x}{x_M}\right)^2 + 1} \quad \text{при } 8 < \frac{x}{x_M} \leq 24;$$

(2.29в)

$$s_1' = \frac{x/x_M}{4,75\left(\frac{x}{x_M}\right)^2 - 140\frac{x}{x_M} + 1435} \quad \text{при } 24 < \frac{x}{x_M} \leq 80; \quad F \leq 1,5;$$

(2.29г)

$$s_1' = \frac{2,26}{0,1\left(\frac{x}{x_M}\right)^2 + 7,41\frac{x}{x_M} - 160} \quad \text{при } 24 < \frac{x}{x_M} < 80; \quad F > 1,5;$$

(2.29д)

$$s_1' = \frac{x/x_M}{3,58\left(\frac{x}{x_M}\right)^2 - 35,2\frac{x}{x_M} + 120} \quad \text{при } \frac{x}{x_M} > 80; \quad F \leq 1,5;$$

(2.29е)

$$s_1' = \frac{1}{0,1 \left(\frac{x}{x_M} \right)^2 + 2,47 \frac{x}{x_M} - 178} \quad \text{при } \frac{x}{x_M} > 80; \quad F > 1,5.$$

(2.29ж)

Бұл кезде желдің u_{MX} жылдамдығы келесі формуламен анықталады

$$u_{MX} = f_1 u_M, \quad (2.30)$$

мұндағы f_1 осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 7-сурет бойынша x/x_M қатынасына тәуелді немесе төмендегі формуламен анықталатын өлшемсіз шама:

$$x/x_M \geq 1 \text{ болғанда, } f_1 = 1 \text{ болады; } (2.31a)$$

$$f_1 = \frac{0,75 + 0,25 x/x_M}{1 + (x/9 x_M)^3} \quad \text{при } 1 < x/x_M \leq 8;$$

(2.31б)

$$8 < x/x_M < 80 \text{ болғанда, } f_1 = 0,25 \text{ болады; } (2.31в)$$

$$x/x_M \geq 80 \text{ болғанда, } f_1 = 1,0 \text{ болады. } (2.31г)$$

Ескерту.

Егер (2.30) формуламен есептелген желдің жылдамдығы $u_{MX} < 0,5$ м/с немесе $u_{MX} > u^*$ болса (16-тармақты қараңыз), онда c_{MX} шамасы желдің үш жылдамдығымен: 0,5 м/с, u_M , u^* есептелген x қашықтықтағы концентрацияның максимал мәні ретінде анықталады; желдің сәйкес c_{MX} жылдамдығы u_{MX} ретінде қабылданады.

21. Астына төселген беттен әр түрлі z (м) биіктіктердегі c_z (мг/м³) концентрацияның таралу есебі $x < x_{Mu}$ болғанда, келесі формуламен жүргізіледі

$$c_z = \gamma c_M s_z s_2 \quad (2.32)$$

c_M , γ және s_2 мәндері 7, 13, 16 және 19- тармақтары бойынша анықталады, ал s_z коэффициенті осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 8-сурет бойынша b_1 және b_2 параметрлеріне тәуелді немесе төмендегі формула бойынша анықталады:

$$s_z = s_1(b_1) \left[\frac{1 + 0,1(b_2 - 1)^2}{b_1^3 + 0,1(b_2 - 1)^2} \right] \left[1 + \frac{(b_2 + 0,2)(b_1^3 - 1)}{b_2 + (b_2 + 0,2)(1 + 0,1(b_2 - 1)^2)} \right]$$

при $b_1 \leq 1$;

(2.33a)

$$s_x = s_1(b_1) \text{ при } b_1 > 1.$$

(2.33б)

Мұндағы

$$b_1 = x/x_{\text{му}}; (2.34)$$

$$b_2 = \frac{z}{(1 + 5d_2) H};$$

(2.35)

$$d_2 = 0,06 v_m \sqrt[3]{f/u} + 0,0034 (v_m/u)^3 \text{ при } f < 100;$$

(2.36а)

$$d_1 = 0,28 v'_m/u + 0,034 (v'_m/u)^3 \text{ при } f \geq 100.$$

(2.36б)

$f_e < f < 100$ болғанда, d_2 коэффициенті (2.36а) формуласы бойынша есептеледі, $f = f_e$; $v_m < 0,5$ немесе $v'_m < 0,5$

болғанда, (2.36а) және (2.36б) сәйкес, $v_m = 0,5$ немесе $v'_m = 0,5$

болады.

z биікте концентрация максимал болатын, желбағар деңгейіндегі желдің u_{MZ} (м/с) қауіпті жылдамдығы келесі формуламен анықталады

$$u_{\text{MZ}} = l_1 u_m (2.37)$$

l_1 коэффициенті осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 9-сурет бойынша x/x_m қатынасына тәуелді анықталады.

22. Сағасы тік бұрышты көзден (шахталар) шыққан газды әуе қоспасының атмосфераны ластауының есебі Q_0 орташа жылдамдықта және $D = D_0$ (м) және $V_1 = V_0$ (м³/с) мәндерінде жоғарыда келтірілген формула бойынша анықталады.

Атмосфераға газды әуе қоспасының орташа шығу жылдамдығы v_0 (м/с) келесі формуламен анықталады

$$v_0 = \frac{V_1}{Lb}$$

(2.38)

мұндағы L (м) – сағаның ұзындығы; b (м) – сағаның ені.

Сағаның тиімді диаметрі D_0 (м) келесі формуламен анықталады

$$D_0 = \frac{2Lb}{L+b}$$

(2.39)

Атмосфераға бірлік уақытта шығарылатын газды әуе қоспасының тиімді шығыны V_{10} (м³/с) төмендегі формула бойынша анықталады

$$V_{10} = \frac{\pi D_0^2}{4} v_0$$

(2.40)

Ескерту.

Сағасы квадрат ($L=b$) болып келетін көздер үшін D_T тиімді диаметр квадрат жақтарының ұзындығына тең болады. Басқа жағдайларда зиянды заттардың шашырауын есептеу сағасы дөңгелек көздердің шығарындыларын есептегендегідей жүргізіледі.

23. Жер бетіне жақын орналасқан деңгейдегі максимал c_M концентрацияға сәйкес, сондай-ақ шығарындылардың басқа да параметрлерін ескеріп, шығарындының M қуатын және H биіктігін анықтау бойынша кері есептерді¹ шешу төмендегідей орындалады.

Максимал c_M (мг/м³) концентрациясының мәніне сәйкес шығарындының M (г/с) қуаты келесі формуламен анықталады

$$M = \frac{c_M H^2}{A F m n \eta} \sqrt[3]{v_1 \Delta T}$$

(2.41)

$\tau > 100$ немесе $\tau > 0$ болғанда,

$$M = \frac{c_m H^{4\beta} 8V_1}{AF n \eta D}.$$

(2.42)

Белгілі c_m мәніне сәйкес көздің H биіктігі $\tau > 0$ болған жағдайда келесі формуламен анықталады

$$H = \left(\frac{AMFD\eta}{8V_1 c_m} \right)^{3/4}.$$

(2.43)

Егер (2.43) формуласымен есептелген H мәніне $v_m^f < 2$

м/с сәйкес келсе, онда H төмендегі формула бойынша тізбекті жақындау әдісі көмегімен нақтыланады

$$H_{i+1} = H_i \left(\frac{n_i}{n_{i-1}} \right)^{3/4},$$

(2.44)

мұндағы n_i және n_{i-1} – n коэффициентінің, H_i және H_{i-1} мәндеріне ($i=1$ болғанда, (2.44) формуласында $n_0=1$ деп қабылданады, ал сәйкес H_i мәні (2.43) формуласымен анықталады) сәйкес алынған, осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 2-сурет немесе (2.8) формулаларымен анықталатын мәні.

¹ 7-22 тармақтарының формулалары көздің белгілі параметрлері бойынша тура есептерді шешу арқылы концентрацияның мәнін есептеуге арналған.

(2.43), (2.44) формулалары $\tau > 0$ болғанда, H мәнін анықтауға арналған.

Егер қойылған

$$H \leq \omega_0 \sqrt{\frac{10D}{\Delta T}},$$

шарты орындалатын болса, онда табылған H нүктелік болғаны. Егер

$$H > \omega_0 \sqrt{\frac{10D}{\Delta T}},$$

болса, онда H биіктігінің мәнін алдын ала табу үшін келесі формула пайдаланылады

$$H = \sqrt{\frac{AMF\eta}{c_m \sqrt[3]{V_1 \Delta T}}}$$

(2.45)

H -тың табылған мәндері бойынша (2.3)-(2.6) формулалары негізінде f , v_M ,
 v_M'

және f_c мәндері анықталады және бірінші жақындауда m және n коэффициенттерінің көбейтіндісі белгілі болады. Әрі қарай H мәнін нақтылау үшін келесі формуламен тағы есептеледі

$$H_{i+1} = H_i \sqrt{\frac{m_i n_i}{m_{i-1} n_{i-1}}}$$

(2.46)

мұндағы t_i , n_i H_i -ге, ал t_{i-1} , n_{i-1} - H_{i-1} сәйкес келеді ($i = 1$ болғанда, $m_0 = n_0 = 1$ болады, ал H_0 (2.45) формуласымен анықталады).

Ескерту.

1. H мәнін (2.44) және (2.46) формулаларымен нақтылау тізбектей табылған H -тың екі мәнінің (H_i және H_{i+1}) бір-бірінен айырмашылығы кемінде болғанша жүргізіледі.

2. Бір мезгілде аудандар мен құрылыстардың әсерін ескеру қажет болған жағдайда (2.41)-(2.43) және (2.45) формулаларындағы ? шамасы ретінде, 4 тарау және осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес анықталған, рельеф пен құрылыстағы максимал концентрацияға жасалған түзетулердің көбейтіндісі алынады.

24. Құбыр сағасының белгілі биіктігі мен диаметріне сәйкес c_M үшін, отын жағумен байланысты атмосфераға таралатын шығарындылардың отын шығыны P (т/сағ) келесі формуламен анықталады

$$P = 3,6 H^3 \sqrt{\left(\frac{c_m}{d_3 A F m n \eta}\right)^3 d_4 \Delta T}$$

(2.47)

мұндағы d_3 (г/кг) – отынның бірлік массасына келетін (қажет болған жағдайда газ бен шаң тазартқыштарды ескеріп) атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың мөлшері; d_4 (м³/кг) – отынның бірлік массасынан бөлінетін газды әуе қоспасының шығыны.

25. Әрбір көз үшін әсер ету зонасының радиусы көздерден кемінде x_1 және x_2 , мұндағы $x_1=10 x_m$, ал x_2 шамасы $c \geq 0,05$ ШРК-дан басталатын екі қашықтықтан есептеледі.

Ескерту.

x_2 мәні қолмен есептегенде осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 12 а, б суреттері көмегімен график арқылы табылады. Тік оське, көкжиекке параллель жүргізілетін сызықты максимумнан соң s_1 функциясының графигі қиып өткенше, $0,05$ ШРК/ c_m нүктелері салынады. Қиылысу нүктесінен көлденең оське перпендикуляр түсіріледі, алынған x/x_m мәні x_2 көбейтіледі, нәтижесінде ізделінді мән табылады. $c_m \geq 0,05$ ШРК болғанда, x_2 мәні нольге тең деп есептеледі.

26. Қондырғы толық жүктелгенде көз сағасындағы \bar{c}_m

(г/м³) орташа концентрация

$$\bar{c}_m = \frac{M}{V_1},$$

(2.48)

тең болады және келесі формуламен анықталады:

$$\bar{c}_m = \frac{c_m H^2}{A F m n \eta} \sqrt[3]{\frac{\Delta T}{V_1^2}} \quad \text{при } f < 100,$$

(2.49а)

$$\bar{c}_m = \frac{8 c_m H^{4\beta}}{A F n D \eta} \quad \text{при } f \geq 100 \text{ или } \Delta T \approx 0,$$

(2.49б)

мұндағы c_m (мг/м³) -

\bar{c}_M

сәйкес келетін атмосфераның жер бетіне жақын бөлігіндегі максимал концентрациясы.

3. Сызықтық көздер шығарындыларынан атмосфераның ластануын есептеу

27. Ұзындығы L сызықтық көзден шығарындылардың таралуын есептеу кезінде зиянды қоспалардың c_M ең үлкен концентрациясы көздің маңайында оның орталығынан жер бетіне түсірілген проекциясынан x_M қашықтықта байқалады. Аэрациялық шамды (фонарьды) (осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 10-сурет) сызықтық көз ретінде қарастырғанда c_M (мг/м³) және x_M (м) ара қашықтықтарының мәндері төмендегі формулалармен анықталады:

$$c_M = \varepsilon_3 c_M^f ;$$

(3.1)

$$x_M = \frac{L}{2} + \varepsilon_4 x_M^f .$$

(3.2)

Мұндағы

 c_M^f

және

 x_M^f

мәндері, сондай-ақ оларға сәйкес

 u_M^f

мәні, қуаты M , диаметрі D_T және шығарылатын газды әуе қоспасының V_{1T} шығыны бірдей болатын дара көздер үшін, c_M максимал концентрацияға, x_M қашықтыққа және желдің u_M қауіпті жылдамдығына тең деп қабылданады. Бұл жағдайда шам (фонарь) сағасының тиімді диаметрі D_T (м) келесі формуламен анықталады

$$D_T = \frac{2LV_1}{L^2 \omega_0 + V_1} ,$$

(3.3)

Мұндағы V_1 ($\text{м}^3/\text{с}$) – шамнан (фонарьдан) бірлік уақытта шығарылатын газды әуе қоспасының шығыны, v_0 ($\text{м}/\text{с}$) – шамнан (фонарьдан) газды әуе қоспасының орташа шығу жылдамдығы. V_{1T} шығыны табылған D_T мәні бойынша және (2.40) формуласымен анықталады.

Шығарынды көзінің H (м) биіктігі ретінде шамның (фонарьдың) желді қайтаратын қалқаны кромкасының жерден немесе шамның (фонарьдың) жел қайтаратын қалқаны болмаған кезіндегі жоғарғы кромка деңгейінен биіктігі алынады. Аэрациялық шамнан (фонарьдан) газды әуе қоспасының атмосфераға шығуының орташа жылдамдығы эксперименттік жолмен немесе аэрацияны есептеу бойынша анықталады. Атмосфераға бірлік уақытта шығарылатын зиянды заттардың массасы M ($\text{г}/\text{с}$) осы фонарьдан шыққан шығарындылардың қосындысы арқылы анықталады. v_T (ҮС) шамасы шығарындылардың дара көздері үшін қалай алынса, дәл солай қабылданады.

(3.1) және (3.2) формулаларындағы өлшемсіз коэффициенттер s_3 және s_4 осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 11-сурет бойынша

$$L/x'_m$$

қатынасына тәуелді немесе төмендегі формулалармен анықталады:

$$s_3 = \frac{1 + 0,45 L/x'_m}{1 + 0,45 L/x'_m + 0,1(L/x'_m)^2};$$

(3.4)

$$s_4 = \frac{1}{1 + 0,6 L/x'_m};$$

(3.5)

Желдің u_m қауіпті жылдамдығы анықталатын формула төменде келтірілген

$$u_m = u'_m,$$

(3.6)

28. Желді күндері фонарьға көлденең немесе тік бағытталған аэрациялық фонарьдың орталығынан x қашықтықтағы зиянды заттардың c концентрациясының таралуы осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес формулалармен есептеледі.

29. Аэрациялық фонарь тәрізді сызықтық көз желдің еркін бағытында шартты түрде бір-бірінен өзара бірдей қашықтықта орналасқан N көздер тобы ретінде қарастырылады. Әрбір жеке көз үшін зиянды қоспалардың c_M максимал концентрациясының мәндері және оған сәйкес x_M қашықтық пен u_M қауіпті жылдамдық келесі түрде анықталады

$$c_M = \frac{c_M^f}{N},$$

(3.7)

$$x_M = x_M^f,$$

$$u_M = u_M^f.$$

(3.8)

Ескерту.

Тараудағы формулалармен концентрацияны есептеу өндірістік ғимараттан

$$x_M^f$$

үлкен қашықтықтар үшін жүргізіледі.

$$x_M^f$$

аз қашықтықта фонарь орналасқан ғимараттың әсерін ескеру осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес формулаларға сәйкес анықталады.

30. Есептеу барысында аэрациялық фонарьдың бірдей қашықтыққа орналастырылған бірдей N көздерінің саны келесі формуламен анықталады (ең жақын үлкен толық санды дөңгелектеумен)

$$N = \frac{5L\sqrt{u}}{x},$$

(3.9)

мұндағы x (м) – аэрациялық фонарь орналасқан ауданнан есептеу жүргізілетін нүктеге дейінгі ең кіші қашықтық, u – желдің есептеу арқылы табылған жылдамдығы.

Ескерту.

1. Аэрациялық фонарьдың өлшемі үлкен L артқан сайын N артады, бірақ, ереже бойынша, N санын 10-нан асырмаған дұрыс.

2. Желдің, u_M мәніне тең болмайтын, u жылдамдығы үшін атмосфераның ластануын есептеу кезінде әрбір дара көз үшін зиянды заттардың $c_{ми}$ (мг/м³) максимал концентрациясының мәні төмендегідей анықталады

$$c_{ми} = \frac{r c_M^f}{N},$$

(3.10)

және оған сәйкес $x_{ми}$ (м) қашықтық келесі түрде есептеледі

$$x_{ми} = p x_M^f.$$

(3.11)

Мұндағы r және p - u/u_M қатынасының мәні бойынша 16 және 17 тармақтарға сәйкес анықталатын өлшемсіз шамалар.

31. Биіктіктері өзара шамалас бірдей көздердің жиынтығын аппроксимациялайтын сызықтық көздерден таралатын жер бетіне жақын бөліктегі концентрацияны есептеулер аэрациялық фонарь үшін пайдаланылған формулалармен жүргізіледі, бірақ

$$c_M^f,$$

$$x_M^f,$$

және

$$u_M^f$$

қосымша шамаларды есептегенде D_9 және V_{19} орнына дара көздерге тән D және V_1 орташа мәндері қолданылады.

32. Жылдамдығы сызықтық көзге перпендикуляр немесе еркін бағыттағы жел кезіндегі есептеулер сызықтық көзді өзара тең қашықтықтарда орналасқан бірдей нүктелік көздер жиынтығымен алмастыруға негізделіп орындалады.

Сызықтық көз маңайында жел болған кезде c_M максимал концентрация, x_M ара қашықтық және желдің u_M қауіпті жылдамдығы (3.4), (3.5) формулаларын немесе осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 11-суретті қолдану арқылы (3.1), (3.2) және (3.6) формулалары бойынша анықталады. Желдің u_M жылдамдығында сызықтық көздің орталығынан x ара қашықтықтағы алау осінің маңайындағы c концентрациясы (1) формула бойынша анықталады, осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес.

Ескерту.

Егер (3.9) формуласымен анықталатын есептеу нүктесіне $N > 10$ мәні сәйкес келсе, онда сызықтық көз өлшемі жағынан кіші бірнеше сызықтық көздердің қосындысы түрінде алынады, сонан соң сызықтық көз учаскесін $N > 10$ үшін бөліп қарастырады. Қалған сызықтық көздер арақышықтықтары

$$2 x'_{ж}$$

аспайтындай өзара бірдей қашықтықтарда орналасқан нүктелік көздерге бөлінеді.

